أُصُولُ الإِيمَانِ

ИМАН НЕГІЗДЕРІ

Иман негіздері

Редакторлық-баспалық
көркемдеуі баспадан

Екінші басылым

2022 ж.

Иман негіздері / «Даура» редакциясы, екінші басылым. Редакциялық-баспалық көркемдеуі баспадан, Зайнуллин Р.Ф. редакциялады, Москва: 2022. — 128 б.

Кітап ислами наным-сенім негіздерінің ең қажетті шағын мөлшері мен олардың әрбірінің түсіндірмесін қамтыған.

Мұсылмандық наным-сенім ғылымына қызығатын кең оқырман ортасына арналған, әсіресе мешіттер мен медреселердегі Ислам негіздері бойынша кешкі курстарға оқу құралы ретінде ұсынылады.

هذه ترجمة إلى اللغة الكازاخستانية لرسالة في أسس العقيدة للشيخ محمد بن عودة السعوي فهي في الأصل ثمرة جهد مبارك قام به مشايخ فضلاء من أساتذة الجامعات كانت الوزارة قد عهدت إليهم بإعداد مناهج في مواد العلم الشرعي لمعهد الأئمة والخطباء

الناشر: وزارة الشئون الإسلامية والأوقاف والدعوة والإرشاد بالمملكة العربية السعودية، الطبعة الأولى في ١٤٢٥هـ

© Даура, 2022

Email: *daura.publishing@gmail.com*

Кіріспе

Дін — бұл Аллаһқа құлшылық ету ережелерінің жиынтығы

Жаратушы, Жоқтан бар етуші, Білуші, Дана Аллаһ Тағала Өзінің бүкіл нәрсені қамтитын білімімен, Өзінің даналығымен әрі Өзінің шексіз құдіретімен бұл ұлы Болмысты бостан босқа және ермек пен ойын-сауық үшін емес, алайда Өзінің құдайлық жоспарын жүзеге асыру үшін жаратып, ондағы тәртіпті орнатты.

Аллаһ Тағала былай деді:

«**Көктерді де, жерді де әрі екі арасындағы нәрселерді де ермек үшін жаратпадық. Ол екеуін Біз тек ақиқат үшін жараттық. Бірақ олардың көбі білмейді**» («әд-Духан» сүресі, 38-39–аяттар).

Ол жындар мен адамдарды жаратты, әрі олардың жаратылуының ұлы даналығы туралы былай деп хабарлады:

«**Мен жын мен адамзатты тек Өзіме құлшылық етулері үшін ғана жараттым. Олардан бір несібе тілемеймін, әрі**

олардың Мені тамақтандыруларын да қаламаймын. Расында, Аллаһ — Өзі Ризықтандырушы. Ол Аса Құдіретті, Өте күшті» («аз-Зәрият» сүресі, 56-58-аяттар).

«**Әй адамдар! Сендерді де, сендерден бұрынғыларды да жаратқан Раббыларыңа құлшылық қылыңдар. Әрине, сақтанған боларсыңдар. Ол Аллаһ сендерге жерді төсек, аспанды төбе етіп жаратты, әрі көктен жаңбыр жаудырып, сол арқылы сендер үшін әртүрлі өсімдіктен ризық шығарды. Сондықтан, біле тұра Аллаһқа ешкімді теңестірмеңдер**» («әл-Бақара» сүресі, 21-22-аяттар).

Раббымыз Аллаһ адам баласына әлемдердің жаратылуының шынайы мәнін, яғни бүкіл болмыстың жалғыз Жаратушысы Аллаһтың бар екенін әрі адам Оның жаратылысы екеніндігі туралы ақиқатты түсінуді жеңілдетіп әрі осыған көмектесіп, оны ұлы игілікке бөледі. Яғни адамзаттың жаратылуының мақсаты — адамның жалғыз Аллаһқа ғана құлшылық етуі екендігінің ақиқатын. Бұл Аллаһ Тағала әрбір адамға парыз еткен нәрсе болып табылады, сондықтан да әрбір адам өз қалауынан еріксіз түрде Аллаһтың құлы болып табылады. Әрі Аллаһтың бұл жеңілдігі мен көмегі өзіне келесі нәрселерді қамтиды:

1. Аллаһ адамды оның бойына тума дарытылған, сол арқылы адам Оған ғана құлшылық етуі, яғни Оның әмірлерін орындауы арқылы бағынуы керек болған Жалғыз Құдай ғана бар екенін сезетін болмыспен (*фитрамен*) жаратты. Әрі егер ол басқа адамдардың ықпалында болмағанда, онда міндетті түрде өзінің бойына салынған осы болмыстық сипатқа ілесер еді. Алайда адамның әлдебір кемістігі, немесе қандай да бір адамдарға еліктеуі оны осыдан ауытқызып жібереді.

Аллаһ Тағала былай деді:

«**Ханиф (бірқұдайшыл болған) күйде жүзіңді Исламға бұр. Аллаһ адам баласын жаратқан тума дарытылған сипат**

осы. Аллаһтың жаратылысында өзгеріс болмайды. Бірақ адамдардың көбі бұны білмейді» («Рум» сүресі, 30–аят)**.**

Абу Хурайра пайғамбарымыз Мухаммадтың ﷺ былай дегенін жеткізген: «***Әрбір нәресте өзінің тума дарытылған*** [жалғыз Аллаһқа ғана құлшылық ету] ***сипатында (фитрасында) дүниеге келеді, алайда ата-анасы оны яһуди, христиан немесе отқа табынушы етеді! Өйткені жануарлар да өз төлдерін сау және зақымсыз етіп туады емес пе? Сендер олардың әлдебіреуінің мұрны кесілген болып туылғанын көріппедіңдер?***» Әл-Бухари 1359, 1385, Муслим 2658.

Пайғамбарымыз Мухаммад ﷺ былай деген: «***Аса Ұлы әрі Құдіретті Аллаһ маған бүгін үйреткен әрі сендер соны білмейтін бір нәрсені сендерге үйретуімді бұйырды: «Мен құлдарыма ризық етіп берген кез-келген байлық олар үшін рұқсат етіледі (халал). Мен Өз құлдарымның барлығын Өзіме мойынсұнушы етіп жараттым. Бірақ оларға шайтандар келіп, діндерінен ауытқызды, және Мен оларға халал еткен нәрселерді оларға харам етті, әрі оларға Менімен бірге басқа жалған құдайларға, осыған ешбір дәлел-негізге ие болмаса да, құлшылық етуді бұйырды…***». Муслим 4/2197.

2. Аллаһ адам баласына ол сол арқылы бүкіл болмыстың Жаратушысы бар екенін түсіне алатын ақыл берді. Ақыл арқылы адам өзін қоршаған аят-белгілерге назар салып, ой қозғай алады. Әлемнің тұс-тұстары мен аспан бөліктері туралы, әлемиетте орналастырылған жер туралы, жұлдыздар, ғаламшарлар, күн мен ай туралы, жердегі таулар, ағаштар, теңіздер мен өзендер туралы, оларды бүркейтін түн мен күндіз туралы, әрі болмыста орнатылған, барлық нәрсе соған бағындырылған бүкіл нәрсені қамтитын абсолюттік тәртіп туралы ой сергітетін кез-келген ақыл иесі бұл болмыстың оны жаратқан әрі басқарып тұрған Аса Құдіретті әрі Барлық нәрсеге Күші жететін Жаратушысы бар екенін кесімді түрде түсінеді.

Аллаһ Тағала былай деді:

«**Біз оларға мұның ақиқат екендігі айқын болғанға дейін әлемдегі және өздеріндегі аят-белгілерімізді көрсетеміз. Расында, Раббыңның әр нәрсеге куә екендігі саған жеткілікті емес пе?!**» («Фуссылəт» сүресі, 53–аят).

3. Аллаһ адамдарға оларды Аллаһ жаратқанын, әрі Жалғыз Ол ғана адамдардың оған құлшылық етуіне құқықты екенін, және олар Аллаһтан басқа құлшылық етіліп жатқан барлық нәрседен аулақ болуы керек екенін баяндаған елшілерді жіберді.

Аллаһ Тағала былай деді:

«**Расында, әр үмметке: «Аллаһқа ғана құлшылық қылыңдар, әрі Одан басқа кімге болса да (құлшылық етуден) аулақ болыңдар», — дейтін елші жібердік**» («ән-Нəхл» сүресі, 36–аят).

Аллаһ сондай-ақ былай деді:

«**(Мухаммад,) сенен бұрын бір елші жіберсек, оған: "Күдіксіз, Менен басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ. Ендеше Маған ғана құлшылық қылыңдар!", — деп қана уахи етіп жібердік**» («əл-Əнбия» сүресі, 25–аят).

Міне, осылайша, Аллаһтың осындай көмегі арқылы адам жалғыз Құдайға құлшылық етуі керек екендігін өз жүрегімен сезінеді, әрі өзіне сый етілген ақыл арқылы осыны түсінеді. Әрі Аллаһ Тағала сол Өзінің елшілері арқылы адамдарға Оның құлдары Оған қалай құлшылық етулері керек екендігін хабарлады.

Аллаһқа құлшылық ету — бұл Оның бұйырған істерін орындау әрі Ол тыйым салған істерді істеуден бас тарту арқылы Оған бағыну. Адамның кез-келген іс-әрекеті не сөздер, не іс-амалдар арқылы көрініс табады. Іс-амалдар, өз кезегінде, жария, яғни айналадағы адамдарға сырттай көрінетіндей де, жа-

сырын да, яғни адамның жүрегінде орын алатындай да болуы мүмкін.

Құлшылық-ғибадат ұғымына сондай-ақ келесідей де анықтама беруге болады. Құлшылық-ғибадат — бұл өзінің құрамына Аллаһ жақсы көретін әрі оларға разы болатын барлық жасырын және жария сөздер мен істерді қамтитын ұғым.

Әрі Аллаһ бізге Өзі жақсы көретін сөздер мен іс-амалдар туралы Құран мен Сүннетегі бұрықтар мен тыйымдарды түсіру түрінде хабарлады.

Дін — бұл өзіне Аллаһ Тағаланың бұйрықтары мен тыйымдарын қамтыған жалғыз Аллаһқа ғана құлшылық ету ережелерінің жиынтығы.

Әрі Аллаһ Өзінің дінін Ислам деп атады:

«**Расында, Аллаһтың алдындағы дін бұл Ислам**» («Әли Имран» сүресі, 19-аят).

«**Кім Исламнан басқа бір дін іздесе, одан әсте қабыл етілмейді де, Ақыретте ол зиянға ұшыраушылардан болады**» («Әли Имран» сүресі, 85-аят).

«*Ислам*» сөзінің мағынасы — бұл Аллаһ Тағалаға бағыну әрі ең жоғары сипатта мойынсұну, Аса Жоғары Раббы түсірген бұйрықтар мен тыйымдарды орындауда Оған тағзым-итағат таныту.

Жүректің іс-амалдары — ғибадаттың негізі

Жоғарыда біз Аллаһқа деген құлшылық жасырын және жария сөздер және іс-амалдар арқылы көрініс табатыны жайлы айтып кеткен болатынбыз.

Жария жасалатын істерге намаз, қажылық, садақа, ата-анаға сый-құрметпен қарым-қатынас жасау, муминдерге көмектесу, құрбан шалу және басқа да көптеген істер жатады.

Ал жасырын жасалатын іс-амалдар — бұл жаратылыстардың ешбіріне көрінбейтін жүректің іс-амалдары. Әрі оларды тек Аса Жоғары әрі Ұлы Раббы ғана біледі, әрі адамдардың жүректеріндегісін Ол ғана қамтиды:

«**Аллаһ олардың жүректеріндегісін біледі**» («ән-Ниса» сүресі, 63–аят).

Жүректің амалдарынан: Аллаһқа иман, періштелерге иман, Оның Кітаптарына иман, Оның елшілеріне иман, Қиямет күніне иман, тағдырға оның жақсылығы мен жамандығымен қоса иман, Аллаһты жақсы көру, Аллаһқа тәуекел ету, Аллаһтың жазасынан қорқу, Аллаһтың кешірімінен үміт ету, Аллаһқа көмек сұрап жүгіну, Аллаһқа пана сұрап жүгіну, Аллаһтың алдында тәубе ету, Аллаһтың алдында ықыласты болу, Аллаһқа дұға ету.

Жүрек амалдарының және тұтас діннің негізі Аллаһқа деген иман және Аллаһ Тағала иман келтіруді бұйырған нәрселерге деген иман болып табылады, өйткені мұнсыз ешбір іс-амалдардың мәні болмайды. Аллаһ Тағала бізге жүрегімізбен алты нәрсеге иман келтіруді бұйырды:

1. Аллаһқа деген иман
2. Оның періштелеріне деген иман
3. Оның Кітаптарына деген иман

4. Оның елшілеріне деген иман

5. Қиямет Күніне деген иман

6. Тағдырға және оның жақсылығы мен жамандығына деген иман

Ғалымдар оларды иманның алты тірегі деп атады.

«**Әй иман келтіргендер! Аллаһқа, Оның Елшісіне, Ол Өзінің Елшісіне түсірген Кітапқа және одан бұрыңғы түсірген Кітапқа иман келтіріңдер**» («ән-Ниса» сүресі, 136–аят).

«**Жүздеріңді шығысқа және батысқа қарату изгілік емес. Бірақ изгілік — кім Аллаһқа, Ақырет Күніне, періштелерге, Кітаптарға, пайғамбарларға иман келтірсе...**» («әл-Бақара» сүресі, 177–аят).

«**Ал кім Аллаһқа, Оның періштелеріне, Кітаптарына, елшілеріне және Ақырет күніне иман келтірмесе, сол терең адасушылықпен адасты**» («ән-Ниса» сүресі, 136–аят).

Аллаһтың Елшісі ﷺ: «***Иманның мәні — сенің Аллаһқа, Оның періштелеріне, Кітаптарына, Елшілеріне, Қиямет Күніне, сондай-ақ жақсылық пен жамандық тағдырға бекітілгеніне иман келтіруің***», — деген.

Араб тіліндегі «*иман*» — «наным, сенім» сөзі сену, нану, сенімді болу дегенді білдіретін «*амана*» етістігінен туындаған.

Араб тілінің ғалымдары «*иман*» сөзінің мағынасы — бұл мойындау және бекіту деген. Адамның осы алты тірекке иман келтіруі — бұл оларды жүрекпен мойындауы, яғни жүректің айқын сенімі. Сондықтан осы алты тірекке деген иман жүректің іс-амалдарына жатады.

Осы алты тірекке деген иман — адамның бүкіл ғибадаты соның үстіне құрылатын діннің негізі. Адам ғибадаттың әлдебір түрін жасаған кезінде, осы алты тірекке деген иман үнемі оның жүрегінде болады. Адамды жария және жасырын іс-амал-

дарды істеуге итермелеп ынталандыратын да дәл осы иман. Әрі қарай біз жүректің кез-келген іс-амалының Аллаһқа деген иманға негізделетінін, онымен тығыз байланыста болатынын көретін боламыз.

Жүректің іс-амалдарының түрлері

1. Аллаһты жақсы көру

Аллаһты жақсы көру жүрек амалдарының ең маңыздысы болып табылады, өйткені Аллаһ Тағаланы ғана тек Оның бар болғаны үшін ғана жақсы көру керек. Муминдер мәңгі ләззат пен рахат мекені болған Жәннатқа кіргенде, олардың қорқыныштарының себептері жойылатындығы себепті қорқыныштарының өзі де жойылған соң, олардың өз Раббысына деген махаббаты тек күшее түседі, өйткені Жәннатқа кіргендер қорқуды да, мұңаюды да білмейтін болады.

Мүминдердің Аллаһты жақсы көруі туралы Аллаһ Тағала да, Оның Елшісі де ﷺ айтқан болатын. Мысалы, Аллаһ Тағала былай деді:

«**Адамдардың арасында Аллаһқа өзгені теңдес етіп, оларды Аллаһты сүйгендей сүйетіндері бар. Бірақ мүминдер Аллаһты күштірек сүйеді**» («әл-Бақара» сүресі, 165-аят).

Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деді:

«**…Ол оларды сүйеді, әрі олар да Оны сүйеді…**» («әл-Мәида» сүресі, 54-аят).

Екі «Сахих» жинақтарында Аллаһ Елшісінің ﷺ былай деп айтқан хадисі келтіріледі: «***Үш сипатпен ерекшеленетін адам ғана иманның тәттілігін (ләззатын) сезеді: Аллаһ пен Оның Елшісін басқа нәрселердің барлығынан артық сүйеді; әлдебір адамды тек Аллаһ үшін ғана сүйеді; әрі отқа тасталуды қаламайтыны сияқты Аллаһ оны содан құтқарған күпірлікке де оралуды қаламайды***».

Бұдан тыс, Аллаһ Тағала Өзіне мойынсұнатын құлдарын Өзі де жақсы көретінін хабарлады. Мысалы, Аллаһ Тағала былай деп айтты:

«**Әрі Аллаһ Ибраһимді Өзінің сүйіктісі етті**» («ән-Ниса» сүресі, 125-аят).

Аллаһ Тағала тағы да былай деді:

«**Жақсылық істеңдер, өйткені Аллаһ жақсылық істеушілерді жақсы көреді**» («әл-Бақара» сүресі, 195-аят).

Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деді:

«**…өйткені, расында, Аллаһ тақулық істеушілерді жақсы көреді**» («Әли Имран» сүресі, 76-аят).

Әрі басқа да осы сияқты мысалдарды көптеп келтіруге болады.

Аллаһ Тағала өздерінің Аллаһты жақсы көретінін мәлімдейтін адамдардың шыншылдығын өлшейтін нәрсе бар екеніне нұсқады. Ол былай деді:

«**(Мухаммад, оларға) айт: "Егер Аллаһты жақсы көрсеңдер, онда маған ілесіңдер, сонда Аллаһ сендерді жақсы көреді…"**» («Әли Имран» сүресі, 31-аят).

Басқаша айтқанда, Аллаһ Тағала адамның Оны жақсы көруі міндетті түрде Аллаһ Елшісіне ілесу керек екендігін меңзейтінін, ал Елшіге ілесу өз кезегінде міндетті түрде Аллаһтың өз құлын жақсы көре бастауына алып келетінін түсіндіріп берді.

Суюдің шынайы мағынасы сүйіктіңе жағуды (оның разылығын) табуды меңзейді. Ал бұл оның жақсы көретін нәрселерін жақсы көруде және оның жек көретін нәрселерін жек көруде көрініс табады.

Ғалымдар мүминдерді Құдайды жақсы көреміз деп айтатын, бірақ осы орайда Одан қорқуды сезінбейтін адамдармен қарым-қатынас жасаудың қауіптілігі туралы жиі сақтандырып ескертетін, өйткені бұл кесірлілікке нұсқайды, әрі дәл осындай кесірлілік түрлі сопылық ағымдарға, ал оларға дейін яһудилер мен христиандарға тән болатын, әрі олар, бұның мысалы Құранда келтірілетіндей, осыған нұсқайтын көптеген түрлі сөздер айтатын. Аллаһ Тағала былай деді:

«**Яһудилер мен христиандар: "Біз — Аллаһтың ұлдарымыз әрі Оның сүйіктілеріміз", — деп айтты**» («әл-Мәида» сүресі, 18–аят).

Алайда, олар осыны айта тұра, өздеріне Оның заңдарына қайшы іс-әрекет жасауға рұқсат беретін.

2. Аллаһтың жазасынан қорқу

Аллаһ әрбір жеке адамға Өзінен қорқуды парыз етті, өйткені Ол былай деп айтты:

«**Олардан қорықпаңдар, Менен қорқыңдар, егер мүмин болсаңдар!**» («Әли Имран» сүресі, 175–аят).

Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деді:

«**Әрі Менен ғана қорқыңдар!**» («әл-Бақара» сүресі, 40–аят).

Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деді:

«**Ендеше адамдардан қорықпаңдар, Менен қорқыңдар!**» («әл-Мәида» сүресі, 44–аят).

Аллаһ Тағала Өзінен қорқатындарды мақтап, былай деді:

«**Расында, Раббыларынан қорқатындықтары себепті үрейленетіндер, әрі Раббыларының аяттарына иман кел-**

тіргендер, және Раббыларына серік қоспайтындар, әрі не берсе де, жүректері Раббыларына қайтуларынан қорқып, беретіндер — міне, осылар жақсылық жасауда өзара жарысады да, осыда өзгелерден озуға тырысады» («әл-Муъминун» сүресі, 57-61–аяттар)**.**

Әт-Тирмизи мен имам Ахмад келтірген хадисте Айша (анамыздың) былай баяндағаны хабарланған: «Бірде мен Аллаһ Елшісінен ﷺ: “**Расында, не берсе де, жүректері Раббыларына қайтуларынан қорқып, беретіндер**”, — деген аят жайлы: “Олар — шарап ішетіндер және ұрлық жасайтындар ма?”, — деп сұрадым. (Пайғамбарымыз ﷺ: ***“Жоқ, уа Сыддықтың қызы! Алайда олар — ораза ұстап, намаз оқып, садақа беріп, бұл олардан қабыл болмауынан қорқатындар,*** (**«Олар жақсылық жасауға асығушылар»**)”, — деп жауап берді».

3. Аллаһқа үміт ету

Аллаһ Тағала былай деді:

«Расында, иман келтіріп, хижра жасап, Аллаһтың жолында жиһад жасайтындар — солар Аллаһтың мархаметінен үміт етеді. Аллаһ — Өте Кешірімді, Ерекше Рахымды» («әл-Бақара» сүресі, 218–аят)**.**

Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деді:

«Кім Аллаһқа жолығуды үміттенсе, әрине, Аллаһтың белгілеген мерзімі келеді. Ол — Аса Естуші, Толық Білуші» («әл-Анкабут» сүресі, 5–аят)**.**

Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деді:

«Сондай-ақ кім Раббысына жолығуды үміт етсе, игі амал жасап, Раббысына істеген құлшылығында Оған ешкімді серік қоспасын!» («әл-Кәһф» сүресі, 110–аят)**.**

Муслимнің «Сахих» жинағында Жәбірдің, оған Аллаһ разы болсын, былай деп айтқан хадисі келтірілген: «Мен Аллаһ

Елшісінің ﷺ: “***Сендердің әрбірің өз Раббысынан тек жақсылықты күткен күйде ғана өз өлімін қарсы алсын!***” — деп айтқанын естідім».

Әл-Бухаридің «Сахихында» Жәбирдің сөздерінен Аллаһ Елшісінің ﷺ былай деп айтқаны жеткізілген: «***Аса Құдіретті әрі Ұлы Аллаһ: “Мен пендем Мен туралы қандай ойда болса, сондаймын. Ендеше ол Мен туралы не ойлағысы келсе, соны ойласын!” — деп айтты***».

Аллаһ Тағала Өзінен қорқумен бірге Оған үміт ететіндерге мақтау айтып, былай деді:

«**Олардың сиынғандары өздері Раббыларына қайсылары жақын боламыз деп, жақындау жолдарын ізденеді әрі Оның рахметінен үміт етіп, азабынан қорқады. Негізінде, Раббыңның азабы сескенуге тиісті**» («әл-Исра» сүресі, 57–аят).

Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деді:

«**(Ал осылар) бой ұсынып, түн ішінде сәжде етіп, (қиямда) тік тұрып, сондай-ақ Ақыреттен қорқып, Аллаһтың рахметінен үміт еткен кісі сияқты ма?**» («әз-Зүмәр» сүресі, 9–аят).

Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деді:

«**…Олардың жамбастары төсектерінен ажырап (түнде үйқыдан тұрып), Раббыларына қорқа-дәмете жалбарынады…**» («әс-Сәжда» сүресі, 16–аят).

Осы айтылғанның бәрінен мұсылман адамның қорқуға да, үмітке де ие болуы керек екендігі, басқаша айтқанда қорқуы да, үміт етуі де керек екендігі келіп шығады. Өзін құлшылыққа бағыштаған бір кісі былай деген екен: «Үрей мен үміт құстың қос қанаты сияқты: егер олар өзара тең болса, онда құс өзін дұрыс ұстана алады да, оның ұшуы кәміл болады; егер оның бір қанаты екіншісінен қысқа болса, ол дұрыс ұша алмайды, ал егер ол қос қанатынан айырылса, онда опат болудың ернеуіне келіп түседі».

Қорқу міндетті түрде үміттің туындауына әкеледі, ал егер мұндай болмағанда, онда адам міндетті түрде түңілуге түсер еді. Үміт те міндетті түрде қорқудың туындауына әкеледі, өйткені керісінше болған жағдайда, адам өзін толық қауіпсіз сезіне бастар еді, алайда түңілу де, өзін қаперсіз, толық қауіпсіз сезіну де, бірдей айыпқа лайықты болып табылады.

Аллаһ Тағала былай деді:

«**Сондай-ақ Аллаһтың мархаметінен күдер үзбеңдер. Өйткені Аллаһтың рахметінен, кәпір қауым ғана күдер үзеді**» («Юсуф» сүресі, 87–аят).

Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деді:

«**Адасқандардан басқа кім Раббысының рахметінен үміт үзбек?!**» («әл-Хижр» сүресі, 56–аят).

Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деді:

«**Аллаһтың мәкірінен зиянға ұшырайтын қауым ғана өзін қауіпсіз сезінеді!**» («әл-Әғраф» сүресі, 99–аят).

Мақтауға лайықты қорқу — бұл адамды Аллаһ тыйым салған нәрселерді істеуден ұстайтын қорқу. Ал енді үмітке келер болсақ, онда оның екі түрі мақтаулы болып табылады:

1. Аллаһтың нұрын басшылыққа алып, өзінің мойнындағы діни міндеттерді орындап, Аллаһтың сыйына үміт ететін адамның үміті.

2. Күнә істеп, бірақ кейіннен істегені үшін Аллаһтың алдында тәубе етіп, Ол оны кешіретініне және игілігіне бөлейтініне үміт ететін адамның үміті.

Мұндай үміт құлдың Аллаһтың жомарттығы мен рахымы туралы білетініне әрі Одан осыны күтетініне, сондай-ақ ол Аллаһтың мейірімінің кеңдігіне назар салатынына нұсқайды.

4. Аллаһқа дұға етіп жалбарыну

Аса Құдіретті әрі Ұлы Аллаһ былай деді:

«**Раббыларың: “Маған жалбарыныңдар! Тілектеріңді қабылдаймын. Расында, Маған құлшылық етуден паңсынғандар қор болып, Тозаққа кіреді!” — дейді**» («Ғафир» сүресі, 60-аят).

Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деді:

«**Раббыларыңа тағзыммен және мойынсұнумен дұға етіңдер. Расында, Ол шектен шығушыларды жақсы көрмейді!**» («әл-Әғраф» сүресі, 55-аят).

Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деді:

«**(Мухаммад,) егер құлдарым сенен Мен туралы сұраса, Мен өте жақынмын, қашан Менен тілесе, тілеушінің тілегін қабыл етемін**» («әл-Бақара» сүресі, 186-аят).

Әт-Тирмизидің «Сунан» жинағында ән-Нуғман ибн Баширден, Аллаһ оған разы болсын, Пайғамбарымыздың ﷺ бірде: «***Дұға — бұл ғибадат***», — деп айтып, кейінінен «**Раббыларың: “Маған жалбарыныңдар! Тілектеріңді қабылдаймын. Расында, Маған құлшылық етуден паңсынғандар қор болып, Тозаққа кіреді!” — дейді**» деген аятты оқығаны туралы хадис келтірілген.

5. Аллаһқа көмек сұрап жалбарыну

Аса Құдіретті әрі Ұлы Аллаһ былай деді:

«**Саған ғана құлшылық етеміз әрі Сенен ғана көмек тілейміз...**» («әл-Фатиха» сүресі, 5-аят).

Ал Пайғамбарға ﷺ келер болсақ, онда оның бірде Ибн Аббасқа, Аллаһ оған және оның әкесіне разы болсын, былай деп айтқаны жеткізіледі: «***Егер сұрасаң — Аллаһтан сұра, егер көмек тілесең — Аллаһтан тіле***».

6. Аллаһтан пана тілеп жалбарыну (истиғаза)

Аллаһ Тағала былай деді:

«**Егер Құран оқысаң, Аллаһтан қуылған (лағнеттелген) шайтанның кесірінен пана тіле**» («ән-Нәһл» сүресі, 98–аят).

Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деді:

«**(Мухаммад, айт): «Таңның Раббысына пана тілеп сиынамын, Оның жаратқан нәрселерінің кесірінен**» («әл-Фәләқ» сүресі, 1-2–аяттар).

Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деді:

«**(Мухаммад, айт): «Адамдардың Раббысына, адамдардың Иесіне, адамдардың Құдайына пана тілеп сиынамын, сыбырлап азғырушының кесірінен**» («ән-Нәс» сүресі, 1-4–аяттар).

7. Қайғы-қасірет тұсында Аллаһтан құтқаруды тілеп жалбарыну (истиғаса)

Аллаһ Тағала былай деді:

«**…сендер Раббыларыңнан құтқаруды тілеп жалбарындыңдар, әрі Ол дұғаларыңа жауап берді…**» («әл-Әнфал» сүресі, 9–аят).

Аллаһтың Елшісі ﷺ Аллаһқа келесідей сөздермен дұға жасағаны белгілі: «***Уа Тірі, уа Мәңгі Жасаушы, Ұлылық пен Құрмет Иесі, жер мен көктердің Жаратушысы! Сенің рахметіңе құтқаруды тілеп жүгінемін!***»

8. Аллаһқа тәуекел ету

Басқаша айтқанда жүректі Аллаһ сені қорғайды деген мығым сенім арқылы Аллаһқа сеніп тапсыру.

Аса Құдіретті әрі Ұлы Аллаһ былай деді:

«**Егер мүмин болсаңдар, Аллаһқа тәуекел етіңдер**» («әл-Мәида» сүресі, 23–аят).

Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деді:

«**Ендеше мүминдер Аллаһқа тәуекел етсін!**» («Ибраһим» сүресі, 11-аят).

Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деді:

«**Ендеше тәуекел етушілер Аллаһқа тәуекел етсін!**» («Ибраһим» сүресі, 12-аят).

Аллаһқа деген иман

Аса Ұлы әрі Құдіретті Аллаһқа деген иман иманның ең бірінші әрі ең маңызды тірегі болып табылады, әрі ол ең басты маңызға ие болып, періштелерге, Құдайлық Кітаптарға, елшілерге, Қиямет Күніне және тағдырға, оның жақсылығы және жамындығымен иман сияқты иманның басқа тәректерінің іргетасы болып табылады. Олардың барлығы Аллаһқа деген иманның туындысы болып табылады, әрі осы іргетасқа негізделіп, соның үстіне құрылады.

Аса Ұлы әрі Құдіретті Аллаһқа деген иманның мәні жүректің келесі нәрселерге кәміл, күмәнсіз сенуі болып табылады:

- тек Аллаһ қана жалғыз Раббы болып табылады;
- тек Аллаһ қана құлшылыққа лайықты жалғыз Құдай болып табылады;
- тек жалғыз Аллаһ қана құдайлық есімдер мен сипаттарға ие болып табылады.

Бірқұдайшылықтың — таухидтың бүкіл мәнін қамтитын жүректің осы үш сенімі тұтас алғанда бүкіл дін дәл соның үстіне мығым етіп құрылған негіз болып табылады.

Ислам — бұл саф-таза (кәміл) бірқұдайшылық діні, өйткені ол Аллаһ қана бүкіл болмысты басқарады әрі ешбір серіктер

мен көмекшілерсіз жалғыз Өзі ғана Өзінің іс-амалдарын атқарады деген, әрі Ол жалғыз Өзі ғана құдайлық болмысқа және құдайлық есімдер мен сипаттарға ие деген, әрі Оған ұқсас әрі тең ешкім және ешнәрсе жоқ деген, әрі сондай-ақ тек жалғыз Ол ғана құдай ретінде дәріптеп сиынуға және құлшылық етуге лайықты және Оған осыда тең ешкім жоқ деген сенімге негізделеді.

Жоғарыда атап айтылған осы нәрселердің негізінде пайғамбарлар мен елшілердің барлығы сонымен келген бірқұдайшылық (таухид) өзіне үш құрамдас бөлікті қамтитыны түсінікті болады:

1. **Раббылықтағы бірқұдайшылық** (*таухид әр-рубубийя*) — бұл жүректің жалғыз Аллаһ Тағала ғана Раббы, Ие, Жаратушы және бүкіл болмысты Басқарушы болып табылады деп, және Ол ғана өмір мен өлім береді, пайда мен зиян келтіреді, қиындықтар мен ауыртпалықтар тұсында Ол ғана дұғаларға жауап береді деп, әрі бүкіл болмыстың үстінен Ол ғана шексіз билікке ие, әрі жақсылық пен жамандық толығымен тек Оның ғана қолында, және бүкіл істер Оған ғана тәуелді, әрі ешкім Онымен осы билікті бөліспейді деп мығым сенуі.

2. **Құдайлық болмыстағы бірқұдайшылық** (*таухид әл-улуһийя*) — бұл жүректің тек Аллаһ қана шынай құдай болып табылатынына, әрі сондықтан да құлшылық-ғибадаттың барлық түрлері тек жалғыз Оған ғана арналуы керек екендігіне мығым сенуі.

3. **Құдайлық есімдер мен сипаттарға ие болудағы бірқұдайшылық** (*таухид әл-әсма уа әс-сыфат*) — бұл жүректің Аллаһ Тағала Өзін Өзі Құранда немесе Өзінің Пайғамбарының айтуымен сенімді жеткен Сүннетте сипаттаған барлық есімдер мен сипаттарға сенуі, әрі Одан кез-келген кемшіліктерді, ақауларды және Оның Өзіне ғана тән болған нәрселерде жаратылыстармен кез-келген ұқсастығын теріске шығаруы. Бұл Ал-

lah қана барлық нәрсені білуші әрі барлық нәрсеге құдіретті деп, Ол Тірі әрі басқа нәрселердің барлығының тіршілік етуін қамтамасыз етіп Тұрушы, Ол қалғымайды да, ұйықтамайды да деп мойындау. Оның қалауы бұлжытпай орындалады, әрі оның Даналығы шексіз. Ол — барлық нәрсені толық Естуші, Көруші, Мейірбан (Есіркеуші), Мейірімді. Ол Аршыға көтерілді және Өзінің Патшалығына иелік етуде. Ол — Толық Патша, Пәк, Таза, Қорғаушы, Сақтаушы, Аса Құдіретті, Күшті, (басқа нәрселердің) барлығынан Жоғары Тұрушы. Әрі бұл — Оның аса көркем есімдері мен жоғары сипаттарының кейбірі ғана.

Осы үш құрамдас бөліктің әрбірі Құран мен Сүннеттен алынатын көптеген дәлелдермен расталады.

Құран толығымен бірқұдайшылыққа арналған, әрі бірқұдайшылықтың талаптары мен ол үшін берілетін сый-сауаптар туралы, сондай-ақ көпқұдайшылық пен оны ұстанатындар және соларға әзірленген жаза туралы айтады.

Бірқұдайшылықтың осы үш құрамдас бөлігін мұсылман діндар ғұламалары Құран мен Сүннеттің мәтіндерінен шығарып алған. Шариғи мәтіндердің жан-жақты және мұқият жасалған сараптамасы, құлдардан талап етілетін бірқұдайшылықтың мәні — бұл Аллаһтың жалғыз Раббы, жалғыз құлшылыққа лайықты Құдай, әрі құдайлық есімдер мен сипаттарға ие жалғыз Құдай екеніне иман келтіру болып табылады. Кім осының барлығын тұтас мойындамаса, сол мүмин болып табылмайды.

Раббылықтағы бірқұдайшылық (таухид әр-рубубийя)

Бұл тек Аллаһ қана құдайлық істерді атқаратындығына деген жүректің сенімі. Оларға жарату, ризық беру, басқару, мейірім таныту, патшалық ету, бейне-кейіп беру, сыйлау және мақұрым ету, пайда келтіру, зиян тигізу, қайта тірілту, өлтіру, билік ету, тағдырға бекіту, тағы да басқа, тек Аллаһ қана атқаратын әрі Одан басқа ешкім жасай алмайтын көптеген істер жатады.

Арабтың «*рубубия*» сөзі «тәрбиелеу» деген мағынаны білдіретін «*рабба*» етістігінен туындаған сөз болып табылады. «Ие» дегенді білдіретін «рабб» сөзі де оның туындысы болып табылады. Раббылық — Аса Жоғары әрі Аса Құдіретті Аллаһтың сипаты. Сонымен, «*рубубия*» сөзі арабтардың тілінде «ие», «соған бағынатын мырза», «заттардың жағдайын түзететін реформатор» сияқты бірнеше мағынаға ие «рабб» сөзінен туындаған.

Ақыл-парасатқа ие кез-келген адам дүниенің жан-жағы мен көктер туралы, әлемиетте орнатылған жер, жұлдыздар, ғаламшарлар, күн мен ай, таулар, ағаштар, жердегі теңіздер мен өзендер, оларды бүркеп алатын күн мен түн, әрі болмыста орнатылған бүкіл нәрсені қамтитын және барлық нәрсе соған бағындырылған кемел тәртіп туралы ой қозғайтын болса, осы болмыс-әлемиетті жаратқан әрі басқаратын Аса Құдіретті әрі барлық нәрсеге күші жететін Жаратушы бар екенін кесімді түрде түсінеді. Ақыл-парасатты адам осы жаратылыстар туралы терең ойланған сайын, әрі оның ақылын осы таңғажайып жаратылыстар алаңдатып өзіне қаратқан сайын, мұның барлығының ақиқат үшін және ақиқатпен жаратылғанын, және бұл әлемнің Аллаһ Тағала Өзі туралы хабарлаған барлық нәрсенің ақиқат екенін растайтын және Оның жалғыздығын дәлелдейтін аят-белгілер жиналған парақтар әрі дәлелдер мен куәлік-

тер келтірілетін кітаптар секілді екенін айқын түсіне беретін болады.

Әлдебір діни қауым өкілдерінің бірқұдайшылықтың осы түрін теріске шығаратыны бізге беймәлім, әрі тура сол сияқты «әлем сипаттары бірдей болған әрі екеуі де бірдей істерді істеуге қабілетті болған екі жаратушы тарапынан жаратылған» деген мәлімдемелер де белгісіз, өйткені бұның мүмкін емес екендігі айдан анық, әрі біз бұл мәселеге кейінірек оралатын боламыз.

Сондай-ақ адамдардың ішінде Аллаһпен бірге бүкіл болмысты жаратуда әлдебіреудің ортақтас болып қатысқаны туралы, немесе Аллаһ сияқты сипаттарға ие болған біреу бар деп айтқаны туралы да ешбір деректер жоқ. Көпқұдайшылдардың айтатын тұжырымдарының мәні Аллаһтың серіктерінің кезкелгені, мейлі ол періште, пайғамбар, ғаламшар немесе әлдебір пұт Оның билігінің астында деген олардың наным-сенімдерін көрсетеді. Муслимнің «Сахихында» келтірілетін Ибн Аббастан жеткен хадисте көпқұдайшыл арабтар тәлбия сөздерін айтып жатып: «Міне, мен Сенің алдыңдамын, Сенің ешбір серігің жоқ, тек өзі де, иелік еткен нәрселері де Сенің билігіңде болған серігіңнен басқа», — дейтіні туралы айтылған. Ал Аллаһтың Елшісіне келер болсақ, ол саф-таза бірқұдайшылыққа нұсқайтын келесі тәлбияны айтатын: «***Міне, мен Сенің алдыңдамын, уа Аллаһ! Міне, мен Сенің алдыңдамын! Сенің ешбір серігің жоқ! Расында, бүкіл мақтау да, нығмет те, билік те — Саған тән, Сенің ешбір серігің жоқ!***»

Аллаһ Тағала Өзінің Кітабында Аллаһ Елшісі жіберілген араб көпқұдайшылдарының Аллаһты жалпы алғанда жалғыз Жаратушы деп мойындағаны туралы бізге хабарлаған, әрі Құранның көптеген аяттарында бұл туралы айтылады. Мысалы, Аллаһ Тағала былай деді:

«Егер сен олардан: “Көктер мен жерді кім жаратты?” — деп сұрасаң, олар әлбетте: “Аллаһ”, — дейді. (Мухаммад): “Барлық мақтау Аллаһқа лайық”, — де. Бірақ олардың көбі білмейді» («Луқман» сүресі, 25–аят).

Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деді:

«Егер сен олардан: “Көктер мен жерді кім жаратты, әрі күн мен айды өз билігіне кім бағындырды?”, — деп сұрасаң, олар әлбетте: “Аллаһ”, — деп жауап береді. Бірақ олар нендей бет бұрған!» («әл-Анкабут» сүресі, 61–аят).

Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деді:

«Ал егер олардан: “Көктен жаңбыр жаудырып, онымен жерді өлімнен кейін жандандыратын кім?”, — деп сұрасаң, олар әлбетте: “Аллаһ”, — дейді. (Мухаммад): “Барлық мақтау Аллаһқа лайық”, — де. Бірақ олардың көбі түсінбейді» («әл-Анкабут» сүресі, 63–аят).

Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деді:

«(Мухаммад): “Сендерді аспаннан, жерден кім ризықтандырады? Құлаққа, көздерге кім ие? Өліден тіріні, тіріден өліні кім шығарады? Әр істі кім басқарады?”, — де. Олар: “Аллаһ”, — дейді» («Юнус» сүресі, 31–аят).

Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деді:

«(Мухаммад): “Егер білсеңдер, жер жүзі мен ондағылар кімдікі?”, — де. Олар дереу: “Аллаһтікі”, — дейді. “Ал сонда да зер салмайсыңдар ма?”, — де. “Жеті көктің Раббысы және ұлы Аршының Раббысы кім?”, — де. Олар дереу: “Аллаһ”, — дейді. “Сонда да қорықпайсыңдар ма?”, — де. “Егер білсеңдер, әр нәрсенің басқаруы Соның қолында, Өзі қорғаушы, әрі Оған қарсы біреуді біреу қорғай алмайтын кім?”, — де. Олар дереу: “Аллаһ”, — дейді. “Ендеше сендер нендей сиқырланғансыңдар?”, — де» («әл-Муъминун» сүресі, 84-89–аяттар).

Бірақ осыған қарамастан кейбір адамдар Аллаһ жаратпаған нәрселер де бар деп санайды. Мысалы, отқа табынушы қосқұдайшылдар қараңғылықты Аллаһ жаратпады деп ойлайды, қадарилер Аллаһты жаратылыстардың кейбір амалдарының жаратушысы емес деп санайды, ал арабтар мен басқа халықтардан болған кейбір көпқұдайшылдар өздерінің құдайлары оларға өздігінше пайда мен зиян келтіреді, ал Аллаһ мұны жаратпайды деп есептейді.

Осындай көпқұдайшылық түрінің болғандығы себепті Құранда оның негізсіздігі көрсетілген болатын. Аллаһ Тағала былай деді:

«**Аллаһ еш бала иемденбеді. Онымен бірге басқа құдай да жоқ. Ондай болғанда, әрине, әр құдай өз жаратқаның алып кетер еді де, олар бір-біріне үстемдік етер еді**» («әл-Муъминун» сүресі, 91–аят).

Аллаһ Тағаланың осы сөздері өзінің мағынасы бойынша екі жаратушының болу мүмкіндігін теріске шығаратын ақыл дәлелінің кемел үлгісі болып табылады. Олар сондай-ақ Шынайы Құдайдың міндетті түрде іс-әрекетке және құдіретке ие Жаратушы болуы керек дегенді, әрі егер Онымен бірге басқа, тура осындай билікке ие әлдебір құдай болғанда, онда ол бөлек жаратылыстың билеушісі болатынын, әрі осы орайда ол да іс-әрекетпен және құдіретпен ерекшеленетінін, алайда ортақ билік басқа құдайды қанағаттандырмайтынын, әрі ол өз серігін өзіне бағындыруға және барлық нәрсені жалғыз өзі басқаруға ұмтылатынын, сөйтіп не осыны іске асыратынын, не өзінің жаратқан жаратылыстарымен бөлектеніп, оны басқа жаққа алып кететінін түсіндіру болып табылады.

Сонымен, екі жаратушы болған жағдайда, міндетті түрде екі нәрсенің біреуі орын алар еді:

- не әрбір құдай өзінің жаратқанын алып кетер еді,
- не бір құдай басқасына үстемдік етер еді.

Алайда біз куә болып жатқан барлық нәрсе бірнеше жаратушы болуы мүмкін деген тұжырымға мүлде қайшы келеді, өйткені жаратылыстың барлық құрамдас бөліктерінің — жер мен көктердің, жоғарыдағы нәрселер мен төмендегілердің — өзара үйлесімді байланысы мен тәртіптілігі дүниедегі барлық нәрселерді Жалғыз, Ұлы және Аса Құдіретті Құдай басқарып тұрғанына нұсқайды.

Раббылықтағы бірқұдайшылықтан ауытқудың көріністері

Раббының жалғыз екендігін сезіну адам баласының санасына о бастан салынған, оның жанының тума дарытылған сипаты болса да, әрі бұл көптеген дәлелдермен расталса да, осы мәселеде ақиқаттан ауытқитын адамдар бәрібір бар болуда. Аллаһтың раббылығын мойындаудағы адамдардың бұрмаланған наным-сенімдерін келесідей етіп қысқаша реттеп сипаттауға болады:

Бірінші ауытқу: Аллаһтың раббылығына мүлдем сенбеу әрі Оның бар екендігін теріске шығару. Бұл сенімдер бүкіл болмыс табиғаттың, уақыттың тарапынан жаратылған, немесе өздігінше өзімен өзі пайда болған деп санайтын құдайсыз атеисттерге тән. Аллаһ Тағала былай деді:

«**Олар: “Тіршілігіміз дүниедегі ғана. Біз өлеміз әрі өмір сүреміз. Бізді заман ғана өлтіреді”, — дейді**» («әл-Жәсия» сүресі, 24–аят).

Екінші ауытқу: Пәк Раббының кейбір ерекшеліктерін мойындамау әрі Оның Раббылығының кейбір көріністерін теріске шығару. Бұл, мысалы, Аллаһтың өлтіретінін және өлімнен кейін қайта тірілтетінін, пайда мен зиян келтіретінін теріске шығаратын адамдардың сенімдерінде көрініс табады.

Үшінші ауытқу: Раббының кейбір ерекшеліктерін Пәк Аллаһтан басқа әлдебіреуге тиісті ету (телу). Егер адам Ұлы және

Құдіретті Аллаһтан басқа әлдебіреу жарату, жою, қайта тірілту, өлтіру, рахым ету, жамандықтан қорғау, т. б. раббылықтың көріністеріне жататын дүниелік құбылыстарды басқара алады деген наным-сенімге ие болатын болса, онда ол Ұлы Аллаһқа серік қосқан болады.

Құдайлық есімдер мен сипаттарға ие болудағы бірқұдайшылық (таухид әл-әсма уа әс-сыфат)

Құдайлық есімдер мен сипаттарға иман келтірудің мұсылман жүрегіне және оның ғибадатына деген әсері өте үлкен. Пенде осы иманы арқылы өз жүрегімен Раббысына құлшылық етудің мән-мағынасын табады. Осы иманның арқасында ол Аллаһ Тағалаға тәуекел ете бастайды, өзін Жалғыз Оған тапсырады, әрі өзінің тәні мен жанын, тіпті ойын да тек Аллаһ Тағала разы болатын нәрселер туралы ойлану үшін сақтап қорғайды. Ол Аллаһ жақсы көретін нәрселерді жақсы көретін болады, Ол үшін тыңдайтын әрі Ол үшін қарайтын болады. Сонымен бірге ол өзінің Раббысына өте үлкен үміттерін байлайды әрі Ол туралы тек жақсы ойда ғана болады.

Аллаһ Тағаланың есімдерін білу пендеге өз Раббысын бүкіл жан-жүрегімен жақсы көруге көмектеседі, әрі осы махаббат мұсылманның бұл дүние мен Ақыреттегі бақытының негізі, оның игілік-сәлеметтікте болуының кілті болып табылады әрі оны ең көркем үлгіде ғибадат етуге шабыттандырады. Осы орайда денемен жасалатын ғибадаттар да адам жүрегіндегі

Аллаһ Тағалаға деген махаббатының қаншалықты күшті болуына байланысты ол үшін не жеңіл, не ауыр болады.

Ғибадаттың дәл сол Аллаһқа ұнамды болған кәміл түрде жасалуы жүректегі Аллаһқа деген махаббатқа тәуелді болады, ал бұл махаббат Аллаһты Оның ең көркем есімдері мен сипаттары арқылы тануға тәуелді. Сондықтан да, Аллаһқа басқаларға қарағанда Оның елшілері ең жақсы үлгіде құлшылық ететін, өйткені олар Оны баршадан артық жақсырақ білетін, әрі сондықтан да Аллаһ Тағалаға деген ең қатты махаббаттарымен ерекшеленетін.

Құдайлық есімдер мен сипаттарға ие болудағы бірқұдайшылық (*таухид әл-асма уа әс-сыфат*) — бұл жүректің Аллаһ Тағала Өзін Өзі сипаттаған және Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Оны сипаттаған есімдер мен сипаттарға айқын сенуі әрі Аллаһ Өзінен теріске шығарған және Оның Елшісі Одан теріске шығарған есімдер мен сипаттарды теріске шығаруы, әрі олардың шынайы мағынасын мойындап, жаратылыстардың арасындағы олардың әсері мен салдарын айқындап білуі.

Аллаһтың құдайлық есімдер мен сипаттарға ие жалғыз Құдай екенін мойындаудың негізінде не жатыр?

Біріншісі: Аллаһтың ең көркем есімдерге, яғни олардан көркем ешнәрсе болуы мүмкін емес есімдерге ие екендігі. Өйткені Аллаһ Тағала былай деді:

«**Аллаһқа ең көркем есімдер тән**» («әл-Әғраф» сүресі, 180-аят).

Бұдан тыс, Аллаһ кез-келген кемшіліктерден пәк болған ең кемел әрі ең жоғарғы сипаттарға ие.

Аллаһ Тағала былай деді:

«**Мысалдың ең жоғарысы Аллаһқа тән**» («ән-Нәһл» сүресі, 60-аят).

Бұл жерде ең жоғары, ең кемел әрі ең көркем сипаттар туралы айтылуда.

Екіншісі: Аллаһтың есімдері мен сипаттары туралы білімнің Аллаһ тарапынан, жоғарыдан түскендігі, өйткені біздің олар туралы біліміміздің алынар көзі Құран мен Сүннет болып табылады, ал бұл, өз кезегінде, біздің тек соларға ғана бет ұстауымыз әрі олар нұсқаған нәрселерден ешнәрсені алып тастамауымыз және оларға ешнәрсені қоспауымыз керек дегенді білдіреді.

Үшіншісі: Аллаһты сипаттағанда растау да, теріске шығару да қолданатындығы, әрі осы орайда растаудың ұқсатумен ешбір ортақ нәрсесі болмауы керек, ал теріске шығарудың айырумен ешбір ортақ нәрсесі болмауы керек. Аллаһ Тағала бұған мына сөздері арқылы нұсқағанындай:

«**Оған ұқсас ешнәрсе жоқ, Ол — Естуші, Көруші**» («әш-Шура» сүресі, 11-аят).

Төртіншісі: бізге Аллаһтың есімдері мен сипаттары белгілі, бірақ олармен дәл не меңзелетінін толығымен тек Аллаһ біледі. Аллаһ былай деді:

«**…бірақ олар Оны біліммен қамти алмайды**» («Та ха» сүресі, 110-аят).

Екі «Сахих» жинағында Абу Хурайрадан, Аллаһ оған разы болсын, жеткізілген Аллаһ Елшісінің ﷺ былай деген хадисі келтірілген: «***Аллаһтың тоқсан тоғыз, жүзден біреуі кем Есімі бар, кім соларды санап шықса, сол Жәннатқа кіреді***».

Бұл жердегі санап шығу деген сөзбен бұл есімдердің мағынасын жадыда ұстау әрі Аллаһқа солардың мағынасына сәйкес құлшылық ету меңзеледі.

Алайда Аллаһтың есімдерінің саны тоқсан тоғыз есіммен ғана шектелмейді, өйткені Оның Құран мен Сүннетте айтылмаған есімдері де бар.

Имам Ахмад, Ибн Хиббан әрі басқа да мухаддистер Абдуллаһ ибн Масғудтың, Аллаһ оған разы болсын, сөздерінен жеткізілетін, онда Аллаһтың Елшісі ﷺ: «***…Уа Аллаһ, Сен Өзіңді Өзің атаған, немесе Өзіңнің Кітабыңда түсірген, немесе Өз жаратылыстарыңның әлдебіреуіне ашқан, немесе тек Өзің ғана білетін әрбір есіміңмен жалбарынамын…***», — деп айтқан хадисті келтірген.

Осылайша, Аса Жоғары әрі Ұлы Аллаһ көптеген есімдерге ие, әрі олардың қатарына есімдер де, сипаттар да кіреді. Осы орайда есімдер Аллаһтың Өзіне нұсқаса, сипаттар Оның кемелдік сипаттарына нұсқайды.

Аллаһтың есімдері мен сипаттарының кейбірін келтірейік.

Есімдердің қатарына келесілер жатады:

Аллаһ, Раббы, Аса Мейірімді (әр-Рахман), Ерекше Рахымды (әр-Рахим)

«Фатиха» сүресінде Аллаһ Тағала былай дейді:

«**Бүкіл мақтау әлемдердің Раббысы Аллаһқа тән. Аса Мейірімдіге, ерекше Рахымдыға…**» («әл-Фатиха» сүресі, 2-3–аяттар).

Аллаһ — бұл (басқалар) Оны Құдай деп санайтын, және Соған құлшылық ететін Құдай.

Раббы — бұл Жаратушы, тіршілік етуге қажетті Ризық Беруші, Иелік Етуші (Патша), Толық әрі Шексіз Басқарушы, өз нығметтерімен бүкіл жаратылысты Өсіріп-Бағушы.

Аса Мейірімді (*әр-Рахман*), **ерекше Рахымды** (*әр-Рахим*). Осы есімнің екеуі де мейірімділікке қатысты, бірақ Аса Мейірімді деген есім Аллаһқа тән сипатқа нұсқаса, Аса Рахымды есімі Аллаһтың мейірімінің сол мейірім таралатын нәрселердің барлығымен байланысына нұсқайды.

Аллаһтың Мейірімі екіге бөлінеді: Ол оны әрбір жаратылысына танытатын жалпы мейірім, әрі Ол оны мүминдерге танытатын ерекше мейірім.

Жалпы мейірім туралы Аллаһ Тағала былай деді:

«**Күдіксіз, Аллаһ адам баласына Өте Есіркеуші, Аса Мейірімді**» («әл-Хаж» сүресі, 65–аят).

Ал енді ерекше мейірімге келер болсақ, онда бұл туралы Аллаһ Тағала былай деді:

«**…әрі Ол мүминдерге ерекше Мейірімді**» («әл-Әхзаб» сүресі, 43–аят).

Жалғыз (әл-Ахад), Мұңсыз (әс-Сомад)

Мән-мазмұны бойынша Құранның үштен бір бөлігіне тең болған «әл-Ихлас» сүресінде Аллаһ Тағала былай деп айтады:

«**Айт: “Ол — Аллаһ — Жалғыз, Аллаһ Мұңсыз…”**» («әл-Ихлас» сүресі, 1-2–аяттар).

Жалғыз, яғни кемелдікке қатысты нәрседе Жалғыз, әрі Оған ұқсас немесе Онымен Оның кемелдік сипаттарын бөлісетін ешнәрсе және ешкім жоқ.

Мұңсыз, яғни Өзінің сипаттары бойынша кәміл, бүкіл жаратылыстар өздерінің мұқтаждықтарымен Соған ұмтылатын Құдай.

Тірі (әл-Хай), Өздігінен бар болушы (әл-Қайюм), Аса Биік (әл-Әғлә), Ұлы (әл-Акбар)

Бұл есімдердің барлығын Аллаһ Тағала Өзінің ең ұлы аяттарының бірі болып табылатын «әл-Курси» аятында атаған. Аллаһтың Елшісі ﷺ осы аятты түнде оқыған адамды Аллаһ жіберген бір қорғаушы қорғайтынын әрі оған шайтан жақындамайтынын айтқан. Аллаһ Тағала былай деді:

«**Аллаһ, Одан басқа құлшылыққа лайықты шынайы құдай жоқ. Ол Тірі, Толық Меңгеріп Тұрушы, Ол қалғымайды да, ұйықтамайды. Көктердегі және жердегі нәрселер Оның иелігінде. Оның құзырында Өзінің рұқсатынсыз кім шапағат етеді? Ол олардың алдарындағыны да, арттарындағыны да біледі. Олар Оның қалауынан басқа еш нәрсе білмейді. Оның Күрсісі көктер мен жерді қамтиды. Оған ол екеуін қорғау ауыр келмейді. Және Ол Өте Жоғары, Аса Зор**» («әл-Бақара» сүресі, 255-аят).

Тірі (*әл-Хайй*). Бұл Оның өмірінің мәңгі әрі барлық жағынан кемел екенін, ал Оның Өзінің қалғуға да, ұйықтауға да, өлімге де бағынышты емес екенін білдіреді.

Аллаһ Тағала былай деді:

«**Ендеше өлмейтін Тіріге тәукел ет…**» («әл-Фуркан» сүресі, 58-аят).

Өзігінен бар болушы (*әл-Қайюм*): бұл Оның өздігінен бар болып тұруын, ал басқалар болса тек Соның арқасында бар болатынын, өйткені ол ешнәрсеге мұқтаж емес екенін білдіреді.

Аса Биік (*әл-Әғлә*): бұл жерде кәміл (толық) биіктік, мысалы, Аллаһтың құдіретінің биіктігі, Оның үстемдігінің биіктігі әрі Оның Өзінің (болмысының) биіктігі меңзелуде. Аллаһтың Құдіретінің биіктігіне келер болсақ, бұл Оған кемелдік пен ұлылық сипаттары тән екенін білдіреді. Аллаһтың үстемдігінің биіктігіне келер болсақ, бұл Оның бүкіл жаратылысты Өзіне бағындыратынын әрі оларға шексіз әрі толық билік жүргізетінін білдіреді. Ал Оның Өзінің (болмысының) биіктігіне келер болсақ, онда бұл Оның Өз Аршысының үстінде Өзінің барлық жаратылыстарынан жоғары екенін білдіреді.

Аллаһ Тағала былай деді:

«**Аса Биік Раббыңның есімін пәкте…**» («әл-Әғлә» сүресі, 1-аят).

Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деді:

«**Сол кезде Аллаһ: “Әй Иса! Мен сені аламын әрі Өз тарапыма көтеремін...”, — деді**» («Әли Имран» сүресі, 55–аят).

Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деді:

«**Жер теңселген сәтте Аспандағының сендерді жерге жұттыруынан бейбітсіңдер ме? Немесе Көктегінің сендерге тас жаудыруынан қауіпсізсіңдер ме? Ескертуімнің қалай екенін таяуда білесіңдер!**» («әл-Мүлк» сүресі, 16-17–аяттар).

Бұл жерде «аспан» «көк» («*әс-сәма*») дегенде жоғары, биіктік меңзелуде, басқаша айтқанда жаратылған көктерден биіктегі (жоғарыдағы) болмыс.

Ұлы («*әл-Акбар*»): бұл есім Аллаһтың ұлылыққа қатысты барлық нәрселерге ие екеніне нұсқайды.

Ең Әуелгі (әл-Әууәл), Ең Соңғы (әл-Ахир), Анық (әз-Захир), Жасырын (әл-Бәтын), Аса Білуші (әл-Ғалим)

Аллаһ Тағала былай деді:

«**Ол — Алғашқы және Ақырғы, Анық (Үстем) және Жасырын, әрі Ол барлық нәрсе туралы Білуші**» («әл-Хадид» сүресі, 3–аят).

Аллаһтың Елшісі ﷺ бұл төрт есімді тәпсірлеп, былай деді: «***Уа Аллаһ, Сен Әуелгісің әрі Сенен бұрын ешнәрсе бомаған, Сен — Ақырғысың, әрі Сенен соң ешнәрсе болмайды, Сен Үстемсің әрі Сенің үстіңде ешнәрсе жоқ, Сен Жасырынсың әрі Сенің астыңда ешнәрсе жоқ***». Бұл хадисті Муслим келтірген.

Білуші: яғни білімі бүкіл болмысты қамтитын.

Аллаһ Тағала былай деді:

«**Ғайыптың кілті Оның Өзінде, әрі оны Одан басқа ешкім білмейді. Ол құрлықтағы және теңіздегі нәрселерді біледі. Тіпті жапырақ түссе де, Аллаһ оны біледі. Әрі жердің**

қараңғылықтарындағы дән болса да, және құрғақ немесе жас нәрсе болса да, бұл анық Кітапта бар» («әл-Әнғам» сүресі, 59–аят)**.**

Естуші, Көруші

Аллаһ Тағала былай деді:

«**Әрі Ол — Естуші, Көруші»** («әш-Шура» сүресі, 11–аят)**.**

Ол — **Естуші**, ал бұл есту Оның сипаты екенін білдіреді. Ол — **Көруші**, ал бұл көру Оның сипаты екенін білдіреді. Демек, Ол барлық нәрсені көреді және естиді, әрі ешнәрсе Одан жасырын қала алмайды.

Аса Дана, Барлық нәрседен Хабардар

Аллаһ Тағала былай деді:

«**…Әрі Ол — Аса Дана, барлық нәрседен Хабардар»** («әр-Саба» сүресі, 1–аят)**.**

Аса Дана: бұл Оның бұл дүниемен арғы дүниедегі жаратқан нәрселерін Өзі орнатқан болмыстық және діни заңдары арқылы басқаратынын әрі Ол Өзі қалай қаласа, солай үкім ететінін білдіреді. Ешкім оның үкімін кері қайтара алмайды, әрі Ол кемел хикмет-даналық Иесі болғандықтан, Оның барлық әмірлері мен жаратылыстары кәміл нақтылық (дәлдік) пен көркемдікке ие.

Барлық нәрседен Хабардар: Яғни көрнеу мен көмес-ғайып туралы хабардар.

Аллаһтың сипаттарына мыналар да жатады:

Жүз (Дидар)

Аллаһ Тағала былай деді:

«**Ұлылық пен жомарттық (құрмет) Иесі Раббыңның Дидары ғана қалады»** («әр-Рахман» сүресі, 27–аят)**.**

Қол

Аллаһ Тағала былай деді:

«**...Бірақ Оның Екі Қолы ашық...**» («әл-Мәида» сүресі, 64–аят).

Көз

Аллаһ Тағала былай деді:

«**(Мухаммад) Раббыңның үкіміне сабыр ет. Өйткені сен көз алдымыздасың**» («ат-Тур» сүресі, 48–аят).

Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деді:

«**(Әй Муса!) Сенің көз алдымызда бағылуың үшін...**» («Та Ха» сүресі, 39–аят).

Бұл жерде екі көз меңзелуде, әрі сондықтан да Аллаһтың Елшісі ﷺ: «***...Расында, Раббыларың біркөзді емес***», — деді.

Аталған үш сипат Аллаһтың Өзіндік болмысына қатысты.

Аршыға орнығу

Аллаһ Тағала былай деді:

«**Аса Мейірімді Аршыға көтерілді (орнықты)**» («Та Ха» сүресі, 5–аят).

Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деді:

«**Содан кейін Аршыға көтерілді (орнықты)**» («әл-Әғраф» сүресі, 54–аят).

Сөз етіліп жатқан көтерілу (орнығу) биіктікке (ең жоғары шекке), басқа нәрселердің барлығының үстінде болуға, көтерілуге және мығымдыққа нұсқайды. Мұндай орнығу іс-әрекет сипаттарына жатады.

Бірге болу

Аллаһ Тағала былай деді:

«**Ол сондай (Аллаһ) көктер мен жерді алты күнде жаратып, сосын Аршыға көтерілді (орнықты). Ол жерге кірген нәрсені және одан шыққан нәрсені, көктен түскен нәрсені және оған көтерілген нәрсені біледі. Сондай-ақ Ол, қайда болсаңдар да, сендермен бірге. Аллаһ не істегендеріңді толық көруші**» («әл-Хадид» сүресі, 4–аят).

Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деді:

«**(Мухаммад,) расында, Аллаһ көктер мен жердегі нәрселерді білетінін білмейсің бе?! Үшеуі сыбырласса, әлбетте, олардың төртіншісі Ол болады, әрі бестің алтыншысы — Ол. Немесе, бұлардан аз, не көп, тіпті қайда болса да, әрине, Ол олармен бірге болады. Содан кейін Қиямет күні Ол оларға не істегендерін білдіреді. Шүбәсіз, Аллаһ әр нәрсені толық білуші!**» («Мужәдәлә» сүресі, 7–аят).

Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деді:

«**…[Мухаммад] өзінің жолдасына: “Қайғырма, расында, Аллаһ бізбен бірге!” — деді**» («әт-Тауба» сүресі, 40–аят).

Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деді:

«**Расында, Аллаһ — тақуалық және игілік жасаушылармен бірге**» («ән-Нәхл» сүресі, 128–аят).

Бірге болудың екі түрі болады: жалпымен бірге болу, әрі бұған «әл-Хадид» және «әл-Мужәдәлә» сүрелерінің жоғарыда келтірілген аяттары нұсқайды. Бұл Жаратушының Өзі жаратқан жаратылыстарының барлығын қамтитын білімімен байланысты.

Екінші түрі Оның Өзі жаратқан тіршілік иелерінің бір бөлігімен бірге болуы. Бұған «әт-Тауба» және «ән-Нәхл» сүрелерінің жоғарыда келтірілген аяттары нұсқайды.

Бұл жерде Оған жақын болғандар туралы сөз болуда, өйткені осы аяттардың мағынасына сәйкес Ол оларға үнемі көмек пен қолдау жасайды әрі оларды қорғайды.

Келу

Аллаһ Тағала былай деді:

«**Олар бұлттың көлеңкесінде Аллаһ және періштелер келіп, істің бітіп кетуін ғана күте ме?**» («әл-Бақара» сүресі, 210–аят).

Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деді:

«**…Раббың келіп, періштелер сап сап болған кезде…**» («әл-Фәжр» сүресі, 22–аят).

Бұл жерде Аллаһ Тағаланың Қиямет Күні құлдарына қатысты ең соңғы шешім шығару үшін келетіні меңзелуде. Бұл сипаттар іс-әрекет сипаттары болып табылады.

Төменгі аспанға түсу

Екі «Сахих» жинақтарында Абу Хурайрадан, Аллаһ оған разы болсын, Пайғамбарымыздың ﷺ былай деп айтқаны жеткізіледі: «***Әр түні түннің үштен екі бөлігі өткенде Раббымыз төменгі аспанға түсіп, былай дейді: “Мен Маған дұға етіп жалбарынғанның дұғасына жауап беремін, Мен Менен әлдебір нәрсе сұрағанға сұрағанын беремін, Мен Менен кешірім сұрағанды кешіремін”***».

Сөйтіп, бұл хадис Пәк Аллаһ Тағаланың түн сайын төменгі аспанға түсетінін растайды, ал бұл Оның іс-әрекет сипаттарына жатады.

Сөйлеу

Аллаһ Тағала былай деді:

«**Муса белгілі уәдемізде келгенде, Раббы оған сөйледі…**» («әл-Әғраф» сүресі, 143-аят).

Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деді:

«**Сол кезде Аллаһ: “Уа Мариям ұлы Иса! ” — деді**» («әл-Мәида» сүресі, 116-аят).

Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деді:

«**Егер әлдебір мушрик сенен пана сұраса, оған, Аллаһтың сөздерін естуі үшін, пана бер**» («ат-Тәуба» сүресі, 6-аят).

Сөйлеу немесе Аллаһтың сөздері Оның сипаттарына жатады. Аллаһ қаласа, қалаған уақытында әрі қалағанындай етіп сөйледі. Оның дауысы естіледі, ал Оның сөздері бір жағынан Оның өзіндік-болмыстық сипаты әрі басқа жағынан Оның іс-әрекет сипаты болып табылады.

Құран өзінің құрамына түсірілген және жаратылмаған сөздерді қамтиды.

Аллаһ Тағала былай деді:

«**Әрі бұл — Біз түсірген Берекелі Кітап, ендеше соған ілес…**» («әл-Әнғам» сүресі, 155-аят).

Жоғарыда айтылғандай, Аллаһтың сөздері Оның сипаттарының бірі болып табылады, ал Оның сипаттары жаратылмаған.

Жақсы көру

Аллаһ Тағала былай деді:

«**…расында, Аллаһ игілік жасаушыларды жақсы көреді**» («әл-Бақара» сүресі, 195-аят).

Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деді:

«**Расында, Аллаһ тақуаларды жақсы көреді**» («ат-Тәуба» сүресі, 4-аят).

Разы болу

Аллаһ Тағала былай деді:

«**Аллаһ оларға разы болады, әрі олар да Аллаһқа разы болады**» («әл-Мәида» сүресі, 119-аят).

Ашулану

Аллаһ Тағала былай деді:

«**…әрі Аллаһ оларға ашуланды…**» («әл-Фатх» сүресі, 6-аят).

Біз осы есімдер мен сипаттардың Аллаһқа тән екенін нақты білеміз, өйткені Ол Өзі Өзін осылай атады әрі Оның Елшісі ﷺ Оны осылай атады. Бұда Құран мен Сүннеттен ешқандай ауытқу жоқ, өйткені олардың айқын мағынасынан ауытқуға да, осының астарында не жасырынғанын анықтау үшін талпыныс жасауға да, Оның осы сипаттарын адамдарға тән сипаттармен салыстыруға да болмайды.

Аллаһ Тағала былай деді:

«**Оған ұқсас ешнәрсе жоқ…**» («әш-Шура» сүресі, 11-аят).

Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деді:

«**Оған ұқсас біреуді білесің бе?**» («Мәриям» сүресі, 65-аят).

Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деді:

«**…әрі Оған тең ешкім жоқ**» («әл-Ихлас» сүресі, 4-аят).

Құдайлық есімдер мен сипаттарға ие болудағы бірқұдайшылықты қалай түсіну керек

Аллаһ Тағаланың есімдері мен сипаттарын дұрыс түсіну Аллаһ Өзін Өзі солармен сипаттаған және Аллаһтың Елшісі ﷺ Оны солармен сипаттаған есімдер мен сипаттарға деген мығым иманға және кәміл сенімге негізделеді, әрі осы орайда оларды бұрмалауға (*тахриф*), жоққа шығаруға (*тағтыль*), олардың

кейіпін елестетуге (*такйиф*) және оларды жаратылыстардың сипаттарына ұқсатуға (*тәмсил*) болмайды.

Бұрмалау (*тахриф*) Аллаһтың есімдері мен сипаттарының шынайы мәнін өзгертуді меңзейді. Ол екі түрлі болады:

1) Сөзге артық әріпті қосу, немесе одан бір немесе бірнеше әріптерді алып тастау, немесе ондағы дыбыстау белгілерін (харакаттарды) ауыстыру арқылы атаудың өзін бұрмалау. Осылайша адасқан ағымдардың өкілдері Аллаһ Тағаланың:

«**Мейірімді Аршыға көтерілді (немесе Аршыда орнықты)**» («Та ха» сүресі, 5-аят) деген аятындағы «истауа» сөзін өзгертті. Бұл сөздің мағынасы «биіктеді», «жоғарылады», «көтерілді», «орнықты» болып табылады, бірақ олар оны «истаулә» деп бұрмалады, ал бұл сөздің мағынасы түбегейлі басқаша, яғни «игерді (иеленді)».

2) Сөздің мағынасын оның ежелгі, яғни Аллаһ пен Оның Елшісі берген шынайы мән-мағынасынан басқаша етіп өзгертіп түсіндіру (тәпсірлеу) арқылы оның мағынасын бұрмалау. Мысалы, Аллаһ Тағаланың «Аллаһтың Қолы» деген сөздеріндегі «қол» сөзін «Аллаһтың Құдіреті» немесе «Аллаһтың Мейірімі» деп бұрыс түсіндіру. Бұндай тәпсірлеу дұрыс емес болып табылады әрі Құран мен Сүннеттің мәтіндерінде де, араб тілінің жалпы мойындаған ережелерінде де негізге ие емес.

Жоққа шығару (*тағтыль*) Аллаһтың сипаттарын толық мойындамауды меңзейді. Мұндайды тек Аллаһ Тағаланың ешқандай сипаттары жоқ деп есептейтіндер ғана істейді.

Кейіпін елестету (*такйиф*) құдайлық сипаттардың сүреттемелерін немесе кейіпін елестетуді меңзейді. Мұндайды Аллаһтың сипаттарының мағынасын бұрмалап, оларға белгілі

бейне (кейіп) беретіндер әрі, мысалы, Оның Қолының қандай екенін немесе Ол Аршыға қалайша көтерілгенін сипаттайтын кейбір адасқан ағымдардың өкілдері істейді. Мұндай сипаттамалар өтірік, өйткені бұл туралы Аллаһтың Өзінен басқа ешкім білмейді. Жаратылыстар бұл туралы білмейді де, әрі білуге құдіретті де емес.

Ұқсату (*тәмсил*) Аллаһтың сипаттарын жаратылыстардың сипаттарына ұқсату. Мұндай адам, мысалы: «Аллаһ біздің естуіміздей болған есту сипатына ие», — деп, немесе: «Аллаһтың Жүзі біздің жүздеріміз сияқты», — деп айтады. Аллаһ мұның барлығынан пәк әрі жоғары!

Аллаһтың есімдері мен сипаттарына қатысты дұрыс тәсіл үш қағидаға негізделеді, әрі оларды түсініп қабылдаған әрбір адам бұл мәселеде ешқашан адасушылыққа түспейді. Бұл ережелер келесідей:

1. Аса Жоғары әрі Ұлы Аллаһтың ешқандай сипаты Оның жаратылыстарының сипаттарына ұқсамайды.

Аллаһ Тағала былай деді:

«**Оған ұқсас ешнәрсе жоқ, әрі Ол — Естуші, Білуші**» («әш-Шура» сүресі, 11–аят)**.**

Бұл көркем аят Жаратушы мен жаратылыстардың арасында қандай да бір ұқсастықтықтың жоқ екеніне нұсқайды, әрі есту мен көру сияқты сипаттар өте көп жаратылыстарға тән болуына қарамастан, Аллаһ Тағала жаратылыстардың естуі мен көруіне ұқсамайтын есту мен көру сипаттарына ие екенін анық бекітіп айтады. Бұл сондай-ақ Аллаһ Тағаланың:

«**Аллаһты ешкіммен салыстырмаңдар**» («ән-Нәхл» сүресі, 74–аят)**,** және Аллаһтың:

«**…әрі Оған тең ешкім жоқ**» («әл-Ихлас» сүресі, 4–аят) деген сөздерімен де расталады.

2. Аллаһ Өзін Өзі солармен атаған әрі сипаттаған әрі Аллаһтың Елшісі Оны солармен сипаттаған есімдер мен сипаттар Оның Ұлылығына лайық болып табылады.

3. Аллаһ Тағаланың сипаттарының болмысын білуге талпынуға болмайды, өйткені жаратылыстар бұған қабілетті (құдіретті) емес. Бұл Аллаһ Тағаланың мына сөздерімен расталады:

«**Өйткені Аллаһ олардың алдарындағыны да, арттарындағыны да біледі. Бірақ олар оны білімдерімен қамти алмайды**» («Та ха» сүресі, 110–аят)**.**

Сау ақылға ие адам өз ақылының ол одан асып өте алмайтын шегі бар екенін түсінуі керек, бұл оның есту мен көру қабілеттерінің шексіз емес екені сияқты. Ал кім өзінің ақылымен жету мүмкін емес нәрселерге жетуге талпынса әрі, мысалы, Аллаһтың сипаттарының болмысы туралы ой-пікірлерге кірісіп кетсе, сол қабырғаның артындағы нәрсені көргісі келетін, немесе өзінен өте алыста шығып жатқан дыбыстарды естуге үміттенетін біреу сияқты болады.

Коран мен Суннет Аллаһ Тағаланың көптеген ең көркем есімдері мен ең кемел сипаттарын атайды, әрі олардың барлығын санап шығу мүмкін емес. Біз келтірген сипаттар олардың кейбіреулері ғана. Әрбір мұсылман адам барлық құдайлық есімдер мен сипаттарды Аллаһтың ұлылығы мен кемелдігіне лайықты етіп мойындауға міндетті. Ол Аллаһ Тағала Өзінің Кітабында Өзін сипаттаған барлық нәрселерді мойындауы керек, өйткені Ол Өзі туралы өз жаратылыстарынан жақсырақ біледі. Әрбір мұсылман адам сондай-ақ Аллаһ Елшісінің де өз

Сүннетінде Аллаһты қалай сипаттаған болса, соны мойындауы керек, өйткені ол Раббы туралы басқа адамдардың барлығынан жақсырақ хабардар еді, әрі ол олардың арасындағы ең ықыластысы, ең тілге шебері, ең ізгісі және ең тақуасы болатын. Әрі ешкім Аллаһ Тағаланың қандай да бір сипатын жоққа шығаруға немесе оны жаратылыстардың сипаттарына ұқсатуға құқықты емес, өйткені «**Оған ұқсас еш нәрсе жоқ, әрі Ол — Естуші, Көруші**» («әш-Шура» сүресі, 11-аят).

Құдайлық болмыстағы бірқұдайшылық (таухид әл-улуһийя)

Араб тіліндегі «*улуһия*» сөзі «Құдай» деген мағынаны білдіретін «*Илаһ*» сөзінен туындаған. «Құдай» — бұл оған махаббат пен тағзым негізінде бағынатын объект. Оған бағыныш пен тағзым танытылады, одан қорқады әрі оны қалайды, қайғы-қасіретте одан құтылу тілеп жалбарынады, әрі өмірдің маңызды сәттерінде оған дұға-тілектер жолданады, игілік күтуде оған тәуекел етіледі әрі одан қорғау мен пана сұралады. Әрі адамның жүрегінде Құдайға қатысты осының барлығының қалыптасуының себебі Құдайдың басқа адамдар мен жаратылыстарға қолжетімсіз кәмілдік пен ұлылық сипаттарына ие болуында.

Құдайлық болмыстағы бірқұдайшылық («*таухид әл-улуһия*») — бұл жүректің тек Аллаһ қана шынайы құдай болып табылатынына, әрі тек Ол ғана Оған құлшылық етуге лайықты деп мығым сенуі. Өйткені егер тек Аллаһ Тағала ғана жалғыз

Раббы болса әрі тек Ол ғана кемел құдайлық есімдер мен сипаттарға ие болса, онда шынайы Құдай да тек Ол ғана ғой.

Аллаһ Тағала былай деді:

«**Расында, әр үмметке: «Аллаһқа ғана құлшылық қылыңдар, әрі Одан басқа кімге болса да (құлшылық етуден) аулақ болыңдар», — дейтін елші жібердік**» («ән-Нәхл» сүресі, 36–аят).

Аллаһ Тағала былай деді:

«**Өйткені, расында, Аллаһ — Ол хақ, ал олардың Аллаһтан өзге сиынғандары ол — өтірік, әрі, расында, Аллаһ — Ол өте Жоғары, аса Үлкен**» («әл-Хәж» сүресі, 62–аят).

Әрі Аллаһ Тағала Құранда бізге адамдардың құдай санап құлшылық етіп жатқан объектілерінің барлығы шын мәнісінде ондай емес екенін және өтірік болып табылатынын хабарлады. Яғни адам оларға мойынсұну, дұға етіп жалбарыну, үміт ету, қорқу, көмек тілеу, тәуекел ету арқылы олардан ешнәрсе ала алмайды. Бұл туралы Аллаһ Тағала былай деді:

«**Олар ешнәрсені жаратпаған, өздері жаратылған нәрселерді Аллаһқа серік қоса ма? (Аллаһқа серік қосқан нәрселері) оларға жәрдем ете алмайды, әрі тіпті өздеріне де жәрдем ете алмайды**» («әл-Әғраф» сүресі, 191-192–аяттар).

«**Ал сендердің Аллаһтан өзге жалбарынғандарың сендерге жәрдем ете алмайды. Олар тіпті өздеріне де жәрдем ете алмайды**» («әл-Әғраф» сүресі, 197–аят).

«**Ол Аллаһ, түнді күндізге кигізіп, күндізді де түнге кигізеді. Сондай-ақ ай мен күнді игерді. Бәрі де белгілі бір мерзімге дейін жүріп тұрады. Раббыларың Аллаһ осындай. Иелік Оған тән. Одан өзге табынғандарың бір ұрық қабығына да ие емес. Егер оларға жалбарынсаңдар, дауыстарыңды естімейді. Бірақ егер естігенде де, сендерге жауап қайтара алмайтын еді. Сондай-ақ Қиямет күні олар сендердің серік қосқандарыңды тәрк етеді. Бүкіл нәрседен то-**

лық Хабардар (Аллаһтай) саған ешкім түсіндірмейді» («Фатыр» сүресі, 13-14 - аяттар)**.**

Адамзаттың басым бөлігі Аллаһты Раббы, Жаратушы, Ризық Беруші, Иелік етуші деп мойындайды, — әрі мұның барлығы раббылықтағы бірқұдайшылыққа жатады, — бірақ сонымен бірге Оған құлшылық етуде ешкімге пайда да, зиян да келтіре алмайтын, ешкімге ешнәрсе бере де алмайтын, ала да алмайтын әртүрлі пұттарды, мүсіндерді, дүниеден өткен салиқалы адамдардың әруақтарын, періштелерді, жұлдыздарды және ағаштарды Оған серік қосып жатады.

Бұл туралы Аллаһ Тағала былай деді:

«**Олардың басым бөлігі Аллаһқа серік қосқан күйде иман келтіреді»** («Юсуф» сүресі, 106–аят)**.**

Пайғамбардың ﷺ заманында өмір сүрген көпқұдайшылмүшриктер Аллаһты Раббы, Жаратушы, Ризық Беруші әрі Басқарушы Ие деп мойындайтын, бірақ олардың көпқұдайшылығы әлемдердің Раббысыммен бірге басқа әлдебіреулерге немесе әлдебір нәрселерге құлшылық ететіндерінде көрініс табатын. Олар Аллаһтан басқаларға дұға етіп жалбарынып, олардан құтқару сұрап және мұқтаждарын тілеп, Оған теңдес әрі серік қосатын.

Аллаһ Тағала Өзінің Қасиетті Кітабының көптеген жерлерінде араб көпқұдайшылдарының Аллаһтың раббылығын, яғни таухид әр-рубубияны мойындайтындарына, бірақ сонымен бірге Оған құлшылық етуде серіктер қосатындарына нұсқайды. Мысалы, Аллаһ Тағала былай деді:

«**Егер олардан: “Көктер мен жерді кім жаратты және күн мен айды кім бағындырды?”, — деп сұрасаң, олар әлбетте: “Аллаһ”, — дейді. Сонда олар қайда лағып барады!**» («әл-Анкабут» сүресі, 61–аят)**.**

Пәк және Аса Ұлы Аллаһ сондай-ақ былай деді:

«**Егер олардан: “Көктен жаңбыр жаудырып, онымен жерді өлімнен кейін жандандыратын кім?”, — деп сұрасаң, олар әлбетте: “Аллаһ”, — дейді. (Мухаммад): “Барлық мақтау Аллаһқа тән”, — де. Бірақ олардың көбі түсінбейді**» («әл-Анкабут» сүресі, 63–аят).

Ол тағы да былай деді:

«**Егер олардан оларды кім жаратты деп сұрасаң, олар әлбетте: “Аллаһ”, — дейді. Сонда олар (ақиқаттан) нендей бұрылған?!**» («әз-Зухруф» сүресі, 87–аят).

Ол сондай-ақ былай деді:

«**(Мухаммад, оларға): “Егер білсеңдер, жер жүзі мен ондағылар кімнің иелігінде?”, — де. Олар дереу: “Аллаһтың”, — дейді. “Ал сонда да зер салмайсыңдар ма?”, — де. “Жеті көктің Раббысы және ұлы Аршының Раббысы кім?” — де. Олар дереу: “Аллаһ”, — дейді. “Сонда да қорықпайсыңдар ма?”, — де. “Егер білсеңдер, әр нәрсенің басқаруы Соның Қолында болған, Өзі Қорғаушы, Қорғалмайтын (немесе Оған қарсы біреуді біреу қорғай алмайтын) кім?”, — де. Олар дереу: “Аллаһ”, — дейді. “Ендеше, нендей алданғансыңдар?”, — де!**» («әл-Муъминун» сүресі, 84-89–аяттар).

Пайғамбарымыздың ﷺ заманындағы көпқұдайшыл арабтар пұттарды өздерінше жаңбыр жаудырады, осы дүниені ризықтандырады әрі оны басқарады деп санамайтын. Керісінше, олар бұған тек Пәк Раббы ғана құдіретті деп сенетін, әрі олардың Аллаһтан бөлек соларға дұға етіп жалбарынатын пұттары өздері жаратылыстар болып табылатынын әрі өздеріне де, оларға құлшылық ететіндерге де өздігінше пайда да, зиян да келтіре алмайтынын мойындайтын. Олар осы пұттардың өлтіре де, тірілте де алмайтындарын, әрі тура сол сияқты ести де, көре де алмайтындарын білетін. Олар Пәк Аллаһтың жалғыз Жаратушы болып табылатынын, ал басқа нәрселердің барлығы Оның жаратылыстары екенін, Ол — жалғыз Раббы, ал басқа-

лардың барлығы — Оның билігінің астындағы құлдары екенін мойындайтын. Бірақ сонымен бірге олар Аллаһтың жаратылыстарынан Оның алдында дәнекер болуларын сұрап әрі осы арқылы Оған жақындауға талпынып, Оған серік әрі дәнекер ететін. Әрі сонда Аллаһ Тағала олар туралы былай деді:

«**Сондай Аллаһтан өзгені өздеріне қамқоршы етіп алғандар: «Біз бұларға олар бізді Аллаһқа жақындастырсын деп қана табынамыз», — дейді**» («әз-Зүмәр» сүресі, 3-аят).

Яғни олар осы пұттарынан өздері үшін Аллаһтың алдында оларға көмек көрсетілуі, ризық берілуі, басқа дүниелік істері ретке келтірілуі үшін дәнекер болуын сұрайтын.

Біз көріп тұрғанымыздай, көпқұдайшылдар өз негізінде Аллаһ бүкіл болмыстың Раббысы екенін мойындайтын, бірақ осыған қарамастан, Аллаһ Тағала оларды мұсылмандар деп атамады. Керісінше, Пәк әрі Ұлы Аллаһ оларды көпқұдайшылдар және кәпірлер деп атап, оларды Тозақтағы мәңгі азаппен қорқытты әрі олардың өмірі мен мал-мүлкін Өзінің Елшісі үшін (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) халал етті, өткені олар раббылықтағы көпқұдайшылықтың шартын орындамады, яғни жалғыз Аллаһқа ғана құлшылық етпеді.

Осы айтылғандардың барлығынан тек бір Аллаһқа ғана құлшылық етпей, Оны жалғыз Раббы деп мойындаудың өзі мұсылман болу үшін жеткіліксіз екені әрі бұл Аллаһтың жазасынан құтқармайтыны айқын болады. Бұған қоса Аллаһ Тағаланының раббылығын мойындап, бірақ Оған ғана құлшылық етпеу адамның өзіне қарсы дәлел болады, өйткені Аллаһты жалғыз Раббы деп мойындау өз құлшылық-ғибадатыңды жалғыз Оған ғана ықыласты түрде бағыштауды әрі осы орайда Оған ешкімді және ешнәрсені серік қоспауды міндеттейді, әрі адамның мойнына тек Оған ғана құлшылық ету міндетін жүктейді.

«Лә иләһа иллә-ллаһ» куәлік сөздері

Бұл жіктеу бірқұдайшылықтың үш өзара байланыссыз түрі бар екенін әрі адам осылардың біреуін ғана ұстанып, қалғандарына мән бермей-ақ қойса болады дегенді әрі олардың арасында маңыздылығы бойынша үлкендеуі немесе кішілеуі бар дегенді білдірмейді. Адам бірқұдайшылықтың осы үш түрінің барлығын тұтас орындаса ғана бірқұдайшылықты ұстанған болып саналады. Ал кім оның бір түрінде болса да Аллаһқа серік қосса, сол осы үш түрдің барлығында Оған серік қосқан болады, өйткені олардың арасында тығыз байланыс бар. Мысал ретінде Аллаһтан басқаға дұға етіп, Аллаһ қана беруге құдіретті нәрсені басқадан сұрап жатқан, әрі сонысымен Аллаһтың құлшылыққа лайықты жалғыз Құдай екенінде тартысып жатқан адамды келтіруге болады. Ал егер Аллаһтың Раббылықтағы жалғыздығы туралы айтар болсақ, онда бұл адам пайдаға қол жеткізуге немесе өзінен әлдебір жамандықты қайтаруға үміттеніп Аллаһтан басқа біреуге дұға етуде, өйткені ол өзі соған дұға етіп жатқан әлдебіреудің немесе әлдебір нәрсенің Аллаһтың иелігіндегі белгілі бір нәрселерді басқара алатынына әрі оның сұранысын қанағаттандыратынына сенімді. Ал егер Аллаһтың ең кемел (құдайлық) есімдер мен сипаттарға ие болудағы жалғыздығы туралы айтар болсақ, онда бұл адамның іс-әрекетінен оның дұға етіп жатқан нәрсесі — естуші, жақын, әрі ол өзіне дұға етіп жатқандардың барлығын еститіні және олардың тілектері мен қалауларын орындап, сұрағандарын бере алатыны келіп шығады.

Әрі жалғыз Аллаһ қана шынайы құдай екені «*Лә иләһа иллә-ллаһ*» — Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ» куәлігінде өз көрінісін табады. Бұл ұлы куәліктің мән-ма-

ғынасы Аллаһтан басқа ешкім жаратылыстардың құлшылық етуне құқықты емес екенінде, өйткені Аллаһтан басқа ешкім құдайлық сипаттарға, яғни кемелдік пен ұлылық сипаттарына ие емес, тек Ол ғана бүкіл болмыстың Ұлы Раббысы әрі Жаратушысы болып табылады. Тек Ол ғана әлемиеттегі бүкіл құбылыстарды басқарады, тек Ол ғана бүкіл кемелдік сипаттарының иесі әрі кез-келген кемшіліктерден пәк болып табылады, әрі, демек, тек Соның алдында ғана құлдық ұрып тағзым ету керек. Аллаһ Тағала жалғыз Өзі ғана жаратылысты әуелден жаратады әрі оларды жаңадан қайта жасайды, әрі бұл құбылысқа Онымен бірге ешкім қатыспайды. Ал бұл өз кезегінде тек Ол ғана құлшылыққа лайықты екенін әрі осыда Оған ешкім серік болуға құқықты емес екенін білдіреді.

«Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ» куәлігінің шарттары

Адам оларды айту арқылы өзінің Ислам дініне кіретінін жариялайтын бұл ұлы сөздер шын жүректен шығып оны айтқан адамға пайда келтіруі үшін жеті шарт орындалуы керек. Оларға нұсқау Құран мен Сүннете келген, бірақ бұл жерде сөз тиісті шарттарды жаттап алу туралы емес, бірақ олардың мағынасын мығым ұстану туралы болып тұр, өйткені белгілі бір адам оларды тізбектеп айтып бере алмаса да, олардың барлығын түгел орындап жүрген болуы, ал басқа бір адам оларды жаттап алса да, оларға қарама-қайшы амал жасап жүрген болуы да мүмкін.

Бірінші: білместікпен сыйыспайтын білім

Бұл жерде өзіне теріске шығару мен бекітуді қамтыған осы сөздердің мағынасын білу меңзеліп тұр.

Аллаһ Тағала былай деді:

«**Ендеше, Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ екенін біл**» («Мухаммад» сүресі, 19–аят).

Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деді:

«**…ақиқатты біліп, оны мойындағандардан басқа**» («әз-Зухруф» сүресі, 86 –аят).

Яғни Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ екеніне куәлік етіп, осы орайда тілдері айтқан осы сөздердің мағынасын жүректерімен білгендер меңзелуде.

Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деді:

«**Аллаһ, періштелер және білім иелері Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқтығына куәлік берді**» («Әли Имран» сүресі, 18–аят).

Екіншісі: күмән-шүбәмен сыйыспайтын айқын сенімділік

Бұл жерде осы сөздерді айтып жатқан адам өзі куәлік беріп жатқан нәрсесіне ешқандай күмән-шүбәсіз толық сенімді болуы керек екені меңзеледі.

Аллаһ Тағала былай деді:

«**Расында, мүминдер — Аллаһқа және Оның елшісіне иман келтіріп, сосын күмән келтірмегендер және Аллаһтың жолында өз малдарымен әрі жандарымен соғысқандар. Міне, солар нағыз шыншылдар**» («әл-Хужурат» сүресі, 15–аят).

Осылайша, Аллаһ Тағала олардың Аллаһ пен Оның Елшісіне иманының ықыластылығына күмән-шүбалардың жоқтығын шарт етіп атады.

«Әс-Сахих» хадистер жинағында келтірілген хадисте Абу Хурайра (Аллаһ оған разы болсын) Аллаһ Елшісінің ﷺ былай деп айтқанын жеткізген: «***Мен Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ екеніне және мен — Аллаһтың елшісі екеніме куәлік беремін. Әрі, расында, Аллаһтың пендесі осыда күмәні болмай Аллаһқа жолықса, міндетті түрде Жәннатқа кіреді!***»

Үшіншісі: тәрк етумен сыйыспайтын қабылдау

Бұл жерде жүректің осы куәлік талап ететін нәрселерді қабылдауы меңзеледі, әрі ол сөзбен айту, іс-амалдармен растау және осы куәліктің мағынасына қайшы келетін барлық нәрселерді тәрк ету (қабылдамау) арқылы көрініс табады. Елшілердің сөздерін кері қайтарып, қабылдамаған адамдар дәл осыны істемеген болатын, әрі Аллаһ Тағала олар туралы былай деді:

«**Осылайша (Мухаммад) сенен бұрын бір елді мекенге (пайғамбар) жіберген болсақ, олардың беделділері: «Расында, біз аталарымызды белгілі бір дін үстінде таптық. Біз де солардың ізімен жүреміз», — деді**» («әз-Зухруф» сүресі, 23–аят).

Ал кәпірлерге келер болсақ, онда олар туралы Аллаһ Тағала былай деді:

«**Оларға: “Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ”, — делінсе, олар менмендік ететін еді. Сондай-ақ олар: “Біз жынды ақынның сөзіне бола, құдайларымызды тастаймыз ба?”, — дейтін**» («әс-Саффат» сүресі, 35-36 аяттар).

«Әс-Сахих» жинағында Абу Муса әл-Әшариден (Аллаһ оған разы болсын) Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деп айтқаны жеткізіледі: «***Аллаһ мені***

адамдарға жіберген басшылық пен білім жерге жауған нөсер жаңбыр сияқты. Бұл жердің бір бөлігі құнарлы еді де, өзіне суды сіңіріп алды, әрі онда көптеген әртүрлі өсімдіктер мен шөптер өсіп шықты. Оның басқа бір бөлігі қатты еді әрі өзінің бетінде суды ұстап қалды да, Аллаһ оны адамдарға пайдалы етіп, олар оны ішуге, малын және жерін суғаруға пайдаланды. Жаңбыр сондай-ақ жердің тегістік болған бөлігіне де түсті; ол суды ұстап та қалмады әрі оған еш нәрсе де өспеді. Жердің осы бөліктері Аллаһтың дінін біліп игерген, Аллаһ мені жіберген нәрседен пайда алған, өздері білім алып, оны басқаларға да үлестірген, әрі сондай-ақ осыған өзі де жүгінбеген және мен сонымен адамдарға жіберілген Аллаһтың басшылығын қабылдамаған адамдар сияқты».

Төртіншісі: бағынбаумен сыйыспайтын мойынсұну

Бұл жерде куәлік сөздері нұсқайтын жалғыз Аллаһқа ғана ықыласты түрде құлшылық ету және кез-келген басқа нәрсеге құлшылық етуден бас тарту талабына мойынсұну меңзеледі.

Аса Құдіретті әрі Ұлы Аллаһ былай деді:

«**Раббыларыңа тәубе етіңдер! Әрі Оған бойсұныңдар!**» («әз-Зүмәр» сүресі, 54–аят).

Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деді:

«**Кім игі амал істеуші болған күйінде жүзін Аллаһқа бағындырса, берік тұтқаны ұстаған болады**» («Лұқман» сүресі, 22–аят).

Бұл жерде «Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ» куәлігі меңзелуде, ал «жүзін Аллаһқа бағындырса» деген сөздер «мойынсұнса және игілік жасаса» дегенді білдіреді.

Бесіншісі: өтірікпен сыйыспайтын шыншылдық

Бұл жерде адамның осы сөздерді айқан кезінде жүрегі тілімен келісімде болуы меңзелуде.

Аллаһ Тағала былай деді:

«**Әлиф, Ләм, Мим. Адамдар: “Иман келтірдік”, — деулерімен сыналмай тасталып қойылады деп ойлайды ма? Біз олардан бұрынғыларды да сынадық. Ендеше, Аллаһ шыншыл болғандарды әлбетте біледі, әрі Ол өтірікшілерді де әлбетте біледі**» («әл-Анкабут» сүресі, 1-3-аяттар).

Ал екіжүзділерге келер болсақ, онда олар туралы Аллаһ Тағала былай деді:

«**Сондай-ақ адамдардың ішінде (өздері мүмин емес бола тұра): “Аллаһқа және Ақырет күніне иман келтірдік”, — деп айтатындары бар. Олар Аллаһты және иман келтіргендерді алдайды, бірақ (шындығында) олар өздерін ғана алдайтынын сезбейді**» («әл-Бақара» сүресі, 8-9 аяттар).

Екі «Сахих» жинақтарында Муғаз ибн Жәбалдан, Аллаһ оған разы болсын, Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «***Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ екендігіне және Мухаммад оның елшісі екендігіне шын жүрегімен куәлік берген әрбір адамды Аллаһ Тозаққа харам етеді***», — деп айтқаны жеткізіледі.

Алтыншысы: көпқұдайшылдықпен сыйыспайтын ықылас

Бұл жерде ғибадатты тек Аллаһтың разылы үшін жасауға игі ниет ету арқылы кез-келген іс-амалды көпқұдайшылықтың қоспаларынан тазарту меңзеледі. Аллаһ Тағала былай деді:

«**Олар Аллаһқа ықыласымен, тура жолды ұстанған күйде құлшылық етуге бұйырылды**» («әл-Бәйина» сүресі, 5–аят).

Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деді:

«**Ендеше, Аллаһқа ықыласты түрде құлшылық ет! Көңіл бөліңдер! Шынайы дін Аллаһқа тән**» («әз-Зүмәр» сүресі, 2–аят).

Әл-Бухаридің «Сахих» жинағында Абу Хурайраның (Аллаһ оған разы болсын) былай дегені жеткізіледі: «Мен: "Уа Аллаһтың елшісі, сіздің шапағатыңызбен ең бақытты болатын адам кім?", — деп сұрадым, (сонда) ол: "***Кім (шын) жүрегімен немесе жан ықыласымен: "Лә илаһә иллəЛлаһ", — деп айтса, сол!***" — деді».

Жетінші: жек көрумен сыйыспайтын жақсы көру

Бұл жерде куәлік сөздерін де, ол талап ететін және нұқсайтын нәрселерді де жақсы көру, сондай-ақ оның мағынасына сәйкес амал етіп, оның шарттарын орындайтындарды жақсы көру меңзелуде. Мұнымен сондай-ақ осы сөздердердің мағынасымен сыйыспайтын көпқұдайшылықты және көпқұдайшылдарды жек көру де меңзеледі.

Аллаһ Тағала былай деді:

«**Адамдардың ішінде Аллаһтан өзгені Оған теңдес етіп, Аллаһты сүйгендей сүйетіндер бар. Ал иман келтіргендердің Аллаһты сүюі олардың махаббатынан күштірек**» («әл-Бақара» сүресі, 165–аят).

Екі «Сахих» жинақтарында Абу Хурайрадан, Аллаһ оған разы болсын, Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай дегені жеткізіледі: «***Сендердің ешбірің мені өз әкесінен, баласынан және барлық адамдардан артық жақсы көрмейінше иман келтірген болмайды***».

Екі «Сахих» жинақтарында Әнастан, Аллаһ оған разы болсын, Аллаһ Елшісінің ﷺ былай дегені жеткізілген: «***Иманның ләззатын (мына) үш (сипатпен) ерекшеленетін кісі ғана сезеді: ол Аллаһ пен Оның Елшісін барлық нәрседен артық жақсы көреді; кімді жақсы көрсе де, тек Аллаһ үшін жақсы көреді; әрі күпірлікке оралуды Отқа тасталуды қаламайтынындай қаламайды***».

Ғибадаттың рүкіндері (тіректері)

Біз жоғарыда, «*илаһ*» («құдай») сөзі — бұл махаббат пен тағзым етіп ұлықтау негізінде бағыну екенін айтып кеткен болатынбыз. Әрі осы махаббат пен тағзым етіп ұлықтау негізінде бағыну құлшылық болып табылады, әрі араб тілінде «*ғибадат*» деп аталады. Жол туралы ол «*муғаббад*» деп те айтылады (әрі бұл сөз де «*ғибада*» сөзінен туындаған). «*Мұғаббад*» деген сөзбен жолдың әбден аяқпен басылып тапталғандығы, яғни оның бағындырылғандығы меңзеледі. Сондықтан да осыдан бағыну, Аллаһтың алдында мойынсұнушылық танытуды білдіретін «*ғибада*» сөзі туындайды.

Аллаһқа бағынушылық — бұл Аллаһқа деген махаббат пен тағзым етудің негізінде Ол бұйырған іс-амалдарды орындауда әрі Ол тыйым салған іс-амалдардан бас тартуда Оған мойынсұну. Аллаһқа деген махаббат пен тағзым құлдың жүрегінде ол өзінің Раббысын танып білгенде, әрі Аллаһтың Раббылықтағы жалғыздығын және Аллаһтың құдайлық кемел есімдері мен сипаттарында жалғыз екендігін танып білгенде пайда болады.

Аллаһқа деген махаббат ғибадаттың міндетті шарты болып табылады. Егер адам әлдебіреуге мойынсұнушылықпен құлдық ұрып бағынса, бірақ осы орайда оны жек көрсе, мұндай адамды соған құлшылық етіп жатыр деп айтуға болады ма? Жоқ!

Аллаһ Тағала мүминдердің Оған деген махаббаты туралы былай деді:

«**Адамдардың ішінде Аллаһтан өзгені Оған теңдес етіп, Аллаһты сүйгендей сүйетіндер бар. Ал иман келтіргендердің Аллаһты сүюі олардың махаббатынан күштірек**» («әл-Бақара» сүресі, 165–аят).

Екі «Сахих» жинақтарында Әнастан, Аллаһ оған разы болсын, Аллаһ Елшісінің ﷺ былай дегені жеткізілген: «***Иманның ләззатын (мына) үш (сипатпен) ерекшеленетін кісі ғана сезеді: ол Аллаһ пен Оның Елшісін барлық нәрседен артық жақсы көреді; кімді жақсы көрсе де, тек Аллаһ үшін жақсы көреді; әрі күпірлікке оралуды Отқа тасталуды қаламайтындай қаламайды***».

Аллаһқа құлшылық-ғибадат ету өзінің құрамына махаббаттан басқа қорқу мен үмітті де біріктіруі қажет.

Аллаһтың алдында қорқу. Адам сондай-ақ Аллаһтан қорыққандығы себепті де Оның әмірлерін мен тыйымдарын орындауда Оған мойынсұнады. Өйткені Аллаһ бізді Өзіне бағынбаудан жазамен қорқытады. Адамның жүрегіндегі бұл қорқу сезімі Аллаһтың әмірлері мен тыйымдарын бұзумен байланысты, әрі ол міндетті болып табылады.

Аллаһ адамдарға Өзінен қорқуды былай деп бұйырды:

«**Ендеше, олардан қорықпаңдар да, Менен қорқыңдар! Егер мүмин болсаңдар**» («Әли Имран» сүресі, 175–аят).

«**Әрі Менен ғана қорқыңдар!**» («әл-Бақара» сүресі, 40–аят).

Сондай-ақ адамның Аллаһтан қорқу сезімі оның ғибадаты Аллаһтың алдында қабыл болмауымен де байланысты болуы мүмкін. Бұл туралы Аллаһ Тағала былай деді:

«**Ақиқатында, Раббыларынан қорқып үрейленетіндер, Раббыларының аяттарына иман келтіретіндер, Раббыларына серік қоспайтындар, Раббыларына қайтуларынан жүректері қорқып садақа беретіндер, — міне, осылар жақсылық істеуге асығады әрі осыда өзгелерден озады»** («әл-Муъминун» сүресі, 57-61 - аяттар).

Әт-Тирмизи мен имам Ахмад келтірген хадисте Пайғамбарымыздың ﷺ әйелі Айша (анамыз) былай баяндаған: «Бірде мен Аллаһ Елшісінен ﷺ: "**Раббыларына қайтуларынан жүректері қорқып садақа беретіндер...**" деген аят жайлы: "Олар — шарап ішетіндер және ұрлық жасайтындар ма?", — деп сұрағанымда, ол ﷺ: "***Жоқ, Сыддықтың қызы! Алайда олар — ораза ұстап, намаз оқып, садақа беріп, бұл олардан қабыл болмауынан қорқатындар,*** («**міне, осылар жақсылық істеуге асығады**»)" , — деп жауап берді».

Аллаһқа үміт ету. Аллаһ Тағала бізге Өзіне үміт етуді бұйырады. Адам ғибадат жасап жатқанда оның жүрегінде үміттің болуы міндетті болып табылады. Бұл туралы Аллаһ былай деді:

«**Сондай-ақ Аллаһтың мархаметінен күдер үзбеңдер. Өйткені, Аллаһтың мархаметінен кәпір қауым ғана күдер үзеді»** («Юсуф» сүресі, 87–аят)

Адамның үміті істеген күнәлары үшін Аллаһтың кешірімін күтумен байланысты болуы мүмкін. Яғни адамың істеген күнәлары үшін тәубе етіп, Аллаһтың кешірімін үміт ететін кездегі үміті. Аллаһ Тағала былай деді:

«**(Мухаммад) Менің өз-өздеріне зиян қылған құлдарыма: «Аллаһтың мейірімінен күдер үзбеңдер! Аллаһ бүкіл**

күнәларды кешіреді. Өйткені Ол тым Кешірімді, өте Мейірімді», — де» («әз-Зүмәр» сүресі, 53–аят)**.**

«**Ал олар қашан арсыздық істесе, не өздеріне зұлымдық қылса, Аллаһты естеріне алып, күнәларының жарылқауын тілейді, өйткені күнәларды Аллаһтан басқа кім жарылқайды»** («Әли Имран» сүресі, 135–аят)**.**

«**Сендер не үшін Аллаһтан кешірім тілемейсіңдер! Бәлкім рахым етілерсіңдер**» («ән-Нәмл» сүресі, 46–аят)**.**

Адамның үміті Аллаһ оның жасаған құлшылық-ғибадатын қабыл етуін әрі осы үшін Өзі уәде еткен сый-сауабын беруін күтумен де байланысты болуы мүмкін.

«**Әлде Аллаһқа бой ұсынып, түн ішінде сәжде етіп, тік тұрып, сондай-ақ Ақыреттен қорқып, Раббысының рахметінен үміт еткен кісі жақсы ма? (Әй Мухаммад): "Білетіндер мен білмейтіндер тең бола ма?", — де! Расында, тек ақыл иелері ғана үгіт алып, айырмашылықты біледі**» («әз-Зүмәр» сүресі, 9–аят)**.**

«**Расында, иман келтіргендер, (Аллаһ пен Оның Елшісіне) көшкендер және Аллаһ жолында соғысқандар — міне, солар Аллаһтың рахымынан үміт етеді. Аллаһ аса Жарылқаушы, ерекше Мейірімді**» («әл-Бақара» сүресі, 218–аят)**.**

Ғалымдар жүрек амалдарының осы үш түрін ғибадаттың рүкіндері (тіректері) деп атады, өйткені олар құлшылық-ғибадат етушінің жүрегінде болуы мүндетті.

Көпқұдайшылық, күпірлік, екіжүзділік

Аллаһ Өзіне иман келтіруді әрі тек Оған ғана құлшылық етуді бұйырды. Бұл бұйрықты орындамау үш түрде көрініс табуы мүмкін, олар: көпқұдайшылық (*ширк*), күпірлік (*куфр*), екіжүздділік (*нифақ*).

Көпқұдайшылық (ширк)

Араб тілінде көпқұдайшылық «*шәрика*» — «(әлдебір істе) ортақтасу, серік болу» деген мағынаны білдіретін етістіктен туындаған «*ширк*» сөзімен аталады, әрі ол «ортақтасу, серіктесу» дегені білдіреді.

Жалпы мағынада көпқұдайшылық Аллаһқа ғана тән болған нәрселерде Оған серік қосу дегенді меңзейді. Бұндай серік қосудың үш түрі болады:

Бірінші түрі — Аллаһқа раббылықта серік қосу, яғни Аллаһтың раббылық сипаттарында Оған жаратылыстарды теңдес ету, немесе осы сипаттардың әлдебіреуін, мысалы, жаратуды, ризық беруді, өлтіруді, әлемиетті басқаруды әрі т.с.с. басқаларды Жалғыз болған Одан басқаға телу (тиісті ету). Пәк әрі Ұлы Аллаһ былай деді:

«**Әй адам баласы! Аллаһ сендерге берген нығметін еске алыңдар: Сендерге көктен, жерден несібе беретін бір жаратушы бар ма? Одан басқа ешбір құдай жоқ. Сонда (ақиқаттан) нендей тентіреп бара жатырсыңдар?!**» («Фатыр» сүресі, 3-аят).

Екінші түрі — Аллаһтың құдайлық есімдер мен сипаттарға иелік етуінде Оған серік қосу, яғни осы есімдер мен сипаттардың әлдебіреуінде жаратылыстарды Аллаһқа теңестіру. Аллаһ Тағала былай деді:

«**Оған ұқсас ешнәрсе жоқ, Ол — Естуші, Көруші**» («әш-Шура» сүресі, 11–аят).

Үшінші түрі — құлшылық етуде Аллаһқа серік қосу, яғни Аллаһтың құлшылыққа лайықты шынайы Құдай ретіндегі құқығында жаратылыстарды Оған теңестіру. Бұл намазға, оразаға, дұғаға, құтқаруды тілеуге, құрбан шалуға, нәзір беруге, әрі басқа да кіші әрі үлкен, міндетті әрі құптаулы, жасырын әрі жария құлшылық-ғибадат түрлерінің барлығына қатысты. Аллаһ Тағала былай деді:

«**Адамдардың арасында Аллаһқа өзгені теңдес етіп, оларды Аллаһты сүйгендей сүйетіндері бар. Бірақ мүминдер Аллаһты күштірек сүйеді**» («әл-Бақара» сүресі, 165–аят).

Үлкен көпқұдайшылық (*ширк*) — бұл әлдебіреуді (әлденені) Аллаһқа теңдес ету әрі оған Аллаһқа құлшылық еткендей құлшылық ету. Көпқұдайшылықтың бұл түрі оны жасайтын адамды Исламнан шығарып жібереді әрі оның қалған амалдарының барлығын жойып жібереді. Ал егер адам осындай көпқұдайшылығы үшін тәубе етпей өлетін болса, онда ол Тозақта мәңгі азапталуға ұшырайды. Ол жерде ол өлмейді, әрі оның шеккен азаптары жеңілдетілмейді.

Кіші көпқұдайшылық — бұл үлкен көпқұдайшылыққа алып баруы мүмкін болған барлық істер, әрі Құран мен Сүннет мәтіндерінде ширк деп аталған, бірақ үлкен көпқұдайшылықтың дәрежесіне жетпейтін істер мен сөздер. Әрі Аллаһ Тағала мұндай күнә жасаған адамды Қиямет Күні қаласа — кешіруі, қаласа — азапты жазаға ұшыратуы мүмкін.

Үлкен көпқұдайшылық пен кіші көпқұдайшылық арасында бірнеше айырмашылықтар бар, бірақ олардың ең маңыздылары келесілер:

1. Үлкен көпқұдайшылықты Аллаһ Тағала адамға тек ол тәубе еткеннен ғана кешіреді, ал кіші көпқұдайшылықты Ол

Өзінің қалауына сәйкес тәубесіз де кешіруі мүмкін, бірақ қаласа жазалауы да мүмкін.

2. Үлкен көпқұдайшылық оны жасаған адамның басқа амалдарының барлығын зая етіп жойып жібереді, ал кіші көпқұдайшылық тек өзі соған араласқан істі ғана зая етеді.

3. Үлкен көпқұдайшылық оны жасаған адамды кәпір етіп, оны Исламнан шығарады, ал кіші көпқұдайшылық оны Исламнан шығармайды.

4. Үлкен көпқұдайшылықта қайтыс болған адам Тозаққа мәңгіге түседі, әрі Жәннатқа кіру мүмкіндігінен айырылады, ал кіші көпқұдайшылық болса бұл мәселеде басқа да күнәлар секілді.

Ширк қалай пайда болды?

Көпқұдайшылықтың негізі әрі бұл күнәнің адамзат баласының арасында пайда болуының себебі құрметті салиқалы ата-бабаларды шектен тыс ұлықтап, мадақтауда. Аллаһ Тағала былай деді:

«**Олар: “Өзеріңнің құдайларыңнан: Уаддтан, Суағтан, Яғустан, Яғуқтан және Насрдан бас тартпаңдар”, — деді. Олар бұрын да көптеген қауымды адасушылыққа салған болатын. Ендеше, залымдарға адасушылықтан басқа ешнәрсе арттыра көрме!**» («Нух» сүресі, 23-24 - аяттар).

Уадд, Суағ, Яғус, Яғуқ және Наср — бұл Нух қауымында өмір сүрген салиқалы кісілердің есімдері болатын. Олар қайтыс болған соң адамдар олардың ескерткіш-мүсіндерін жасап, оларды осы есімдермен атады. Олар мұны өздерінің салиқалы ата-бабаларын ұлықтау, олардың аттарын мәңгі ету, әрі олардың қадір-қасиеттерін адамдардың естеріне салып отыру үшін істеген болатын. Бірақ, кейіннен дәл осы нәрсе бұл қаумның сол өздерінің әулие санаған адамдарын Аллаһ Тағаладан бөлек

құдайлар деп дәріптеп, соларға құлшылық-ғибадат жасауына алып келді.

Нухтың қауымы құлшылық еткен пұттар кейінгі замандарда арабтардың арасында да пайда болды деп хабарланады. Уаддқа Даумат әл-Жәндалды мекендеген киләб руы, ал Суағқа хузәйл руы құлшылық ететін. Яғусқа алдымен мурад руы, ал содан соң Саба елінің жанындағы Жәуф деген жерді мекендеген Бану Ғутайф тайпасы ғибадат жасайтын. Яғуққа хамдан руы, ал Наср Зул-Килә әулетіндегі химиярлықтарда болатын. Бұл пұттардың есімдері Нух қауымының салиқалы кісілерінде болатын. Олар қайтыс болған соң шайтан алдымен олардың руластарына олар жиі отыратын жерлерге мүсіндер қойып, осы мүсіндерді солардың есімдерімен атауды сыбырлап, көкейлеріне салды. Олар осыны істеді, бірақ алғашында ешкім оларға құлшылық етпейтін. Ал осы ұрпақ қайтыс болып әрі білім жойылған соң олар сол мүсіндерге құлшылық ететін болды.

Сондай-ақ олар Адамның ұрпақтарынан болған салиқалы ізгі кісілер болған деп те әрі олардың ілесушілері олардан үлгі-өнеге алған деп те хабарланады. Олар қайтыс болған соң, олардан өнеге алып жүрген ізбасарлары: «Егер біз олардың бейнелерін жасасақ, онда сол бейне-мүсіндер арқылы оларды еске алатын боламыз, ал бұл өз кезегінде біздің бойымыздағы Аллаһқа құлшылық етуге деген ынтамызды одан сайын арттырады», — деді. Сөйтіп олар солардың бейнелерін жасады; ал осы ұрпақ қайтыс болған соң, оларды басқа ұрпақтар ауыстырды, әрі Ібіліс оларға: «Сендердің ата-бабаларың оларға ғибадат ететін, әрі солардың арқасында сендерге жаңбыр жауатын», — деп сыбырлады. Осылайша адамдар соларға құлшылық ететін болды».

Олардың осы іс-әрекеттерінде екі бүліктің біріккеніне назар бұрыңыздар. Біріншісі — олар салиқалы адамдардың қабірлерінің жанына жинала бастауы, ал екіншісі — олардың осы

мүсіндерді жасап, оларды өздерінің жиналып отыратын жерлеріне орнатып, солардың алдыларына отыруы болды. Міне, осы нәрселер адамзат тарихында алғаш рет Аллаһқа серік қосу пайда болуына алып келді. Сондықтан да, осы екі іс кез-келген заманда және кез-келген елде көпқұдайшылыққа алып келетін ең үлкен себептер және ең қауіпті жолдар болып табылады.

Ширктің кейбір түрлері

Ғибадаттың дұға сияқты түрінде Аллаһқа серік қосу. Дұға ғибадаттың бір үлгісі болғандықтан, Аллаһтан басқа әлдебіреуге дұға етіп жалбарыну көпқұдайшылық болып табылады. Демек, әлдебір пайғамбарға, періштеге, әулиеге, қабірге, немесе басқа жаратылысқа дұға ететін адам көпқұдайшыл әрі кәпір болады.

Пәк әрі Ұлы Аллаһ былай деді:

«**Кім Аллаһпен бірге басқа бір құдайға жалбарынып дұға етсе, оның осыған ешбір дәлелі жоқ. Оның есебі Раббысының қасында. Ақиқатында, кәпірлер құтылмайды**» («әл-Муъминун» сүресі, 117–аят).

Аллаһ сондай-ақ былай деді:

«**Қашан олар кемеге отырса, Аллаһ алдында дінін тазартқан күйде Оған дұға етіп жалбарынады. Ал Аллаһ оларды құтқарып, жағаға шығарса, сол уақытта олар Аллаһқа серік қосады**» («әл-Анкабут» сүресі, 65–аят).

Ғибадаттың ниет сияқты түрінде Аллаһқа серік қосу. Бұл салиқалы амалдарды тек әлдебір дүниелік мақсат-мүдделерге қол жеткізу үшін, немесе адамдарға көрсету арқылы атақ-данққа ие болу мақсатымен жасайтын, әрі осы орайда Аллаһтың разылын алуға және Оның Жәннатына лайық болуға ұмтылмайтын адамдардың іс-әрекеттерінде көрініс табады.

Мұндай адамдар Аллаһ Тағала келесідей деп хабарлаған үлкен көпқұдайшылық жасайды:

«**Кім дүние тіршілігін әрі оның зейнетін қаласа, дүниеде олардың амалдарының сый-жазасын толық береміз; сондай-ақ олар кемшілікке ұшыратылмайды. Оларға Ақыретте Тозақ отынан басқа ешнәрсе жоқ. Дүниедегі жасағандары жойылып кетті. Негізінде, олардың істегендері босқа**» («Худ» сүресі, 15-16 - аяттар)**.**

Көпқұдайшылықтың бұл түрі жасырын, бірақ өте қауіпті.

Бағынуда Аллаһқа серік қосу. Кімде-кім жаратылыстардан әлдебіреудің Аллаһ харам еткен (тыйым салған) нәрсені халал (рұқсат) еткенде, немесе Ол халәл еткен (рұқсат еткен нәрсені) харам еткен (тыйым салған) кезінде соларға бағынса, әрі олар кез-келген қалаған нәрселерін тыйым салынған немесе рұқсат етілген деп бекіте алады әрі адамдар осыда оларға бағынулары керек деп есептесе, әрі осы орайда бұның Аллаһтың шариғатына қайшы келетінін білсе, сол өзіне Аллаһтан басқаны раббы (ие етіп) етіп алған әрі ұлы көпқұдайшылық жасаған болады.

Аллаһ Тағала бұл туралы былай деді:

«**Олар (яһуди мен христиандар) ғалымдары мен машайыхтарын және Мәриям ұлы Исаны Аллаһтан өзге раббы етіп алды. Негізінде олар бір Құдайға ғана құлшылық қылуға бұйырылған болатын. Өйткені, Одан басқа ешбір құдай жоқ. Ол олардың қосқан серіктерінен пәк**» («әт-Тәуба» сүресі, 31–аят)**.**

Бұл, мағынасы ешбір келіспеушілік тудырмайтын аятта ғалымдар мен машайыхтарға дұға етіп жалбарыну емес, алайда оларға Аллаһқа мойынсұнбауға шақыруларында, яғни Құдайдың заңдарын өзгертуде бағыну меңзелуде. Бұл хадисті дәл осылайша етіп Пайғамбардың өзі ﷺ Ади ибн Хатим деген сахабаға түсіндіріп берген болатын. Ади ибн Хатим Пайғамбар-

ға ﷺ: «Алайда біз оларға ғибадат жасамаймыз ғой!», — деп айтқанда, Аллаһтың Елшісі ﷺ оған олардың күнә істеуді бұйырып, Аллаһтың заңын өзгертіп жатқан кездерінде соларға бағыну оларға құлшылық-ғибадат ету болып табылатынын түсіндірді. Ол Адиден: «***Олар Аллаһтың хәлал еткен нәрсесін харам еткенде, сендер соны харам деп санамайсындар ма? Әрі олар Аллаһтың харам еткен нәрсесін хәлал еткенде, сендер де соны өздерің үшін хәлал етпейсіңдер ме?***» — деп сұрады, әрі Ади (оған Аллаһ разы болсын): «Иә, бұл осылай», — деп жауап берді. Сонда Пайғамбар ﷺ: «***Міне, осы — соларға құлшылық ету***», — деді (әт-Тирмизи «Сунан» (3095), ол осы хадисті жақсы деді; әт-Табарани «әл-Муғжәм әл-Кәбир» (17/92)).

Жақсы көруде Аллаһқа серік қосу. Бұл жерде жақсы көру объектісін ұлықтауды және қастерлеуді, сондай-ақ оның алдында тағзым етіп құлдық ұруды меңзейтін ғибадат ретіндегі жақсы көру меңзеледі. Мұндай жақсы көрумен тек ешбір серігі жоқ Аллаһты ғана жақсы көруге болады. Әрі егер құл осындай махаббатын Аллаһтан басқа әлдебіреуге бағыттаса, ол көпқұдайшылық жасаған болады. Аллаһ бұл туралы былай деді:

«**Адамдардың арасында Аллаһқа өзгені теңдес етіп, оларды Аллаһты сүйгендей сүйетіндері бар. Бірақ мүминдер Аллаһты күштірек сүйеді**» («әл-Бақара» сүресі, 165-аят).

Күпірлік (куфр) деген не?

Арабтың «*куфр*» сөзінің тілдік мағынасы «жабу», «орау» дегенді білдіреді. Ал бұл сөздің шариғи мағынасы иманның толық қарама-қарсысын меңзеп, Аллаһ пен Оның Елшісіне ﷺ иман келтірмеуді білдіреді. Ақиқатты жалған деп санайтын адам да, және бұлай санамаса да, бірақ оған күмән келтіретін адам да, немесе оны Құран мен Сүннеттен бет бұрғызатын көреалмаушылық себебімен тәкаппарлықтан немесе өз әуес-қалауларына ергендіктен одан теріс бұрылатын адам да кәпір болуы мүмкін.

Күпірліктің қандай түрлері бар?

Көпқұдайшылық сияқты, күпірлік те үлкен және кіші болып екі түрге бөлінеді. Үлкен күпірлік адамды мәңгілікке Тозақта қалуға дұшар етеді, ал кіші күпірлік үшін адам мәңгі азапталуға емес, бірақ жазаға лайық болады.

Үлкен күпірліктің бес әртүрлі көрінісі болады:

Бірінші түрі адамның ақиқатты жалған деп санауы себепті болатын күпірлік (*куфр такзиб*) болып табылады. Мұндай күпірлік пайғамбарлар мен Аллаһтың Елшілері өтірікшілер еді деген сенімді меңзейді. Бұған Аллаһ Тағаланың келесі сөздері дәлел болады:

«**Аллаһқа жасанды жала жапқаннан, немесе өзіне келген ақиқатқа қарсы болғаннан залым біреу бар ма? Кәпірлердің орны Тозақ емес пе?**» («әл-Анкабут» сүресі, 68–аят).

Үлкен күпірліктің екінші түрі — бұл ақиқаттан бас тартудың немесе тәкаппарлықтың себебімен болатын күпірлік (*куфр әл-иба уа әл-истикбар*). Мұндай адам Аллаһ Елшісінің ﷺ шыншыл екенін біледі, әрі оның Аллаһтан ақиқатпен келгенін де біледі, бірақ тәкаппарлығы мен қырсықтығы себепті оның бұйрықтарына мойынсұнбайды және оның әмірлерін орындамайды. Аллаһ Тағала былай деді:

«**Сол уақытта періштелерге: “Адамға сәжде қылыңдар”, — дедік. Сонда олар дереу сәжде қылды. Бірақ Ібіліс бас тартып, дандайсып кәпірлерден болды**» («әл-Бақара» сүресі, 34–аят).

Үлкен күпірліктің көрініс табуының үшінші түрі күмәнданудың себебінен болатын күпірлік (*куфр әш-шәкк*) болып табылады. Бұл күпірлік адам елшілердің шыншылдығына сенімділікті сезінбей қобалжып тұрғанда көрініс табады. Күпірліктің бұл түрі «торығып болжалдап жүру» деп те аталады, өйкені торығып болжалдау мен күмәндар сенімділік пен айқын наным-

ның қарама-қайшысы болып табылады. Аллаһ Тағаланың келесі сөздері бұған дәлел болып табылады:

«**Ол өзіне зұлымдық еткен түрде бақшасына кірді де: "Бұны әсте жоқ болады деп ойламаймын. Әрі (Қиямет) Сағаты болады деп те ойламаймын. Ал егер Раббыма қайтарылсам, онда қайтарылғаннан кейін де, әрине, бұдан да жақсысын табамын", — деді. Жолдасы онымен сөйлесіп тұрып: "Сені топырақтан, содан кейін бір тамшы судан жаратып, содан соң адам еткен Аллаһқа күпірлік еттің бе? Ал менің Раббым — Аллаһ; әрі мен Раббыма ешбіреуді серік қоспаймын", — деді**» («әл-Кәһф» сүресі, 35-38- аяттар).

Төртінші түрі — бұл ақиқатқа теріс бұрылу күпірлігі (*куфр әл-иғрад*). Бұл жердегі «теріс бұрылу» дегенде Исламнан толық теріс бұрылу, яғни адамның Елші ﷺ алып келген діннен құлағымен, жүрегімен және білімімен теріс бұрылу меңзеледі. Бұған дәлел — Аллаһ Тағаланың келесі сөздері:

«**Бірақ күпірлік еткендер өздеріне ескертілген нәрседен теріс бұрылады**» (сура «әл-Әхқаф», 3–аят).

Үлкен күпірліктің бесінші түрі екіжүзділік танытумен орын алатын күпірлік болып табылады (*куфр ән-нифақ*). Бұл — адамның өз наным-сенімінде екіжүзділік танытуы, яғни жүрегіндегі күпірлікті жасырып, өзін мүмин етіп көрсетуі. Бұған Аллаһ Тағаланың мына сөздері нұсқайды:

«**Расында, бұл олардың иман келтіріп, кейін күпірлік етіп жүректері бітелгендігі салдарынан. Енді олар түсінбейді**» («әл-Мунафиқун» сүресі, 3–аят).

Кіші күпірлік — бұл адамды кәпірге айналдырмайтын, алайда оны қатал жазаға дұшар ететін күпірлік. Деседе, ол оны істейтін адамды Тозақта мәңгі азапталуға лайықты етпейтін күпірлік. Кіші күпірлік іс жүзінде берілген нығметтерге шүкір етпеу болып табылады, әрі өзінің құрамына Құран мен Сүннетте күпірлік деп аталатын, бірақ үлкен күпірліктің дәрежесіне

жетпейтін барлық іс-амалдарды қамтиды. Төменде біз кіші күпірліктің кейбір түрлерін келтіреміз.

Аллаһтың Елшісі ﷺ былай деді: «***Адамдардағы екі сипат күпірліктің көрінісі болып табылады: шыққан текті қаралау (сөгу) және қайтыс болған адамды дауыстап жоқтау***» (Муслим, «Сахих», 67).

Ол ﷺ сондай-ақ былай деді: «***Менен кейін бір-біріңнің желкелеріңді шауып, күпірлікке оралмаңдар***» (әл-Бухари, «Сахих» 121; Муслим, «Сахих» 65).

Осы және басқа да мысалдар адамды Исламнан шығармайтын күпірлікке жатады.

Екіжүзділіктің екі түрі

Үлкен екіжүзділік

Бұл наным-сенімге қатысты екіжүзділік болып табылады. Басқаша айтқанда, адамның өзін мұсылман деп көрсетіп, жүрегіндегі күпірлігін жасыруы болып табылады. Бұндай күнәмен өлген адамдар Тозақтың түпкі бөлігінде, басқа кәпірлерден де төменде болады. Бұл туралы Аллаһ Тағала былай деп баяндаған:

«**Расында, екіжүзділе Тозақтың ең төменгі қабатында болады, және де олар үшін ешбір жәрдемші таппайсың**» («ән-Ниса» сүресі, 145–аят).

Кіші екіжүзділік

Оны сондай-ақ «амалдағы екіжүзділік» деп те атайды, ал бұл, өз кезегінде, оның көріністері әртүрлі болатындығына нұсқайды. Мысалы, Пайғамбарымыздың ﷺ былай дегені жеткізіледі: «***Екіжүздінің белгісі үшеу: сөйлесе — өтірік сөйлейді, уәде етсе — орындамайды, әрі аманатқа қиянат жасайды***». Бұл хадисті Абу Хурайрадан, Аллаһ оған разы болсын, Бухари мен Муслим жеткізген.

Пайғамбарымыздың ﷺ сондай-ақ былай дегені жеткізіледі: «***Кімнің бойында (келесі) төрт нәрсе түгел бірігетін болса, сол шын мәнінде екіжүзді болады. Ал кімнің бойында осы төрт нәрсенің біреуі болса, сода ол осы істі тастағанға дейін екіжүзділіктің белгісі болады: сөйлесе — өтірік айтады, келіссе — келісімін бұзады, уәде берсе —орындамайды, тартысса — шектен шығады***». Бұл хадисті Бухари мен Муслим Абдуллаһ ибн Амрдан жеткізген.

Періштелерге деген иман

Мұндай иман Аллаһтың Ол оларды нұрдан жаратқан және оларға белгілі міндеттерді жүктеп, олар соларды атқарумен айналысатын періштелері бар екеніне айқын сенімді меңзейді. Аллаһ оларға Өзінің әмірлеріне толық мойынсұну қабілетін және сол әмірлерді орындау үшін қажетті күш-қуат берді.

Оларға деген иман өзінің құрамына жалпы иманды және жеке иманды біріктіреді.

Жеке иманға келер болсақ, онда бұл жерде Аллаһ пен Оның Елшісі есімдерін атап айтқан періштелерге деген иман, сондай-ақ олардың сипаттары мен айналысатын істері туралы хабарлардың шындық екеніне деген иман меңзелуде. Ал жалпы иманға келер болсақ, ол періштелермен байланысты осыдан өзге барлық нәрселерге қатысты.

Муслим өзінің «Сахихында», сондай-ақ имам Ахмад та өзінің «Муснадында» Айшадан, Аллаһ оған разы болсын, Аллаһ Елшісінің ﷺ былай дегенін жеткізген: «***Періштелер нұрдан,***

жындар — лаулаған (түтінсіз) оттан, ал Адам сендерге айтылған нәрседен (балшықтан) жаратылды».

Періштелерге тән сипаттардың бірі олардың қанаттары бар екендігі болып табылады.

Аллаһ Тағала былай деді:

«**Барлық мақтау көктер мен жерді жоқтан бар етіп жасаған, сондай-ақ екі, үш және төрт қанатты періштелерді елші қылған Аллаһқа тән. Ол жаратуда қалағанын көбейтіп арттырады. Күдіксіз, Аллаһтың әр нәрсеге толық күші жетеді**» («Фатыр» сүресі, 1–аят).

Ал Аллаһтың Елшісіне ﷺ келер болсақ, онда ол Жәбірейілді, Аллаһ оны жаратқан бейнесінде көргенін әрі оның алты жүз қанаты болғанын хабарлаған.

Аллаһ Тағаланың бұйрығымен періште адамның бейнесін қабылдай алады, өйткені Жәбірейіл, оған Аллаһтың сәлемі болсын, Мәриямның алдында көркем келбеттегі ер кісінің бейнесінде көрінді, ал Аллаһтың Елшісіне ﷺ ол әппақ киім киген қап-қара шашты адам бейнесінде келген болатын. Аллаһ Тағала Ибраһим мен Лут пайғамбарларға жіберген періштелер де адам бейнесін қабылдаған еді.

Аллаһ Тағала олардың мойынсұнушылық пен бағынушылыққа толы құлшылық-ғибадаттары туралы былай деп айтты:

«**Расында, Раббыңның қасындағылар (періштелер) Оған құлшылық қылудан менменсімейді, олар Оны дәріптеп, Оған сәжде қылады**» («әл-Әғраф» сүресі, 206–аят).

Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деді:

«**Оның қасындағылар Оған құлшылық қылудан дандайсымайды әрі шаршамайды. Олар күндіз-түні Аллаһты дәріптеуден жалықпайды**» («әл-Әнбия» сүресі, 19-20–аяттар).

Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деді:

«Олар: “Рахымдының баласы бар”, — деді. Аллаһ одан пәк. Олай емес, періштелер Оның ардақты құлдары ғана[1]. Олар Одан оза сөз сөйлемейді. Сондай-ақ олар Оның әмірін ғана орындайды. Аллаһ олардың өткенін де, келешегін де біледі. Олар Аллаһтың разы болған кісісіне ғана шапағат ете алады. Олар Аллаһтан қорыққаннан тітірейді» («әл-Әнбия» сүресі, 26-28 - аяттар).

Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деді:

«…олар Аллаһтың әмірлеріне мойынсұнбаушылық жасамайды әрі өздеріне бұйырылғанды орындайды» («әт-Тахрим» сүресі, 6–аят).

Құранның әртүрлі аяттары мен пайғамбарлық хадистерде періштелердің есімдері, олардың түрлері мен бұйырылған істері аталып кеткен.

Мысалы, Жәбірейілге пайғамбарларға уахиді жеткізу бұйырылған болатын.

Аллаһ Тағала былай деді:

«(Мухаммад оларға) айт: «Кім Жәбірейілге дұшпан болса, (сол Аллаһтың дұшпаны,) өйткені ол Аллаһтың бұйрығы бойынша Құранды жүрегіңе түсірді…» («әл-Бақара» сүресі, 97–аят).

Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деді:

«Күдіксіз, бұл Құран әлбетте әлемдердің Раббысының түсіргені. Онымен сенімді Рух (Жәбрейіл) түсті. Ескертушілерден болуың үшін жүрегіңе түсірді…» («әш-Шуғара» сүресі, 192–194 - аяттар).

Кейбір хадистерде Микаилге жаңбыр мен өсімдіктердің өсуіне бақылау жасау, ал Исрафилге Қиямет Күні басталғанын білдіретін Сүр үрлеу тапсырылғандығы туралы айтылған.

---

[1] Өйткені көпқұдайшыл-мүшриктер періштелерді Аллаһтың қыздары дейтін.

Аллаһтың Елшісі ﷺ өзінің түнгі намаздарының бас жағында айтатын дұғасында осы үш періштенің есімдерін былай деп атаған: «***Уа Аллаһ, Жәбірейіл, Микаил және Исрафилдің Раббысы, көктер мен жердің Жаратушысы, айқын мен көмескі Білуші! Сен құлдарыңның өзара келіспей, дауласқан (істеріне) үкім шығарасың. Өз қалауыңмен мені даулы мәселелерден ақиқат (жолыңа) бастай гөр! Күмәнсіз, Сен қалағаныңды тура жолға салушысың!***» Бұл хадисті Муслим келтірген.

Құранда Тозақтың қараушысы болып табылатын Мәлик деп аталатын періште де аталып кеткен.

Аллаһ Тағала былай деді:

«**Тозақтықтар: “Әй Мәлик! Раббың ісімізді бітірсін”, — дейді. Ол: “Расында, сендер (мұнда мәңгі) тұрасыңдар”, — дейді»** («әз-Зухруф» сүресі, 77–аят)**.**

Періштелердің санаттары туралы

1. Олардың арасында Аршыны көтеретіндері бар

Аллаһ Тағала былай деді:

«**Сондай Аршыны көтерген және оның маңындағы періштелер Раббыларын мақтаумен дәріптейді, Оған сенеді...»** («Ғафир» сүресі, 7–аят)**.**

Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деді:

«**Сондай-ақ Раббыңның Аршысын сегіз періште үстеріне көтереді»** («әл-Хаққа» сүресі, 17–аят)**.**

2. Олардың арасында адамдарды қорғау бұйырылған қорғаушы періштелер бар

Аллаһ Тағала былай деді:

«**Әркімнің алды-артынан Аллаһтың әмірі бойынша өкшелеп, қорғаушылары бар**» («әр-Рағд» сүресі, 11–аят).

3. Олардың арасында адамдардың істеген іс-амалдарын жазу тапсырылған періштелер бар

Аллаһ Тағала былай деді:

«**Негізінен, сендерге әлбетте бақылаушылар бар. Ардақты жазушылар. Олар не істегендеріңді біледі**» («әл-Инфитар» сүресі, 10-12 - аяттар).

Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деді:

«**Оның оңы мен солынан екі байқаушы отырады. Аузынан бір сөз шығарса-ақ болды, алдында аңдушы (жазып алушы) дайын**» («Қаф» сүресі, 17-18 - аяттар).

Бұл жерде әрбір адамның оң және сол жағында тұратын періштелер меңзеледі. Оң жағындағысы жақсы істерді, ал сол жағындағысы жаман істерді жазып алады.

4. Ана құрсағындағы сәбиге келетін періштелер

Бұл туралы Ибн Масғудтың, Аллаһ оған разы болсын, сөздерінен жеткізілетін хадисте былай деп айтылады: «Аллаһтың шыншыл және сенімге лайықты Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) біздерге былай деген: “***Шын мәнінде, сендердің әрқайсыларың өз анасының құрсағында қырық күн бойы ұрықтың тамшысы түрінде қалыптасады. Содан соң ол сонша уақыт ұйыған қан сияқты және тағы да сонша уақыт бір тістем ет тәрізді болады. Одан кейін періште***

жіберіледі де, оған үрлеп жан ендіреді, әрі ол (періште) төрт нәрсені: оның ризық-несібесін, ажалын, амалдарын және оның бақытты немесе бақытсыз болатындығын жазуға бұйрық алады"». Бұл хадисті Бухари жеткізген.

5. Адам қайтыс болар кезде оның жанын алу тапсырылған періштелер

Бұл жерде өлім періштесі мен оның көмекшілері аталуда. Аллаһ Тағала былай деді:

«**(Мухаммад): "Сендерге уәкіл етілген өлім періштесі жандарыңды алады. Сосын Раббыларыңа қайтасыңдар", — де**» («әс-Сәжда» сүресі, 11–аят).

Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деді:

«**…сендердің біреулеріңе өлім келген сәтте періштелеріміз жанын алады әрі еш кемістік етпейді**» («әл-Әнғам» сүресі, 61–аят).

Періштелердің бұдан бөлек өзге де санаттары бар.

Кітаптарға деген иман

Бұл жерде Аллаһ Тағала Өзінің елшілеріне, оларға Аллаһтың сәлемі болсын, жіберген әрі оларда ақиқат пен адамдар үшін басшылық сөздері қамтылған Кітаптар туралы сөз болуда.

Біз Құранда аттары аталған Кітаптарға иман келтіреміз. Олар келесілер болып табылады:

— Пайғамбарымыз Мухаммадқа ﷺ түсірілген Ұлы Құран («әл-Куръан»),

— Мусаға (оған Аллаһтың сәлемі болсын) түсірілген Таурат («әт-Таурат»).

Аллаһ Тағала былай деді:

«**Расында, біз Тауратты түсірдік, онда тура жол мен нұр бар**» («әл-Мәида» сүресі, 44–аят).

— Исаға түсірілген Інжіл («әл-Инжил»).

Аллаһ Тағала былай деді:

«**Және пайғамбарлардың ізінен өзінің алдындағы Тауратты растаушы етіп, Мәриям ұлы Исаны жалғастырдық. Әрі оған ішінде туралық пен нұр болған, алдындағы Тауратты бекітуші ретінде, сондай-ақ тақуалар үшін тура жол мен үгіт түрінде Інжілді бердік**» («әл-Мәида» сүресі, 46–аят).

— Дәуд пайғамбарға берілген Забур («әз-Зәбур»).

Аллаһ Тағала былай деді:

«**…әрі Дәудке Біз Забурды бердік**» («әл-Исра» сүресі, 55-аят).

— Ибраһим мен Мусаға түсірілген жазбалар (нұсқалар) («әс-сухуф»).

Аллаһ Тағала былай деді:

«**Оған Мусаның нұсқаларындағы нәрселер білдірілмеді ме? Сондай-ақ әмірді орындаушы Ибраһимнің де**» («ән-Нәжм» сүресі, 36-37-аяттар).

Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деді:

«**Расында, бұл сөздер әуелгі нұсқаларда бар. Ибраһим мен Мусаның нұсқаларында**» («әл-Әғлә» сүресі, 18-19-аяттар).

Бұдан тыс, біз Аллаһ Тағала Өзінің басқа елшілеріне де өзге Кітаптарды түсіргеніне иман келтіреміз.

Құранға деген иманға қатысты айтар болсақ, басқа Кітаптарға деген иманнан ол оған ілесуді талап ететінімен әрі Аллаһ оған бұрыңғы Кітаптарға берілмеген ерекшеліктер бергенімен ерекшеленеді.

Елшілерге деген иман

Бұндай иман Аллаһ Тағала әрбір қауымға оларды серігі жоқ Жалғыз Аллаһқа ғана құлшылық етуге шақыратын елші жібергеніне деген мығым наным-сенімді меңзейді.

Аллаһ Тағала былай деді:

«**Біз әрбір үмметке: "Аллаһқа құлшылық етіңдер әрі пұттардан аулақ болыңдар", — деп (айтатын) елші жібердік»** («ән-Нәхл» сүресі, 36–аят)**.**

Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деді:

«**…әрі ескертуші жіберілмеген бірде-бір үммет жоқ»** («Фатыр» сүресі, 24–аят)**.**

Біз Аллаһ Өзінің Кітабында аттарын атаған әрбір пайғамбарға иман келтіруіміз керек. Олардың саны жиырма бес: Адам, Нух, Идрис, Худ, Салих, Ибраһим, Исмағил, Исхақ, Яғкуб, Юсуф, Лут, Шуғайб, Юнус, Муса, Харун, Илияс, Закария, Яхия, әл-Ясағ, Зул-Кифл, Дәуд, Сулейман, Аюб, Иса және Мухаммад, олардың баршасына Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын.

Біз олардан басқа елшілер болғанына да иман келтіреміз. Бұл туралы Аллаһ Тағала былай деп айтқанындай:

«**Және саған бұрыңғы елшілерді баян еттік, сондай-ақ елшілерден саған баян етпегендеріміз де бар**» («ән-Ниса» сүресі, 164-аят).

Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деді:

«**Расында, сенен бұрын да елшілер жібердік. Олардың кейбірін саған баян еттік те, кейбірін баян етпедік**» («Ғафир» сүресі, 78-аят).

Біз сондай-ақ олардың барлығы ізгі-салиқалы, шыншыл, адал әрі тақуалық иелері болғанына, әрі олар адамдарға Аллаһ жеткізуді бұйырған барлық нәрселерді өздеріне бұйырылғандай етіп ең кемел үлгіде жеткізгеніне, әрі осыны адамдарға толық түсіндіргендеріне иман келтіреміз.

Аллаһ Тағала былай деді:

«**Сонда елшілерге айқын баяндау ғана міндет емес пе?**» («ән-Нәхл» сүресі, 35-аят).

Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деді:

«**Ал елшілерге тек айқын баяндап жеткізу ғана жүктеледі**» («ән-Нур» сүресі, 54-аят).

Елшілердің әрбіріне иман келтіру олардың түгел басқаларына да иман келтірумен тығыз байланысты, әрі сондықтан да олардың біреуіне болса да иман келтірмеген адам Аллаһ Тағалаға да, қалған елшілерге де иман келтірмеген болады.

Аллаһ Тағала былай деді:

«**Және оларға: “Біз Аллаһқа, бізге түсірілген (Құранға) әрі Ибраһимге, Исмағилге, Исхаққа, Яғқубқа, ұрпақтарына түсірілгенге, сондай-ақ Мусаға және Исаға берілгенге, әрі өзге пайғамбарларға Раббылары тарапынан берілген нәрселерге иман келтіреміз әрі олардың араларын айырмаймыз (бәріне де сенеміз), және біз Аллаһқа бой ұсынушымыз”, — деңдер. Сонда егер олар сендер иман келтіргендер сияқты иман келтірсе, сонда, рас, тура жол табады. Ал егер олар бет бұрса, сонда олар мүлде жолдан шыққан болады.**

Бірақ Аллаһ сені (олардан қорғауға) жетіп асады, өйткені Ол Аллаһ — Естуші, әр нәрсені Білуші» («әл-Бақара» сүресі, 136-137–аяттар).

Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деді:

«**Пайғамбар өзіне Раббысы тарапынан түсірілгенге иман келтірді, әрі мүминдер де. Олардың барлығы Аллаһқа, Оның періштелеріне, Кітаптарына және елшілеріне иман келтірді. «Оның елшілерінің араларын айырмаймыз…»** («әл-Бақара» сүресі, 285–аят).

Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деді:

«**Расында, Аллаһқа және Оның елшілеріне күпірлік еткендер Аллаһ пен Оның елшілерінің арасын айыруды қалайды да: «Біз олардың (елшілердің) кейбіріне иман келтіреміз, ал кейбіріне иман келтірмейміз», — деп, өздеріне ақталу іздейді. Бірақ олар нағыз кәпірлер»** («ән-Ниса» сүресі, 150-152 - аяттар).

Ал пайғамбарымыз Мухаммадқа ﷺ иман келтіру туралы айтар болсақ, онда біз оның алып келген нәрселерінің барлығына тұтас иман келтіріп, осыған бұлтартпай ілесуіміз керек.

Берік қайраттылық иелері (Улул-ғазм)

Осылай деп Нух, Ибраһим, Муса, Иса және Мухаммад, олардың барлығына Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, аталады. Осы пайғамбарлар туралы Аллаһ Тағала былай деді:

«**(Мухаммад) сол уақытта пайғамбарлардан уәде алған едік. Сенен, Нухтан, Ибраһимнен, Мусадан және Мәриям ұлы Исадан, олардан берік уәде алған едік…»** («әл-Әхзаб» сүресі, 7–аят).

Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деді:

«**(Мухаммад) Аллаһ Нухқа нұсқау берген нәрселерді және саған уахи еткенімізді, сондай-ақ Ибраһимге, Мусаға және Исаға нұсқау берген нәрселерімізді сендерге діни жол қылды: дінді мығым ұстаныңдар да, оған қатысты бөлінбеңдер**» («әш-Шура» сүресі, 13-аят).

Пайғамбарымыз Мухаммадтың елшілігінің баршаға жаппай ортақ екендігі

Пайғамбарымыз Мухаммад ﷺ бүкіл адамзат пен жын қауымдарына жіберілді.

Оның бүкіл жындарға жіберілгеніне Аллаһ Тағаланың келесі сөздері нұсқайды:

«**(Мухаммад) сол уақытта саған жындардан Құран тыңдайтын бір топты келтірген едік. Олар жетіп келген сәтте: "Үндемей тыңдаңдар", — десті. Сонда оқылуы біткен кезде, ол елдеріне ескертуші болып қайтты. Олар: "Әй еліміз! Шын мәнінде, біз Мусадан кейін түсірілген, өзінен бұрынғы Кітаптарды растаушы, сондай-ақ ақиқат пен тура жолға салатын бір Кітап тыңдадық. Әй халқымыз! Аллаһтың шақырушысын (Мухаммадты) қабылдаңдар. Және Аллаһқа иман келтіріңдер, Ол күнәларыңды жарылқап, күйзелтуші азаптан қорғайды", — деді**» («әл-Әхқаф» сүресі, 29-31-аяттар).

Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деді:

«**(Мухаммад) оларға: "Жындардың бір тобының Құранды тыңдағаны маған уахи етілді", — де. Сонда жындар:**

“Шынында, бір ғажайып Құран тыңдадық. Ол бізді тура жолға салады. Енді соған иман келтірдік. Раббымызға ешбіреуді ортақ қоспаймыз”, — деді» («әл-Жинн» сүресі, 1-2–аяттар).

Жындар оған келіп, ол олармен сөйлескені әрі оларға Құран оқығандығы туралы куәліктер бар.

Ал оның бүкіл адамзатқа жіберілгендігіне келер болсақ, онда бұған Құранның көптеген аятты мен хадистер нұсқайды.

Аллаһ Тағала былай деді:

«**Біз сені бүкіл адамзатқа қуантушы әрі ескертуші етіп жібердік…»** («Саба» сүресі, 28–аят).

Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деді:

«**(Мухаммад,) “Әй адамдар! Мен барлығыңа Аллаһтың елшісімін”, — де…»** («әл-Әғраф» сүресі, 158–аят).

Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деді:

«**(Мухаммад:) “Маған осы Құран, мен сонымен сендерді, сондай-ақ ол кімге жетсе, соларды ескертуім үшін уахи етілді”, — де»** («әл-Әнғам» сүресі, 19–аят).

Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деді:

«**Біз сені адамдар үшін елші ретінде жібердік, әрі Аллаһ куә ретінде жетіп асады»** («ән-Ниса» сүресі, 79–аят).

Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деді:

«**Бүкіл әлемге бір ескертуші болуы үшін құлына (жақсы-жаманды айыратын) Құранды түсірген Аллаһ Игі-Берекелі…»** («әл-Фурқан» сүресі, 1–аят).

Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деді:

«**Біз сені әлемдер үшін мейірім ретінде ғана жібердік»** («әл-Әнбия» сүресі, 107–аят).

Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деді:

«**Сондай-ақ Кітап берілгендерге де, (кітап берілмеген) сауатсыздарға да: “Исламды қабыл еттіңдер ме?”, — де.**

Егер олар исламды қабыл етсе, тура жол тапқан болады. Ал егер олар бет бұрса, онда саған жеткізу ғана міндет» («Әли Имран» сүресі, 20-аят)**.**

Жәбир ибн Абдуллаһ, Аллаһ оған разы болсын, Аллаһ Елшісінің ﷺ былай дегенін жеткізген: «***Маған Аллаһ бұрын ешкімге бермеген бес нәрсе берілді: бұрын әр пайғамбар белгілі қауымға ғана жіберілетін, ал мен бүкіл қара мен ақ түсті (адамзатқа) жіберілдім; маған әскери олжаны алу рұқсат етілді, ал менен бұрын ол ешкімге рұқсат етілмейтін; бүкіл жер мен үшін таза, тазартушы әрі намаз оқуға жарамды етілді, әрі сондықтан да адам қай жерде намаз уақытын жолықтырса, сол жерде намазын оқи алады; маған барлық дұшпандарымның көкейіне менен бір ай жол қашықтықтан-ақ қорқу-үрей салынғандығымын көмек көрсетілді; әрі маған шапағат жасау құқығы берілді***». Бұл хадисті Бухари мен Муслим жеткізген.

Абу Хурайра, Аллаһ оған разы болсын, Аллаһ Елшісінің ﷺ былай дегенін баяндаған: «***Мухаммадтың жаны Қолында болған (Аллаһпен) ант етемін, егер осы (мен жіберілген) үмметтің ішінен әлдебір яһуди немесе христиан мен туралы естіп, содан соң мен алып келген нәрсеге иман келтірмей өлетін болса, сол міндетті түрде Тозақта болады!***» Бұл хадисті Муслим келтіреді.

Аллаһтың Елшісі ﷺ өзінің жолдауларын түрлі мемлекеттерге жіберіп, Парсы патшасын, Рим императорын, Мысырдың билеушісін, Эфиопияның императорын және басқа да билеушілерді Исламға жақырып хат жолдағаны белгілі.

Ал енді Мухаммадтың елшілігінің ақиқат екендігін мойындаған яһудилер мен христиандарға келер болсақ, олардың «Ол арабтарға жіберілген елші» деген сөздерінің негізі жоқ, өйткені кім осы жолдаудың ақиқат екенін мойыдаса, сол

оны толық мойындауға міндетті, өйткені Аллаһтың Елшісі ﷺ өзінің бүкіл адамзатқа жіберілгендігін айтты.

Мухаммадтың ﷺ пайғамбарлығының белгілері айқын болса да, оның елшілігін өтірік деп санағандар да бар. Ал шын мәнісінде мұндай белгілер өте көп.

Мухаммад — соңғы пайғамбар

Елшіміз Мухаммад ﷺ пайғамбарлардың соңғысы болып табылады, өйткені Аллаһ Тағала былай деді:

«**Мухаммад — араларыңдағы ерлердің ешқайсысының әкесі емес, бірақ Аллаһтың елшісі әрі пайғамбарлардың мөрі (соңғысы)**» («әл-Әхзаб» сүресі, 40–аят)**.**

Бұл аяттың мағынасы Мухаммад ﷺ одан кейін пайғамбарлар болмайтын соңғы пайғамбар екеніне нұсқауда.

Ғұламалар пайғамбар мен елшінің арасында қандай айырмашылық бар деген мәселеді әртүрлі пікірде болған. Олардың кейбіреулері: «Олардың арасында ешқандай айырмашылық жоқ, әрі сондықтан да әрбір пайғамбар — елші, ал әрбір елші — пайғамбар» деп айтқан. Басқалары пайғамбар мен елшінің арасында айырмашылық бар, елшінің атқаратын миссиясы пайғамбардың миссиясынан ерекшелеу, ал бұл егер Мухаммадтан ﷺ кейін пайғамбар болмаса, демек одан кейін елші де болмайтыны әп-айқын дегенді білдіреді деп айтатын.

Бұған көптеген хадистер нұсқайды.

Мысалы, екі «Сахих» жинақтарында Абу Хурайраның сөздерінен, Аллаһ оған разы болсын, Аллаһ Елшісінің ﷺ былай дегенін жеткізілген: «***Расында, мені мен менен бұрыңғы пайғамбарлардың мысалы, үй салып, оны безендіріп толық сән-***

деген, бірақ оның ең бұрышында бір кірпіштің (орнын) қалдырып кеткен адам секілді. Адамдар осы үйді айнала бастап, оған таң қалып: "Не үшін мына жерге (соңғы кірпіш) қойылмай кеткен екен?!" — деп айтатын». Содан соң Пайғамбарымыз ﷺ: «***Мен — дәл сол кірпіштің. Мен — бүкіл пайғамбарлардың мөрімін***», — деді (Бухари, 3535; Муслим, 2286).

Екі «Сахих» жинақтарында сондай-ақ Жубайр ибн Мутғимнің, Аллаһ оған разы болсын, сөздерінен Аллаһ Елшісінің ﷺ былай дегені жеткізілген: «***Мен — Мухаммад (Мақтаулы) әрі Ахмад (Мақтаушы), әрі мен — Аллаһ ол арқылы күпірлікті өшіретін әл-Махи (Өшіруші), әрі мен — (Қиямет Күні) оның артынан адамдар жиналатын әл-Хашир (Жинаушы), әрі мен — одан кейін басқа пайғамбарлар болмайтын әл-Ғақиб (Ізбен Ілесуші)***».

Муслим Абу Хурайраның сөздерінен, Аллаһ оған разы болсын, Аллаһ Елшісінің ﷺ былай дегенін жеткізген: «***Менің басқа пайғамбарлардың алдында алты артықшылығым бар: маған қысқа бірақ мазмұнды сөйлеу қабілеті сый етілді, және маған көмек көрсетілді, өйткені дұшпандарыма үрей салынды, әрі маған әскери олжа халал етілді, және бүкіл жер мен үшін таза, тазалаушы әрі намаз үшін жарамды етілді, әрі мен бүкіл адамзатқа жіберлідім, және мен ең соңғы пайғамбар болдым***».

Әл-Бухари мен Муслим Сағд ибн Абу Уаққастан, Аллаһ оған разы болсын, бірде Аллаһ Елшісінің ﷺ Али ибн Абу Талибке, Аллаһ оған разы болсын былай дегенін жеткізген: «***Сен менің жанымда Харун Мусаның жанында иеленген орынға ие болғың келмей ме? Тек менен кейін пайғамбарлар болмайтындығы ғана айырмашылығымен***».

Пайғамбарымыз Мухаммад ﷺ соңғы пайғамбар болып табылатынына нұсқайтын басқа да сенімді хадистер көп.

Ибн Касир, Аллаһ оны рахым етсін, былай деп жазған: «Аллаһ Тағала Өзінің Кітабында, ал Аллаһтың Елшісі болса ﷺ көптеген хадистерінде одан кейін пайғамбарлар болмайтынын айтқан. Бұның мақсаты — адамдар одан кейін өзін пайғамбар деп жариялайтынның әрбірі өтірікші, жалақор, Дәжжал, адасушы және басқаларды адастырушы болып табылатынын білу үшін».

Ақырет күніне деген иман

Ақырет күні бұл Аллаһ Өзінің құлдарын есепке тартып, олардың лайықты жазаларын беру үшін, оларды қабірлерінен тұрғызып үкімін шығаратын, әрі содан соң олардың бір бөлігі Жәннатқа, ал басқалары Тозаққа кіретін қайта тірілу күні.

Бұл күннің Ақырет күні деп аталуының себебі оның бұл дүниенің ең соңғы күні болатынында. Аллаһ Тағала адамдарға бұл ұлы Күн мен ондағы орын алатын оқиғалар мен оның жақындағанына куәлік беретін белгілер туралы хабарлады. Әрі Құранда бұл туралы айтылмаған сүрелер өте аз.

Мысалы, Аллаһ Тағала осы Күнмен ант етеді.

Аллаһ Тағала былай деді:

«**Қиямет күнімен ант етемін…**» («әл-Қияма» сүресі, 1–аят).

Аллаһ Тағала Өзінің пайғамбарына ﷺ адамдар қайта тірілетінімен ант етуді бұйырды.

Аллаһ Тағала былай деді:

«**Кәпірлер әсте қайта тірілмейміз деп ойлайды. (Мухаммад) оларға: "Жоқ, Раббыма ант етемін. Әлбетте өлгеннен кейін қайта тірілесіңдер. Сосын сендерге не істегендерің түсіндіріледі. Бұл Аллаһқа оңай", — де**» («әт-Тағабун» сүресі, 7–аят).

Әрі Аллаһ Тағала осы Күнге иман келтіргендерге мақтау айтады.

Аллаһ Тағала былай деді:

«**(Мухаммад) олар саған түсірілгенге әрі сенен бұрың түсірілгенге иман келтіреді, және Ақыретке анық сенеді. Міне, солар Раббылары тарапынан тура жолда және солар құтылушылар**» («әл-Бақара» сүресі, 4-5–аяттар).

Әрі Аллаһ Тағала Ақырет күніне иман келтірмейтіндерге сөгіс білдіреді.

Аллаһ Тағала былай деді:

«**Аллаһтың алдында тұратындарын теріске шығарғандар қасірет шегеді, өйткені олар тура жолда болмады**» («Юнус» сүресі, 45–аят).

Әрі Аллаһ Тағала осы күннің жақындап қалғанын хабарлады.

Аллаһ Тағала былай деді:

«**(Қиямет) Сағаты жақындады, әрі ай қақ жарылды**» («әл-Қамар» сүресі, 1–аят).

Аллаһ Тағала көрнекі мысалдар мен ақыл-ой дәйектері арқылы бұл күннің келуі мүмкін екенін дәлелдейді

Көрнекі мысалдарға келер болсақ, онда Аллаһ Тағала адамдарға бұл дүниенің өзінде өлтіріп, сосын ізінен қайта тірілткендер туралы хабарлап, осындай алты жағдайды атап айтты:

Біріншісі: Аллаһ Тағала былай деді:

«**Сол уақытта сендер: “Әй Муса! Аллаһты әшкере көрмейінше саған әсте сенбейміз”, — дедіңдер де, сендерді бір ащы дауыс алды, әрі сендер осыны көріп тұрдыңдар. Соңсоң, әрине, шүкірлік етерсіңдер деп, өлгендеріңнен кейін қайта тірілттік**» («әл-Бақара» сүресі, 55-56–аяттар).

Бұл жерде Мусаның қауымы туралы сөз болуда. Олар осы сөздерді айтқан соң Аллаһ оларды өлтірді де, содан соң қайта тірілтті.

Екіншісі: Аллаһ Тағала былай деді:

«**Сол уақытта біреуді өлтірдіңдер де, сол жөнінде таластыңдар. Аллаһ жасырғандарыңды ортаға шығарды. Сөйтіп өлікті оның кейбір мүшесімен қағыңдар дедік. Аллаһ осылайша өлікті тірілтіп, сендерге Өзінің аят-белгілерін көрсетеді. Әрине ойланарсыңдар**» («әл-Бақара» сүресі, 72-73–аяттар).

Бұл жерде Исраил қауымынан болған Мусаның руластары туралы сөз болуда. Олар өздерінің арасынан бір кісіні өлтірген адамның кім екендігі жөнінде айтысып қалған кезде, оларға сиырды құрбан шалу әрі соның бір мүшесімен өліктің денесіне тигізу бұйырылған еді. Олар осыны істеген кезде, ол қайта тіріліп, өзін өлтірген адамға нұсқады да, сосын қайтадан өлді.

Үшіншісі: Аллаһ Тағала былай деді:

«**(Мухаммад) өлімнен қорқып, жұрттарынан шыққан мыңдағандарды көрмедің бе? Аллаһ оларға: “Өліңдер!” — деді де, сонсоң оларды тірілтті. Күдіксіз, Аллаһ адамдарға кеңшілік иесі. Дегенмен адамдардың көбі шүкірлік қылмайды**» («әл-Бақара» сүресі, 243–аят).

Бұл жерде Исраил ұрпақтарынан болған адамдар туралы сөз болуда. Олардың арасында оба індеті тараған кезде, олар қашу арқылы құтылғысы келді, ал Аллаһ Тағала болса оларды өлтіріп, кейін қайта тірілтті.

Төртіншісі: Аллаһ Тағала былай деді:

«Немесе сондай қабырғалары төбесіне құлаған бір кенттен өткенді көрмедің бе? Ол: “Аллаһ бұны өлгеннен кейін қалай тірілтеді?”, — деді. Аллаһ оны жүз жылға өлтіріп, сонсоң тірілтіп: “Қанша жаттың?”, — деді. Ол: “Бір күн, немесе күннің бір бөлігін жаттым”, — деді. (Аллаһ:) “Олай емес, жүз жыл өліп жаттың, енді тамағыңа, сусыныңа бір қара! Өзгермеген. Ал енді есегіңе қара! Сені адамдарға үлгі болу үшін өстідік. Ал енді сүйектерге қара! Оны қайтып құрастырып, содан соң оған ет кидіреміз”, — деді. Бұл жағдайлар оған айқын көрсетілген кезде, ол: “Сөзсіз, Аллаһтың әр нәрсеге күші жететінін білемін!” — деді» («әл-Бақара» сүресі, 259-аят)**.**

Сонымен, қирап жатқан кенттің жанынан өтіп бара жатқан бұл адам Аллаһ Тағала осының барлығын қайта өмірге келтіруін елестете алмады, әрі сонда Аллаһ оның өзін жүз жылға өлтіріп, сосын қайта тірілтті.

Бесінші: Аллаһ Тағала былай деді:

«Сол кезде Ибраһим: “Раббым! Өлікті қалай тірілтетініңді маған көрсет”, — деді. (Аллаһ): “Сенбейсің бе?”, — деді. (Ибраһим): “Әрине, сенемін, бірақ жүрегім орнығу үшін”, — деді. (Аллаһ): “Құстардан төртеуін ұста да, өзіңе үйірлестіріп, (сойып араластыр). Сонсоң әр таудың басына бір бөлшегін қой да, содан кейін оларды шақыр — дереу саған жетіп келеді. Күдіксіз, Аллаһтың Аса Үстем, Хикмет Иесі екенін біл”, — деді» («әл-Бақара» сүресі, 260-аят)**.**

Бұл жерде Ибраһимнің өз Раббысынан Ол өліктерді қалай тірілтетінін көрсетуді сұрағаны туралы баяндалады. Сонда Аллаһ Тағала оған төрт құсты сойып, олардың дене мүшелерін жан-жақтағы тауларға тастап, сосын оларды шақыруды бұйырғаны, әрі солай істесе олар оған ұшып келеді деп айтқаны туралы баяндалады.

Алтыншысы: көп жылдар бойы үңгірде қалған адамдарға қатысты. Аллаһ Тағала былай деді:

«**Олар үңгірлерінде үш жүз жыл жатты және тоғыз (жыл) арттырды**» («әл-Кәһф» сүресі, 25–аят).

Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деді:

«**Осылайша оларды өзара бір-бірінен сұрасулары үшін ояттық**» («әл-Кәһф» сүресі, 19–аят).

Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деді:

«**Осылайша, Аллаһтың уәдесінің шындығын, Қияметтің күмәнсіз келетінін адамдар білуі үшін, осыны оларға мәлімдедік**» («әл-Кәһф» сүресі, 21–аят).

Ал енді өлгеннен кейін қайта түрілудің мүмкін екеніне **ақыл-ой дәлелдеріне** келер болсақ, онда олар әртүрлі болуы мүмкін.

Біріншісі: бірінші жаратудың негізінде екінші рет жаратудың мүмкін екендігі туралы тұжырым, өйткені барлық нәрсені алғашында жаратқан Аллаһ мұны тағы да істей алады. Аллаһ Тағала былай деді:

«**Ол өз жаратылысын ұмытып, Бізге мысал беріп: "Міне, шіріген сүйектерді кім тірілпек?", — деді. (Мухаммад): "Оны алғашында кім жаратқан болса, сол тірілтеді. Өйткені Ол барлық жаратылысты біледі", — де**» («Я син» сүресі, 78-79–аяттар).

Екіншісі: әлдебір нәрсенің оның қарама-қайшысы болған басқа нәрседен пайда болуының мүмкін екені туралы білімге негізделген дәлел, мысалы, жасыл, салқын әрі ылғал ағаштан ыстық әрі құрғақ жалынның пайда болуы. Аллаһ Тағала былай деді:

«**Ол (Аллаһ) сендерге жасыл ағаштан от жаратты, ал енді сендер оны жағасыңдар**» («Я син» сүресі, 80–аят).

Үшінші: Ұлы нәрсені жаратуға қабілетті (Аллаһ) кіші нәрсені де жарата алады. Аллаһ Тағала былай деді:

«**Сондай көктер мен жерді жаратқан (Аллаһ) олар сияқтыны жаратуға күші жетпей ме?**» («Я син» сүресі, 81–аят).

Төртіншісі: жер құрғап, өліп қалғаннан кейін оны қайта тірілтудің мүмкін екені туралы білімге негізделген өлгендерді қайта қайта тірілтудің де мүмкін екеніне дәлел. Аллаһ Тағала былай деді:

«**(Мухаммад,) расында, сен жердің құрғап қалғанын көрген соң, Біз оған жаңбыр жаудырған мезгілде оның құлпырып көпсуі — Аллаһтың дәлелдерінен. Күдіксіз, оны тірілткен Аллаһ өліктерді де тірілтеді. Өйткені Оның әр нәрсеге толық күші жетуші**» («Фуссылят» сүресі, 39–аят).

Бесіншісі: ұйқыдан кейін ояну келетіні туралы білімнің негізінде қайта тірілудің де мүмкін екеніне дәлел, өйткені ұйқы өлімнің сыңары, ал ояну өлімнен кейінгі өмір секілді. Аллаһ Тағала былай деді:

«**Ол сондай түнде сендерді өлтіреді (ұйықтатады). Және күндіз не істегендеріңді біледі. Содан соң сендерді, белгілі бір мерзім толу үшін, күндіз оятады. Содан соң қайтып барар жерлерің Сол жақ. Одан кейін Ол істеген істеріңді баяндап береді**» («әл-Әнғам» сүресі, 60–аят).

Алтыншысы: Аллаһтың даналығы мен әділдігі туралы білімнің негізіндегі қайта түрілудің мүмкін екеніне дәлел, өйткені осы құдайлық даналық пен әділдікке сәйкес қайта тірілу де, сый-жазаға тартылу да міндетті түрде болады. Аллаһ Тағала былай деді:

«**Шынында да, Біз сендерді босқа жараттық деп, әрі Бізге қайтарылмаймыз деп, ойлайсыңдар ма?!**» («әл-Муъминун» сүресі, 115-аяттар).

Бұл Сағаттың басталуы туралы

Бұл туралы білімге тек Жалғыз Аллаһ қана ие, ал біз тек оның кенеттен басталып кететінін ғана айта аламыз.

Аллаһ Тағала былай деді:

«**(Мухаммад,) олар сенен Қияметтің қашан болатындығын сұрайды: “Шынында, оның мәліметі Раббымның қасында, оның мезгілін Ол ғана білдіреді. Көктер мен жердегі ауыр жағдай (Қиямет) сендерге кенеттен-ақ келеді”, — де. Олар сенен бұл Сағат туралы сен оны зерттеп отырғандай-ақ сұрастырады. “Шынында, оның білімі Аллаһтың қасында, бірақ адамдардың көбі оны түсінбейді”, — де**» («әл-Әғраф» сүресі, 187-аят).

Аллаһ Елшісінің ﷺ: «***Мен адамдарға Қиямет Сағаты мынандай-ақ жақын қалғанда жіберілдім***», — деп, екі саусағын көрсеткені жеткізілген. Бұл хадисті Бухари мен Муслим жеткізген.

Аллаһ Елшісінің ﷺ сондай-ақ Қиямет Күні қашан басталатыны туралы сұрақтарға үнемі өзінің бұл туралы білмейтінін айтып жауап беретіні әрі осындай сұрақтарды қоюшы адамдарға бұдан жақсырақ іспен айналысуды, яғни осы күнге қалай жақсырақ дайындалу керектігін ойлауды кеңес беретіні, ал кейде ол кіші Қиямет Күні, яғни өлім туралы айтатыны да жеткізілген.

Мысалы, Жәбірейіл, оған Аллаһтың сәлемі болсын, Пайғамбарға ﷺ: «Маған Сағат туралы айтып бер», — деп сұрақ қойғанда, ол оған: «***Сұралушы сұраушыдан көп білмейді***», — деп айтқаны жеткізіледі. Бұл хадисті Бухари мен Муслим келтіреді.

Екі «Сахих» жинақтарында бірде бір бәдәуи (яғни шөлде өмір сүретін) адамның Пайғамбардан ﷺ: «Бұл Сағат қашан бо-

лады?», — деп сұрағаны, әрі ол оған: «***Расында, бұл Сағат жақын, ал сен оған не әзірледің?***» — деп жауап бергені туралы хадис жеткізіледі.

Сол екі «Сахих» жинақтарында Айша анамыздың, Аллаһ оған разы болсын, былай дегені жеткізіледі: «Бәдәуилер Пайғамбарымызға ﷺ жиі келіп, одан: "Бұл Сағат қашан басталады?" — деп сұрайтын, ал Аллаһтың Елшісі ﷺ олардың ең жасына назарын қаратып: "***Расында, сендер үшін бұл Сағат мына (жігіт) қартайғанға дейін-ақ басталып кетеді***", — дейтін. Ол осынысымен олардың өлім сағатының жетіп келуін меңзейтін».

Алайда Құран мен Сүннетте бұл Сағаттың басталуының белгілеріне нұсқайтын бірқатар нұсқаулар келген. Мысалы, Аллаһ Тағала мұның үлкен белгілері ретінде Түтінді, Исаның (оған Аллаһтың сәлемі болсын) екінші рет келуін, Яжуж бен Мәжужді, күннің батыстан шығуын, Хайуанның шығуын атаған.

Ал Аллаһтың Елшісі болса ﷺ осыған қатысты кейбір жәйттарды әрі солардың ішінде Дәжжалдың шығуын, шығыста, батыста және Араб түбегінің үстінде айдың үш рет тұтылуын, Йеменнен шығатын әрі адамдарды жиналатын орынға қуып алып баратын отты атаған болатын. Бұдан тыс Аллаһтың Елшісі ﷺ екеуі де бір нәрсеге шақыратын екі ұлы әскердің бір ұлы шайқаста бір-біріне қарсы шайқаспайынша Қиямет болмайтынын, әрқайсысы өзін пайғамбар деп жариялайтын отыз өтірікші шықпайынша Қиямет келмейтінін, білім алып кетілмейінше, жер сілкіністері жиілеп кетпейінше, уақыт тарайып кетпейінше, фитна-бүліктер пайда болмайынша, адамдар бірін бірі өлтіре бастамайынша, Хиджаздан тіпті Бусрадағы түйелердің мойындарын жарық ететін жалынның шықпайынша Қиямет Сағаты басталмайтынын айтқан.

Осы әрі сондай-ақ басқа да белгілер үлкен әрі кіші болып екіге бөлінеді. Кіші белгілер де, өз кезегінде, болып қойған, болып жатқан және әлі болмаған үш түрге бөлінеді. Бұл белгілердің үлкендеріне келер болсақ, олардың уақыты келмеді, ал олардың ішінен әлдебіреуі орын алса, онда ізінен басқалары да жалғаса кетеді.

Өлім және қабірде орын алатын оқиғалар

Ақырет күніне деген иман Құран мен Сүннет осыған байланысты не нәрселерге нұсқайтын болса, соған, дәлірек айтқанда өліммен және одан кейін орын алатын нәрселермен байланысты нәрселерге иман келтіруді меңзейді.

Өлімге қатысты нәрселерге иман келтіру, өзінің құрамына төменгілерді біріктіреді:

1. Бұл дүниеде барлық нәрсеге өлім міндетті түрде келіп тиетініне иман келтіру. Аллаһ Тағала былай деді:

«**Әрбір жан өлімнің дәмін татады, ал содан соң Бізге қайтарыласыңдар»** («әл-Анкабут» сүресі, 57–аят)**.**

Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деді:

«**Оның Дидарынан басқа әр нәрсе жоқ болып жойылады. Үкім Оған тән. Әрі сондай-ақ Оған қайтарыласыңдар**» («әл-Қасас» сүресі, 88–аят)**.**

2. Әрбір нәрсенің мерзімі (ажалы) нақты белгіленген екеніне, әрі ешкім оны кешіктіре де, жақындата да алмайтынына

иман келтіру. Бұл ажал мерзімін оны орнатып қана қоймай, әрбір нәрсенің өлімінің себебін де белгілеп қойған Аллаһ қана біледі:

«**Аллаһтың бұйрығы болмайынша ешбір жан өлмейді, ол жазулы бір мерзім**» («әли Имран» сүресі, 145–аят).

Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деді:

«**Әрбір үммет үшін — өз ажал (мерзімі) бар. Олар ажалы жеткен сәтте оны бір сәтке кешіктіре де, ілгерлете де алмайды**» («әл-Әғраф» сүресі, 34–аят).

3. Ажал мерзімі тек Аллаһқа ғана белгілі екеніне иман келтіру. Аллаһ Тағала былай деді:

«**Ешкім ертең не істеп-табатынын білмейді, әрі ешкім қай жерде өлетінін де білмейді. Күдіксіз, Аллаһ толық Білуші, Хабардар**» («Луқман» сүресі, 34–аят).

4. Өлімнен бұрын Аллаһ Тағала келесідей деп айтқан нәрселер орын алатынына иман келтіру:

«**…Біреулеріңе өлім келген сәтте, періштелеріміз жанын алады әрі еш кемістік етпейді**» («әл-Әнғам» сүресі, 61–аят).

Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деді:

«**Ал жан жұтқыншаққа келген кезде, сол сәтте сендер қарап қаласыңдар. Негізінде, ол өліп бара жатқанға Біз жақынырақпыз. Бірақ сендер көрмейсіңдер…**» («әл-Уақиға» сүресі, 83-85–аяттар).

Бұл жерде өліп жатқан адамның жаны жұтқыншағына келіп жатқан кезде жанталас басталатыны туралы айтылып жатыр. Осы сәтте сол жердегілер оған қарап тұрады, ал Аллаһ Тағала ол өліп бара жатқан адам туралы адамдар мен періште-

лерден де жақсырақ біледі, әрі Аллаһтың періштелері оған сол адамдардан жақынырақ болады, бірақ олар мұны көрмейді.

Ал күнәхар әрі залым адам өліп бара жатқан кезде, өзінің бүкіл істегендері үшін өкінеді де, осы дүниеге қайта оралғысы келеді. Аллаһ Тағала былай деді:

«**Ақыр олардың әрбіріне өлім келген сәтте: "Раббым! Мені дүниеге қайтар: мүмкін, мен қалдырған дүниеде жақсы амал істермін", — дейді. Әсте олай емес. Рас бұл оның бір айтқан бос сөзі ғана. Өйткені, олардың артында қайта тірілетін күнге дейін бөгет (барзах) бар**» («әл-Муъминун» сүресі, 99-100-аяттар).

Ал кәпірдің тәнінен жанының шығуы туралы айтар болсақ, онда бұл туралы Аллаһ Тағала былай деді:

«**(Мухаммад,) егер залымдарды өлім қиналысында, періштелер қолдарын созып: "Жандарыңды шығарыңдар! Бүгін Аллаһқа қарсы орынсыз сөйлегендерің, Оның аяттарының үстінен менменсігендерің себепті қорлаушы азаппен жазаланасыңдар!" — дегенде көрсең еді!**» («әл-Әнғам» сүресі, 93-аят).

Бұл періштелердің күнәхарға қолдарын созып, оны ұрып-соғатынын әрі азаптайтынын білдіреді.

Имам Ахмадтың «Муснадында» және басқа да хадис жинақтарында әл-Бара ибн Азибтен, Аллаһ оған разы болсын, Аллаһ Елшісінің ﷺ былай деп айтқаны жеткізілген: «***Мүмин пенде бұл дүниеден кетіп арғы дүниеге өтер кезде оған көктен жүздері күндей жарқыраған періштелер түседі. Олар өздерімен бірге жәннаттық кебіндер мен хош иістерді алып келеді де, оның айналасына көз жететін жерге дейінгі бүкіл аумаққа келіп отырады. Содан кейін оған Өлім Періштесі келіп, бас жағына отырады да: "Уа ізгі жан, Аллаһтың жарылқауы мен мейіріміне шық", — дейді. Әрі сол кезде оның жаны тәнінен шанаштан су аққандай етіп ағып шығады, және Өлім Періштесі оны қабылдап алады, ал басқа періш-***

телер осы жанды оның қолында бір сәтке де қалдырмай, алып қояды да, оны жәннаттық кебінге орап, оған жәннаттық хош иістерді жағады. Содан кейін одан ең жақсы мисктің хош иісіндей хош иіс шығады, әрі олар оны жоғарыға (көкке) алып кетеді».

Кейін Пайғамбар ﷺ былай деді:

«***Ал енді кәпір құлға келер болсақ, онда ол бұл дүниеден кетіп жатқан кезде, оған көктен қап-қара жүзді періштелер түседі, әрі олар өздерімен бірге қатқыл қылшықты маталар алып келеді де, оның айналасына көз жететін жерге дейінгі аумақтың барлығына отырады. Содан кейін оған Өлім Періштесі келіп, бас жағына отырады да: "Уа нашар жан, Аллаһтың ашуы мен қахарына шық!" — дейді әрі оны ұстап алып, кетілген темірді ылғал жүннің арасынан суырып алғандай етіп суырып алады. Ал басқа перештелер болса оны бірден алып қойып, әлгі қылшық маталарға орайды. Сонда оның үстінен жер бетінде болуы мүмкін болған ең жаман жиіркеніште иіс шыға бастайды да, сосын олар оны жоғарыға көтеріп алып кетеді***».

Сөйтіп, өлімнен кейін ұлы әрі маңызды оқиғалар орын алады, әрі олардың бір бөлігі қабірде, ал басқа бөлігі қайта тірілген соң болады.

Қабірде адаммен келесі нәрселер орын алады:

1. Қабір сынағы

Қайтыс болған адам қабірге қойылған соң, ол сол жерде сынаққа алынады, өйткені оған екі періште келіп: «Раббың кім? Дінің не? Сендерге жіберілген адам кім?» — деп сұрақтар қояды. Мүмин адам: «Раббым — Аллаһ, дінім — Ислам», — деп айтады, ал үшінші сұраққа: «Ол — Аллаһтың құлы әрі Елшісі», — деп жауап береді. Кәпірге келер болсақ, ол: «Ха! Ха! Білмеймін», —

деп жауап береді, ал екіжүзді немесе күмәнданушы: «Білмеймін, мен адамдардың бір нәрселерді айтып жүретінін еститінмін, әрі мен де соны айтатынмын», — дейді.

2. Қабірдегі рахат пен азап

Қайтыс болған адам қабірдегі сынақтан соң қайта тірілетін күнге дейін сонда қалып, не рахат, не азап шегетін болады, ал бұл не жан мен тәнге де қатысты, не тек жанға ғана қатысты болуы мүмкін.

Әрбір адамды оның қабірінде құтіп тұрған әрі екі періштенің сұрақтарымен байланысты сынақ туралы көптеген аяттар мен хадистерде айтылады, әрі оларда қабірдегі рахат пен азап туралы да айтылады. Бұған жеке тұрғыдан да, жалпылама да иман келтіру міндетті болып табылады, бірақ біз бұның қалай орын алатыны туралы сөз ете алмаймыз.

Бұл туралы куәлік ететін дәлелдер:

Аллаһ Тағала былай деді:

«**Аллаһ мүминдерді бұл дүние мен Ақыретте мығым сөзбен бекем етеді…**» («Ибраһим» сүресі, 27-аят).

Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деді:

«**…әрі Перғауындықтарды сүркей азап баурап алды — олар ертелі-кеш отқа салынады. Ал Қиямет-қайым болған күні: “Перғауындықтарды азаптың ең қаттысына кіргізіңдер”, — деп айтылады**» («Ғафир» сүресі, 45-46-аяттар).

Екі «Сахих» жинағында әл-Бара ибн Азибтен, Аллаһ оған разы болсын, Пайғамбардың ﷺ былай дегені жеткізіледі: «***Мүмин адам қабірінде отырғызылған соң оған (періштелер) келеді, әрі ол Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ әрі Мухаммад оның елшісі екеніне куәлік келтіреді. Әрі Аллаһтың:*** «**Аллаһ мүминдерді бұл дүние мен Ақыретте**

мығым сөзбен бекем етеді…», — деген сөздері, міне, дәл осы туралы» («Ибраһим» сүресі, 27-аят)**.**

Имам Ахмадтың «Муснад» жинағында әл-Бара ибн Азибтің, Аллаһ оған разы болсын, сөздерінен жеткізілетін, әрі бас жағын біз жоғарыда келтіріп кеткен хадисте періштелер алдымен өлген адамның жанын алып көкке көтерілетіні, ал содан соң оны жерге қайтаратыны туралы да хабарланады.

Аллаһтың Елшісі ﷺ былай деді: «***Әрі оның жаны тәніне қайтарылады да, сосын оған екі періште келіп оны отырғызады, кейін оған: “Раббың кім?” — деп айтылады. Ол: “Раббым — Аллаһ”, — деп жауап береді. Кейін одан: “Дінің не?” — деп сұралады. Ол: “Дінім — Ислам”, — деп жауап береді. Кейін одан: “Сендерге жіберілген адам кім?” — деп сұралады. Ол: “Ол — Аллаһтың Елшісі”, — деп жауап береді. Кейін оған: “Сен бұны қайдан білесің?” — деп айтылады. Ол: “Мен Аллаһтың Кітабын оқыдым әрі оған иман келтірдім”, — деп жауап береді. Сонда көктен: “Құлым шындықты айтты, ендеше оған Жәннаттың төсектерінен болған бір төсек салыңдар әрі оған Жәннаттың қақпаларын ашыңдар”, — деген дауыс естіледі де, содан кейін ол қуанышқа бөленіп, жәннаттық рахатты сезінеді, ал қабірі көз жететін жерге дейін кеңейтіледі***».

Ал кәпірдің жағдайы туралы айтар болсақ, онда Аллаһтың Елшісі ﷺ былай деді: «***Әрі оның жаны тәніне қайтарылады да, сосын оған екі періште келіп, оны отырғызады, кейін оған: “Раббың кім?” — деп айтылады. Ол: “Ха, ха, білмеймін”, — деп жауап береді. Кейін одан: “Сендерге жіберілген адам кім?” — деп сұралады. Ол: “Ха, ха, білмеймін”, — деп жауап береді. Сонда көктен: “Ол өтірік айтатын, ендеше оған оттан төсек салыңдар әрі оған Тозақтың қақпаларын ашыңдар”, — деген дауыс естіледі де, содан кейін оны***

оттың ыстығы шырмап алады да, қабірі тарайтылып, қабырғалары өзара араласып кетеді».

Екі «Сахих» жинақтарында Әнас ибн Маликтің, Аллаһ оған разы болсын, сөздерінен Аллаһ Елшісінің ﷺ былай деп айтқаны жеткізіледі: «***Аллаһтың құлы қабіріне қойылып, оны жерлеген адамдар кетіп, ол олардың аяқ-киімдерінің дыбыстарын естіген кезде, оған екі періште келеді де, оны отырғызып: "Сен бұл адам туралы не айтасың?" — деп сұрайды. Әрі мүмин адам: "Мен оның Аллаһтың құлы әрі елшісі екеніне куәлік беремін", — деп жауап береді. Содан кейін оған: "Аллаһ саған оны Жәннаттағы орынға ауыстырған Оттағы орныңа қара!" — деп айтылады, әрі ол ол екеуін де көреді. Ал екіжүздіге келер болсақ, онда одан: "Сен бұл адам туралы не айтасың?" — деп сұраған кезде, ол: "Білмеймін, мен басқалар айтатын нәрселерді айтатынмын", — деп жауап береді. Сонда олар оған: "Сен білмедің де, оқымадың да", — деп айтып, оны темір балғалармен ұрады, әрі (сонда) оның айқайлайтыны сонша, оның дауысын жындар мен адамдардан басқа айналадылардың барлығы еститін болады***».

Екі «Сахих» жинақтарында Ибн Аббастан, Аллаһ оған және оның әкесіне разы болсын, Пайғамбардың ﷺ бірде екі қабірдің қасынан өтіп бара жатып: «***Расында, олар азапталып жатыр, әрі олар (адамдардың ойынша) үлкен деп саналмайтын күнәлар үшін азапталуда***», — дегені, содан соң: «***Иә, олардың біреуі жала тарататын, ал екіншісі (кіші дірет сындырғанда) зәрінен сақтанбайтын***», — деп жалғастырып, кейін жаңа үзілген құрма ағашының бұтағын алып, оны екіге бөліп, екеуін екі қабірдің үстіне сұғып: «***Бәлкім, осылар құрғап кеткенге дейін оның азапталуларын жеңілдетер***», — дегені жеткізілген.

Пайғамбардың ﷺ сондай-ақ Аллаһқа өзін қабір азабынан құтқаруын сұрап дұға ететіні әрі өзгелерге де осылай істеуді бұйыратыны да хабарланады.

Қабір азабы екі түрлі болады:

1) Адамдар сонымен тұрақты түрде жазаланатын азаптар бар. Бұл туралы Аллаһ Тағала былай деді:

«**…олар соған ертелі-кеш салынатын от**» («Ғафир» сүресі, 46-аят).

2) Ал басқа азаптар белгілі уақыт жалғасып, кейін тоқтайды. Мұндай азаптарға кейбір күнахар мұсылмандар салынады, әрі олардың азаптарының ауырлығы жасаған күнәларының ауырлығына байланысты болады. Кейін олардың басына түскен мүшкілдері жеңілдетіледі, әрі бұған дұғалар немесе олар үшін садақа тарату, немесе осы сияқты істер ықпал етуі мүмкін.

Адасқандардың бір бөлігі адамдардың өз қабірлерінде азапталатынын немесе рахаттанатынын теріске шығаратын. Олардың күмәндары олардың мұны ақыл-ойларымен түсініп елесте алмайтынан туындаған болатын, өйткені олар өлген адамдардың әлдебір нәрселер туралы сұралатынын, немесе азап немесе рахат сезінетінін көрмеген болатын.

Бұған келесідей жауап беруге болады:

1. Біздің бұл туралы бүкіл біліміміздің қайнар көзі Құран мен Сүннет болғандықтан, мұсылман адам бұл хабарлардың барлығын растауы керек, өйткені мұсылмандар дәл осынысымен, яғни ғайыпқа иман келтіріп Аллаһ Елшісінің ﷺ басшылығының арқасында тура жолмен жүретіндігімен басқалардан ерекшеленеді.

2. Арғы дүниеде оның өзіне тән заң-ережелер жүреді, әрі олар туралы бұл дүниедегі біз үшін әдетті болып табылатын

нәрселер арқылы тұжырым жасауға болмайды. Бұл дегеніміз — біздің қайтыс болған адаммен нақты не нәрсе болатынын сезе алмайтынымыз. Біз тек «Аллаһтың құдіреті ұлы, әрі Ол адамдар арғы дүниедегі нәрселерді көре де, ести де алмайтындай етіп үкім етті, өйткені олар мұны көтере алмайтынын, әрі бірін бірі көмуден бас тартуы мүмкін екендігін біледі, әрі бұл — осы арқылы мүминдер басқалардан ерекшеленуі үшін», — деп қана айта аламыз.

3. Адам өз ақылымен барлық нәрсеге жете алмайды. Мысалы, Жәбірейіл (оған Аллаһтың сәлемі болсын) Пайғамбарға ﷺ түсіп, онымен сөйлесетін кезде, олардың қасында болғандар оны көрмейтін әрі естімейтін. Бұдан тыс бүкіл нәрселер Аллаһты пәктеп дәріптейтіні белгілі, бірақ біз бұның дәл қалай орын алатыны туралы тұжырым жасай алмаймыз.

4. Аллаһ Тағала бұл дүниенің өзінде-ақ осыған ұқсас нәрсені көруімізге рұқсат етеді, өйткені адам кейде түсінде ұнамды әрі қуанышты нәрселерді, ал басқа кезде осыған мүлдем қарама-қайшы нәрселерді көруі мүмкін ғой, алайда шын мәнісінде ол өзінің көріп жатқан нәрселерінен өте алыста, өзінің төсегінде ұйықтап жатады, әрі оның көріп жатқан нәрселерін сол мезетте қасында болған басқалар көре алмайды емес пе?

Осы сияқты нәрсені қазіргі заман туындылары туралы да айтуға болады. Біз электр сымдардың ішіндегі құбылыстарды электр қуаты жүріп жатқан жалаң сымды ұстамайынша көре алмаймыз, әрі оған темір затпен және ағаш затпен тиетіннің арасында да айырмашылық бар ғой.

Қайта тірілгеннен кейін орын алатын оқиғалар

Қабірлерден шығу

Исрафил (оған Аллаһтың сәлемі болсын) сүр үрлегеннен кейін адамдар қабірлерінен шыға бастайды. Құранда ол мұны үш рет істейтіні келтірілген.

1. Бірінші рет сүр үрленгеннен кейін барлық жаратылысты қатты қорқыныш билеп алады.

Бірінші сүр үрлеудің дауысы әлемде орнатылған тәртіпті бұзады да, оны істен шығарады.

Аллаһ Тағала былай деді:

«**Сүр үрленген күні Аллаһ қалаған біреулерден басқа, көктерде болғандар да, жерде болғандар да қатты қорқады»** («ән-Нәмл» сүресі, 87-аят).

2. Екінші рет сүр үрленгеннен кейін әлемдегі барлық тірі жан өледі.

Аллаһ Тағала былай деді:

«**Сүр үрленгенде көктердегі жан иелері де, жердегі жан иелері де жығылып өледі. Бірақ Аллаһтың қалағандары қалады»** («әз-Зүмәр» сүресі, 68-аят).

3. Үшінші рет сүр үрленгеннен кейін адамдар қайта тіріліп, қабірлерінен тұрғызылады.

Аллаһ Тағала былай деді:

«**Сосын тағы бір рет Сүр үрленеді де, сонда олар тұрған бойда қарап қалады»** («әз-Зүмәр» сүресі, 68-аят).

Жинау

Адамдар қабірлерінен қандай кейіпте тұрғызылатыны туралы екі «Сахих» жинақтарында Айша (анамыздан, Аллаһ оған разы болсын) келтірілетін хадисте былай деп айтылады: «Мен Аллаһ Елшісінің ﷺ: "***Қиямет Күні адамдар жалаң аяқ, жалаңаш, кестірілмеген күйлерінде жиналады***", — деп айтқанын естідім».

Муслимнің «Сахих» жинағында әл-Миқдад ибн әл-Асуадтан, Аллаһ оған разы болсын, ол Аллаһ Елшісінің ﷺ былай дегенін естігені туралы жетікізіледі: «***Қиямет күні күн адамдарға бір миль қашықтыққа дейін жақындатылады, ал адамдар өздерінің істеген істеріне сәйкес өз терлеріне батып тұратын болады***».

Осындай халде Адам, Нух, Ибраһим, Муса және Иса (оларға Аллаһтың сәлемі болсын) адамдарға шапағат жасаудан бас тартқан соң, оларға Пайғамбар ﷺ шапағат жасайды, әрі осы оған ғана тән болған ең ұлы шапағат пен ең мақтаулы орын болады.

Аллаһтың алдында тұру және есеп-хисап

Аллаһтың алдында тұру дегенде бүкіл адамдардың Аса Құдіретті әрі Ұлы Аллаһтың алдында тұруы меңзеледі.

Аллаһ Тағала былай деді:

«**Олар Раббыңның құзырына қатарланып келтіріледі. Әрі оларға: "Бастапта жаратқанымыздай (кейіпте) келдіңдер…", — деп айтылады**» («әл-Кәһф» сүресі, 48–аят).

Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деді:

«**Сол күні сендер келтірілесіңдер, әрі сендердің ешбір сырларың жасырын болмайды**» («әл-Хаққа» сүресі, 18–аят).

Есеп алу: Аса Құдіретті әрі Ұлы Аллаһ адамдарға олардың ізгі және жаман істері туралы хабарлап, олардың ұмытқан нәрселерін естеріне салады.

Аллаһ Тағала былай деді:

«**…Аллаһ олардың барлығын түгел қайта тірілтетін сол күні оларға істегендері туралы хабарлайды. Аллаһ олардың ұмытқан істерін санап береді…**» («әл-Мужәдәлә» сүресі, 6–аят).

Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деді:

«**Расында, олар Бізге қайтарылады, содан соң, расында, Біз олардан есеп аламыз**» («әл-Ғашия» сүресі, 25-26–аяттар).

Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деді:

«**(Мухаммад) Аллаһ пайғамбарларына берген уәдесінен таяды деп ойлама! Шәксіз, Аллаһ өте Үстем, өш алу күшіне ие. Сол күні жер басқа жерге, көктер де басқаға ауыстырылады. Әрі адамдар Жалғыз, Өктем Аллаһтың құзырына шығарылады. Сол күні күнәкарлардың шынжырларға маталғанын көресің. Олардың көйлектері қара майдан болады да, беттерін от шалады. Расында, Аллаһ тез есептеуші!**» («Ибраһим» сүресі, 47-51–аяттар).

Осы орайда (амал) кітаптары ашылады да, барша адамдар — елшілер де, олардың қауымдарының мүшелері де сұралатын болады.

Аллаһ Тағала былай деді:

«**…Біз елшілер жібергендерді де, елшілердің өздерін де міндетті түрде сұраққа аламыз!**» («әл-Әғраф» сүресі, 6–аят).

Алайда адамдарды сұраққа алып, есепке тарту әртүрлі болады. Мұсылмандарға келер болсақ, онда оларға күнәлары көрсетіледі, олар істеген күнәларын мойындайды, әрі осы күнәлар жасырылатын болады.

Екі «Сахих» жинақтарында Айша (анамыздың, Аллаһ оған разы болсын) былай деп айтқаны жеткізіледі: «Бірде Аллаһтың

Елшісі ﷺ: “***Кім салмақты есепке тартылса, сол азапталатын болады***”, — деді. Сонда мен: “Аллаһ Тағала: “**…оның есебі жеңіл болады**”, — деп айтпады ма”, — деп сұрадым, — ал ол: “***(Есепке) тұру осылай болады!***” — деді».

Екі «Сахих» жинақтарында Ибн Умардан, Аллаһ оған разы болсын, Пайғамбардың ﷺ былай дегені жеткізіледі: «***Қиямет Күні мүмин адам Раббысына жақындатылатыны сонша-лық, ол Оның жабуының астында болады әрі өзінің күнәларын мойындайды. Аллаһ одан: “Сен күналарыңды мойындайсың ба?” — деп сұрайды. Ол: “Иә, уа Раббы, мойындаймын!” — дейді. Сонда Аллаһ: “Расында, Мен сенің (күналарыңды) дүние өмірінде жаптым (жасырдым), әрі бүгін де сені кешірдім!”, — дейді. Содан соң оның игі амалдары жазылған кітабы беріледі. Ал кәпірлер мен екіжүзділерге келер болсақ, онда оларға баршаның алдында: “Бұлар — өздерінің Раббысына өтірік жала жапқандар!” — деп айтылады***».

Мүминдердің арасында есепсіз әрі азапталусыз Жәннатқа кіретіндер де болады, мысалы, екі «Сахих» жинағында Ибн Аббастың сөздерінен жеткізілетін хадисте айтылған жетпіс мың адам.

Ал кәпірлерге келер болсақ, онда олармен есептесу жақсы әрі жаман істері таразыға салынып өлшенетіндердің есебіндей болмайды, өйткені олардың игі амалдары болмайды.

Аллаһ Тағала былай деді:

«**Олар нендей бір іс істеген болса, рас, оны қолға алып, шашылған тозаңға айналдырамыз!**» («әл-Фуркан» сүресі, 23–аят).

Кәпірлермен есептесудің мәні оларға істеген жаман істері көрсетіліп сөгіс білдірілетінінде.

Мизан Таразысы

Бұл таразымен Қиямет Күні Аллаһтың құлдарының істеген іс-амалдарын өлшеу және оларды бір-бірінен ажыратып, сан-мөлшерін анықтау үшін орнатылатын Мизан-Таразы меңзеледі. Есептесу біткен соң амалдарды өлшеу орын алады, өйткені есеп-хисап — істелген амалдарды анықтау үшін, ал өлшеу адамның соларға сәйкес сый немесе жаза алатын өз істеген амалдарының құнын көруі үшін қажет.

Құранда да, Сүннетте де бұл Таразының нақты (әділ) екеніне нұсқаулар көп.

Мысалы, Аллаһ Тағала былай деді:

«**Қиямет күні, туралық Таразысын қоямыз. Сонда ешкім әділетсіздікке ұшырамайды. Егер бір ұрық түйірінің салмағындай болса да, оны әкелеміз. Есеп көруде жеткіліктіміз**» («әл-Әнбия» сүресі, 47–аят).

Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деді:

«**Міне, сонда кімнің таразысы ауыр тартса, сол разы болатын бір тіршілікте болады. Ал енді кімнің таразысы жеңіл тартса, онда оның орны шыңырау болады**» («әл-Қариға» сүресі, 6-11 - аяттар).

Имам әл-Бухаридің «Сахих» жинағында Абу Хурайрадан, Аллаһ оған разы болсын, Пайғамбарымыздың ﷺ былай деген хадисі жеткізіледі: «***Тілге жеңіл, бірақ Мизанда (Таразыда) ауыр әрі Аса Мейірімдіге сүйікті екі сөз бар — “Субхана-Ллаһи әл-Ғазым, субхана-Ллаһи уа би хамди-hи!” (Ұлы Аллаһ (бүкіл кемшіліктен) пәк, Аллаһ пәк және бүкіл мақтау Оған тән!)***».

Іс-амалдар жазылған кітаптар

Есеп-хисап аяқталып, амалдар Таразыда өлшенгеннен кейін әрбір адам өзінің істеген істерінің жазуын алады да, ондағы жазылғанды оқитын болады. Әрі сол кезде адамдардың арасында осы жазулары оң қолдарына берілетіндер болады, ал басқаларына жазулары сол қолдарына беріледі, ал тағы біреулерге олар арқа жағынан берілетін болады.

Аллаһ Тағала былай деді:

«**Сонда кімнің кітабы оңынан берілсе, сол: “Келіңдер, кітабымды оқыңдар! Расында, мен осы есепке кездесетінімді ойлап ем!”, — дейді. Сонда ол қуанышты тіршілікте, (Жәннаттың) биік бағында болады, оның жемістері салбырап тұрады. (Оларға): “Өткен күндерде істеген амалдарың үшін ішіңдер, жеңдер, сіңімді болсын”, — (делінеді.) Ал енді кімнің кітабы солынан берілсе: “Әттеген-ай! Кітабым берілмесе еді! Есебімнің не екенін білмесем екен! Әттең! Іс бітіп кеткен болса еді (қайта тірілмеген болсам еді). Малым маған еш пайда бермеді. Күш-қуатым да жойылып кетті”, — дейді**» («әл-Хаққа» сүресі, 19–29-аяттар).

Сырат көпір

Осылай деп Тозақтың үстінен өтетін, одан әуелгілер де, ақырғылар да түгелімен өткізілетін, әрі оны өте алған адам оттан құтылатын көпір аталады. Адамдар оның үстінен есеп-хисап орнынан кеткен соң ғана өтетін болады. Мүминдер одан өтіп кетеді де, Тозақтан аман қалады, ал кімге Тозақ әзірленген болса, сол осы көпірден түсіп кетеді.

Аллаһ Тағала былай деді:

«**Сендерден Тозаққа келмейтін (Сыраттан өтпейтін) ешкім болмайды. (Бұл) Раббыңның кесімді шешімі. Сосын Біз**

тақуа болғандарды құтқарамыз да, залымдарды (Тозақта) жүгіндіріп (тізерлетіп) қоямыз» («Мәриям» сүресі, 71-72–аяттар).

Екі «Сахих» жинақтарында Абу Хурайраның, Аллаһ оған разы болсын, былай деп баяндағаны жеткізіледі: «Бірде адамдар: "Уа Аллаһтың Елшісі, біз Қиямет Күні Раббымызды көре аламыз ба?" — деп сұрады». Әрі осы хадисте Пайғамбарымыздың ﷺ былай дегені жеткізіледі: «***Тозақтың үстінен көпір орнатылады, әрі оның үстінен ең бірінші болып мен және менің умметімнің мүшелері өтетін боламыз. Сол күні елшілерден басқа ешкім бірде-бір сөз айтпайды, ал елшілер болса тек: "Уа Аллаһ! Құтқар, құтқар!" — деп дұға етіп жалбарынады. Ал Тозақта "сағдан" (ағашының) тікендері сияқты ілмектер болады***».

Муслимнің «Сахих» жинағында Абу Сағид әл-Худриден, Аллаһ оған разы болсын, Аллаһ Елшісінің ﷺ былай деп айтқаны жеткізіледі: «***Ал содан кейін Тозақтың үстінен көпір орнатылады, әрі шапағат жасау рұқсат етіледі, және адамдар: "Уа Аллаһ, құтқар!" — деп айта бастайды***». Сонда адамдар одан: «Уа Аллаһтың елшісі, бұл нендей көпір?» — деп сұрады, әрі ол: «***Мүминдердің бір бөлігі одан назардың жылдамдығымен өтіп кетеді, басқалары найзағай жарқылындай, кейінгілері жел сияқты, содан кейінгілері жүйрік сәйгүлік ат сияқты өтетін болады. Әрі мұсылман адам (қалай болғанда да) құтылады, ал кімді бұл ілмектер іліп алса, сол Тозақ отына түсіп кетеді***».

Көпір

Мүминдер Сырат көпірінен өтіп, Оттан құтылған соң, Жәннатқа кірулерінен бұрын Жәннат пен Тозақтың арасында орнатылған басқа бір көпірдің үстінде тоқтатылады. Бұл жәбірленгендер жәбірлеушілерге олар бұл дүниеде істеген жәбірлеулері

үшін тең мөлшерде жазасын берулері үшін жасалады, ал олар есептесіп болған соң, оларға Жәннатқа кіру рұқсат етіледі.

Абу Сағид әл-Худри, Аллаһ оған разы болсын, Аллаһ Елшісінің ﷺ былай дегенін жеткізген: «***Мүминдер Оттан құтқарылып, Жәннат пен Тозақтың арасына орнатылған көпірдің үстінде тоқтатылады. Онда жәбірленгендер жәбірлеушілерге олар өздеріне бұл дүниеде істеген жәбірлеулері үшін тең мөлшерде жазасын бере алатын болады. Ал олар (әділетсіздіктерінен) тазарған соң, оларға Жәннатқа кіру рұқсат етіледі. Әрі мен Мухаммадтың жаны Қолында болған (Аллаһпен) ант етемін, олардың әрбірі өзінің Жәннаттағы орнына барар жолды бұл дүниедегі өз үйіне барар жолдан жеңілірек тауып алатын болады!***» Бұл хадисті Бухари келтіреді.

Бұл көпірдің қандай көпір болатыны туралы тәпсіршілердің арасында белгілі пікір келіспеушіліктері бар. Мысалы, олардың біреулері оны Сырат көпірінің Жәннатқа қосылып кететін аяқ жағы деп, ал басқалары оны бөлек көпір деп айтқан.

Су айдыны

Бұл жерде Пайғамбарымыздың ﷺ су айдыны туралы сөз болуда.

Бухари мен Муслимнің «Сахих» жинақтарында Абдуллаһ ибн Амр ибн әл-Астан, Аллаһ оған разы болсын, Пайғамбардың ﷺ былай деп айтқаны жеткізілген: «***Менің Су айдынымды айналып өту үшін бір ай уақыт керек, оның бұрыштары өзара тең, суы сүттен ақ, хош иісі мисктен де жағымдырақ, ал оның бойында тұрған құмыралар аспандағы жұлдыздар сияқты (өте көп), әрі одан бір рет болса да су ішкен адам ешқашан шөлдемейтін болады***».

Екі «Сахих» жинақтарында да, басқа жинақтарда да бұл Су айдыны туралы айтылған хадистер өте көп.

Жәннат пен Тозақ

Жәннат пен Тозақ — бұл адамдардың Ақырет өмірінде мекендейтін әрі Аллаһ Тағала өз құлдарына олардың істеген іс-амалдары үшін сый немесе жаза етіп дайындаған екі мекен болып табылады.

Жәннат — рахат пен ләззат мекені, әрі Аллаһқа жақындаған, Аллаһқа, Оның Елшісіне, оның алып келген нәрселерге иман келтіріп, Аллаһ пен Оның Елшісіне мойынсұнған, тек жалғыз Аллаһқа ғана шынайы ықыласпен құлшылық еткен әрі Оның Елшісіне ﷺ ерген мүминдерге қатысты жасалған Аллаһтың шексіз жомарттығының көрінісі болып табылады.

Аллаһ Тағала былай деді:

«**Күдіксіз, сондай иман келтіріп, түзу іс істегендер; міне, солар, жаратылғандардың ең жақсысы. Олардың Раббыларының қасындағы сыйлықтары — астарынан өзендер ағатын Ғадын жаннаттары. Олар онда мәңгі қалады. Аллаһ олардан разы, олар Аллаһтан разы. Осы — Раббысынан қорыққандар үшін**» («әл-Бәйина» сүресі, 7-8-аяттар).

Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деді:

«**Раббыларыңның жарылқауына және тақуалар үшін әзірленген кеңдігі жер мен көктей Жәннатқа жарысыңдар**» («Әли Имран» сүресі, 133-аят).

Жәннатта ізгілерді бұл дүниеде ешқандай көз көрмеген, ешқандай құлақ естімеген әрі ешкімнің ойына да кіріп шықпаған рахаттар күтуде.

Аллаһ Тағала былай деді:

«**Ешкім оларға (мүминдерге) олардың істегендері үшін сый ретінде берілетін көздің ләззаттарынан болған нәрселерді білмейді**» («әс-Сәжда» сүресі, 17–аят).

Ал Жәннатқа кіргендер үшін ең ұлы ләззат олардың өз Раббысын өз көздерімен көрулері болмақ. Бұл туралы Аллаһ Тағала былай деген:

«**Сол күні жүздер жарқырайды әрі Раббысына қарап тұрады**» («әл-Қияма» сүресі, 22-23–аяттар).

Тура осы нәрселер басқа хадистерде де айтылады.

Ал Тозаққа келер болсақ, ол Аллаһ Өзіне иман келтірмеген және Оның Елшілеріне мойынсұнбаған кәпірлерге әзірленген азап пен қорлық мекені.

Аллаһ Тағала былай деді:

«**Әрі кәпірлерге әзірленген Оттан қорқыңдар**» («Әли Имран» сүресі, 131–аят).

Тозақта күнәхарлар көптеген жазалар мен азаптауларға тартылатын болады.

Аллаһ Тағала былай деді:

«**Расында Біз залымдар үшін дуалдары қоршап алатын Тозақ отын әзірледік. Егер олар су сұрап жалбарынса, оларға еріген кен тәрізді беттерді қуыратын бір су беріледі. Нендей жаман сусын, әрі нендей жаман орын!**» («әл-Кәһф» сүресі, 29–аят).

Құранның көптеген аяттарында және хадистерде Жәннат пен Тозақтың сүреттемелері келтіріледі әрі олардың жаратылып қойылғандығы және осы кезде бар екендігі туралы айтылады. Оларда сондай-ақ Жәннатқа немесе Тозаққа түсетіндерді күтіп тұрған ұлы ләззат немесе ұлы азап туралы да баяндалады.

Жәннат та, Тозақта мәңгілікке қалады әрі ешқашан жойылмайды.

Аллаһ Тағала Жәннат туралы былай деді:

«**…оның жемістері мен көлеңкесі тұрақты (жойылмайды)**» («әр-Рағд» сүресі, 35–аят).

Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деді:

«**Расында, — бұл бізге берілген несібе, әрі ол таусылмайды**» («Сад» сүресі, 54–аят).

Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деді:

«**…олар онда мәңгі қалады**» («әл-Бәйина» сүресі, 8–аят).

Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деді:

«**Олар онда бірінші өлімнен басқа өлімнің дәмін татпайды**» («ад-Духан» сүресі, 56–аят).

Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деді:

«**…олар ол жерден шығарылмайды**» («әл-Хижр» сүресі, 48–аят).

Ал Тозақ туралы Аллаһ Тағала былай деді:

«**Олар оттан шыққысы келеді, бірақ одан шықпайды әрі олар үшін мәңгі азап бар**» («әл-Мәида» сүресі, 37–аят).

Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деді:

«**Оларға өлім үкімі берілмейді әрі олардың үстінен азап та жеңілдетілмейді**» («әл-Фатыр» сүресі, 36–аят).

Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деді:

«**…олар онда мәңгі болады**» («ән-Ниса» сүресі, 169–аят).

Шапағат

Пайғамбарымыз Мухаммад ﷺ Жәннаттың қақпаларының ашылуын сұрайтындардың ең біріншісі, ал оның үмметі Жәннатқа кіретіндердің ең алғашқылары болады.

Тек біздің Пайғамбар ғана ﷺ Аллаһтан мүминдердің Жәннатқа кіргізілуін сұрап шапағат жасайтын болады, әрі өздерінің тағдырының шешілуін күтіп тұрған адамдардың үкімін

шығаруын сұрап ұлы шапағат жасайды, сондай-ақ көкесі Абу Талибтың азабын жеңілдетуін сұрап шапағат етеді, әрі осының барлығы тек біздің Пайғамбарымызға ғана ﷺ рұқсат етілетін болады.

Ал басқа шапағаттарға келер болсақ, онда басқа пайғамбарларға, періштелерге және мүминдерге Аллаһ Тағаланың алдында солармен шапағат етуге рұқсат етілетін болады. Осындай шапағат жасаулардың қатарында келесілерді атап айтуға болады.

1. Тозақтық жазаға лайық болған күнәхар бірқұдайшылдардың Тозаққа түспеуін сұрап шапағат жасау.

2. Тозаққа түскен осындай күнәхарларды одан шығаруды сұрап шапағат жасау.

3. Жәннатқа кіргендердің кейбірінің ондағы дәрежесін жоғарылатуды сұрап шапағат жасау.

Мұнда шапағаттардың нәтижелі болуы екі жағдайға байланысты болады:

1. Аллаһ Тағаланың рұқсат беруі, өйткені Аллаһ Тағала былай деді:

«**Кім оның рұқсатынсыз Оның алдында шапағат жасай алмақ?**» («әл-Бақара» сүресі, 255-аят).

2. Шапағат жасалатын адамға Аллаһтың разы болуы.

Аллаһ Тағала былай деді:

«**Олар тек Аллаһ разы болғандарға ғана шапағат ете алады...**» («әл-Әнбия» сүресі, 28-аят).

Арғы дүниеде, нақты айтқанда адамның өлімі мен Қиямет Күнінің аралығында, Қиямет Күні, Жәннатта және Тозақта не орын алатыны туралы біз тек Құран мен Сүннеттен ғана біле аламыз, әрі мұның барлық егжей-тегжейліктері әрі нақты қалай көрініс табатыны туралы білмесек те, бұған иман келтіреміз.

Жақсы мен жаманның тағдырға жазылғандығы туралы

Тағдыр — бұл Аллаһтың бүкіл нәрсе үшін алдын ала бекітіп қойғаны. Құранда да, Сүннетте де тағдырдың бар екеніне және оған иман келтіру міндетті екеніне нұсқаулар өте көп. Мысалы, Аллаһ Тағала былай деді:

«**Біз әрбір нәрсені тағдырмен жараттық**» («әл-Қамар» сүресі, 49–аят).

Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деді:

«**Аллаһтың әмірі тағдырмен белгіленіп қойған бір үкім**» («әл-Әхзаб» сүресі, 38–аят).

Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деді:

«**Аллаһтан бұйрықсыз ешбір қайғы-қасірет болмайды. Ал кім Аллаһқа иман келтірсе, Ол оның жүрегін түзейді**» («әт-Тағабун» сүресі, 11–аят).

Муслимнің «Сахих» жинағында бірде Абдуллаһ ибн Умарға, Аллаһ оған разы болсын, білім ізеніп Құранды оқитын әрі болып жатқан оқиғалардың тағдырға жазылғанын теріске шығаратын бір топ адамдар туралы айтылғаны туралы жеткізілген. Сонда ол осыны айтқан кісілерге: «Оларды кездестірсең, менің оларға, ал олардың маған ешқандай қатысымыз жоқ екенін айт, әрі оларға Абдуллаһ ибн Умар: «Аллаһпен ант етімін! Олардың кез-келгені игі істер жасау үшін Ухуд тауындай алтын жұмсаса да, олар тағдырға иман келтіргендеріне дейін Аллаһ олардан әсте қабыл етпейді!», — деп айтты деңдер», — деді де, содан соң ол осы адамға өз әкесі Умар ибн әл-Хаттабтың, Аллаһ оған разы болсын, Аллаһ Елшісінен ﷺ естіген Жәбірейіл туралы хадисті айтып берді.

Муслимнің «Сахих» жинағында Таус ибн Қайсанның былай деп айтқан хадисі жеткізілген: «Мен Аллаһ Елшісінің ﷺ сахабаларынан болған адамдарды көріп үлгердім, әрі олар: “Бүкіл нәрсе тағдырға жазылған”, — деп айтатын».

Таус Абдуллаһ ибн Умардың, Аллаһ оған разы болсын, былай деп айтқанын естігенін жеткізген: «Аллаһтың Елшісі ﷺ былай деді: “***Барлық нәрсе, соның ішінде шамасыздық пен белсеңділік те, белсеңділік пен шамасыздық та тағдырға бекітілген (жазылған)***”».

Муслимнің «Сахих» жинағында Абу Хурайрадан, Аллаһ оған разы болсын, Аллаһ Елшісінің ﷺ былай дегені жеткізіледі: «***Күшті мумин Аллаһтың алдында әлсіз муминнен жақсырақ әрі Ол үшін сүйіктірек, алайда олардың екеуінде де игілік бар. Өзіңе пайдалы болған нәрсеге ұмтыл, Аллаһтан көмек сұра әрі екі қолыңды салбыратып түсірме (кейіме). Ал егер басыңа әлдебір нәрсе түсіп жатса: “Егер мен пәлен және пәлен нәрселерді істегенімде ғой”, — деп айтпа, алайда: “Бұны Аллаһ тағдыр етті, әрі ол қалағанын істеді”, —***

де. Өйткені, бұл "егер" (деген сөз) шайтанға оның істеріне жол ашады!».

Тағдырға деген иманның құрамдас бөліктері

Біріншісі: Аллаһтың білімі бүкіл нәрсені түгел қамтитынына, яғни Аллаһ Тағала барлық адам туралы Ол оларды жаратудан бұрын-ақ білгеніне, әрі Ол олардың барлық іс-амалдарын, ризығын, әрбірінің өмір мерзімін, олардың игі істері мен күнәларын, әрі басқа да сол сияқты нәрселердің барлығын алдын ала білгеніне деген иман.

Екіншісі: Аллаһ осының барлығын Сақтаулы Тақтада (Ләух әл-Махфузда) жазып қойғанына иман келтіру.

Осы екі құрамдас бөлікке деген нұсқау Аллаһ Тағаланың мына сөздерінде келген:

«**Аллаһтың жер мен көктердегі нәрселерді білетінін білмейсің бе? Шәксіз, бұлар Кітапта жазулы. Күдіксіз, бұл Аллаһқа оңай**» («әл-Хаж» сүресі, 70–аят).

Муслимнің «Сахих» жинағында Абдуллаһ ибн Амр ибн әл-Астың, Аллаһ оған және оның әкесіне разы болсын, былай дегені жеткізілген: «Мен Аллаһ Елшісінің ﷺ былай дегенін естідім: "***Аллаһ Тағала бүкіл жаратылған нәрселердің тағдырын көк пен жерді жаратудан елу мың жыл бұрын жазып қойды. Әрі сол кезде Оның Аршысы судың үстінде болатын***"».

Аллаһтың білімімен толық сәйкес келетін бұл тағдыр тұтас барлық нәрсені де, оның бөліктерін де қамтиды. Оның біріншісіне қатысты айтар болсақ, бұл Сақтаулы Тақтада жазылып

қойылған бүкіл жаратылыстың жалпы тағдыры. Ал екіншісі — төмендегі үш уақыт мерзімдеріне қатысты:

1. Өмірлік тағдыр

Екі «Сахих» жинақтарында Абдуллаһ ибн Масғудтың, Аллаһ оған разы болсын, сөздерінен Аллаһ Елшісінің ﷺ: «***Шын мәнінде, сендердің әрқайсыларың өз аналарының құрсағында қырық күн бойы ұрықтың тамшысы түрінде қалыптасады. Содан соң ол сонша уақыт ұйыған қан сияқты және тағы да сонша уақыт бір тістем ет тәрізді болады. Одан кейін періште жіберіледі де, оған үрлеп жан ендіреді, әрі ол (періште) төрт нәрсені: оның ризық-несібесін, ажалын, амалдарын және оның бақытты немесе бақытсыз болатындығын жазуға бұйрық алады***». Бұл хадисті әл-Бухари жеткізген.

2. Келесі жылда орын алатын нәрселердің тағдырға бекітілуі

Қадір түнінде келесі жылы орын алатын нәрселердің барлығы тағдырға бекітіледі.

Аллаһ Тағала былай деді:

«**Бұл түні әрбір хикметті (дана) іс шешіледі**» («әд-Духан» сүресі, 4-аят).

3. Тәулік барысында орын алатын әрі өмір мен өлімге, көтеру мен төмендетуге қатысты т.с.с. нәрселерді алдын ала тағдырға бекіту

Аллаһ Тағала былай деді:

«**…Ол әр күні іспен шұғылдануда**» («әл-Рахман» сүресі, 29-аят).

Үшінші: Аллаһтың қалауы әрқашан орындалатынына, Оның Құдіретінің шексіз екеніне, тек Аллаһ қалаған нәрсе ғана болатынына әрі ол қаламаған нәрсе ешқашан болмайтынына, көктер мен жердегі нәрселер тек Оның қалауымен орын алатынына немесе орын алмайтынына, әрі Оның иелігінде ешбір

нәрсе Оның қалауына қарама-қайшы болмайтынына, әрі ол барлық нәрсені істей алатынына иман келтіру.

Аллаһ Тағала былай деді:

«**Раббың қалаған нәрсесін жаратады және таңдайды…**» («әл-Қасас» сүресі, 68–аят).

Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деді:

«**Расында, Раббың қалағанын істейді**» («Һуд» сүресі, 107–аят).

Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деді:

«**Расында, Аллаһ барлық нәрсеге құдіретті**» («әл-Бақара» сүресі, 20–аят).

Осы орайда Аллаһтың қалауы екі түрлі болады:

1. Жалпы болмысқа және тағдырға қатысты, бірақ Оның жақсы көруімен және разы болуымен байланысты емес қалау. Бұл туралы Аллаһ Тағала былай деді:

«**Аллаһ кімді тура жолға салуды қаласа, оның көкірегін Ислам үшін ашады. Ал енді біреуді адастырғысы келсе, оның көкірегін көкке көтеріліп бара жатқандай қысып тарайтады**» («әл-Әнғам» сүресі, 125–аят).

2. Дін мен діни заңға (шариғатқа) қатысты қалау. Мұндай қалау өзінің құрамына жақсы көру мен разы болудың элементтерін қамтиды. Бұған Аллаһ Тағаланың келесі сөздері нұсқайды:

«**Аллаһ сендерге жеңілдік қалайды, әрі Ол сендерге ауыртпалықты қаламайды…**» («әл-Бақара» сүресі, 185–аят).

Ал бұл өз кезегінде егер Аллаһқа мойынсұнушылықпен байланысты нәрсе орын алып жатса, онда бұны Аллаһ бірінші аталған мағынадағы (болмыстық) қалауымен қалады, яғни бұны тағдырға жазып, осының орын алуын қалады, әрі осыны екінші мағынадағы (шариғи) қалаумен де қалады, яғни осыны жақсы көреді әрі ұнатады дегенді білдіреді. Ал енді мойынсұн-

баушылық (күнә) болып табылатын әлдебір нәрсе орын алып жатса, онда Аллаһ мұны бірінші мағынадағы (болмыстық) қалауымен қалады, бірақ екінші мағынадағы (шариғи) қалауымен қаламайды, яғни мұны жек көреді әрі бұған разы болмайды дегенді білдіреді.

Төртіншісі: Аллаһ Тағала Жаратушы екеніне, ал қалған нәрселердің барлығы Оның жаратқан жаратылыстары болып табылатынына, әрі соның ішінде жаратылыстардың барлық іс-әрекеттерін де, олардың әрекетсіздіктерін де Одан басқа ешкім жаратпағанына, әрі осының Аллаһтан басқа жаратушысы да, раббысы да жоқ екеніне иман келтіру.

Аллаһ Тағала былай деді:

«**Аллаһ — барлық нәрсенің Жаратушысы әрі Ол барлық нәрсенің Қамқоршысы**» («әз-Зүмәр» сүресі, 62–аят).

Аллаһ Тағала Өзінің пайғамбары Ибраһимнің (оған Аллаһтың сәлемі болсын) өз руластарына былай деп айтқанын хабарлады:

«**Аллаһ сендерді де, сендердің істеп жатқан істеріңді де жаратты**» («әс-Саффат» сүресі, 96–аят).

Аллаһтың құлдары белгілі мүмкіндіктер (шама) мен қалауға ие болғандарындай, іс-әрекет жасауға деген шынайы қабілетке де ие, бірақ олардың өздерінің де, олардың мүмкіндіктерінің де, олардың қалауларының да Жаратушысы Аллаһ болып табылады.

Аллаһ Тағала былай деді:

«**Сендерден тура жолды қалаған кісілер үшін. Бірақ әлемдердің Раббысы Аллаһ қаламайынша, сендер қаламасыңдар**» («әт-Тәкуир» сүресі, 28-29–аяттар).

Осылайша Аллаһ Тағала адамдар қалауға ие екендігін, бірақ ол Аллаһтың қалауымен ғана көрініс табатынына нұсқады.

Аллаһтың құлдары іс-әрекет жасауға деген қабілет пен қалауға ие болғандықтан, әрі оларға елшілер жіберіліп Кітаптар түсірілгендіктен, бұл Аллаһтың оларға Өз дәлелдері мен түсіндірулерін келтіргенін білдіреді, ал бұдан өз кезегінде олар өздерінің істеген іс-амалдары үшін не сый-сауап, не жаза алатыны келіп шығады. Міне, осы себепті де, Аллаһтың құлы Аллаһтың тағдырына иман келтіруі, Оның шариғатына мойынсұнуы және Аллаһтан Ол оны тура жолға салуын тілеуі қажет. Бұдан тыс ол өзіне дүниелік және Ақырет істерінде пайда келтіретін барлық нәрселерге ұмтылуы және зиян тигізетін барлық нәрселерден бас тартуы, және осы орайда Аллаһқа тәуекел етіп, Одан өз қалауына жетуде және шариғат мақұлдамайтын барлық нәрсенің өзінен аулақ етуде көмек пен қолдау көрсетуін сұрауы керек. Әрі егер адам өзі үшін таңдап алған құралдар мен тәсілдер оған пайдалы болса, ол Аллаһқа мақтау айтып, Оған шүкіршілігін білдіруі керек, ал егер бұл оған пайда келтірмесе, ол тыныштық пен байсалдылық, сабырлық сақтауы керек, өйткені ол өзінің шамасы жеткенді істеді, әрі Аллаһтың сый-сауабына үміт етуге және Аллаһтан осының орнына бұдан қайырлысын беруін сұрауға тиісті.

Аллаһ Тағала былай деді:

«**Аллаһ ешкімге шамасы келмейтін міндетті жүктемейді; істеген жақсылығы — өз пайдасына, әрі жамандығы да — өз зиянына**» («әл-Бақара» сүресі, 286-аят).

Аллаһтың Елшісі ﷺ былай деді: «***Амал жасаңдар, өйткені әркімге Аллаһ оны не үшін жаратқан болса, соған жету жеңілдетіледі***». Бұл хадисті Бухари мен Муслим Али ибн Абу Талибтің сөздерінен келтірген.

Пайғамбардың ﷺ сондай-ақ былай дегені де жеткізіледі: «***Мүминнің жағдайы нендей ғажап! Расында, оның жағдайындағы бүкіл нәрсе ол үшін игілік болып табылады, әрі бұл мүминнен басқа ешкімге берілмеген. Мүминге әлдебір***

қуаныш келіп жатса, ол Аллаһқа шүкіршілік білдіреді де, бұл ол үшін игілікке айналады, ал егер оған қайғы-қасірет келіп тисе, ол сабыр етеді, әрі бұл да ол үшін игілікке айналады!». Бұл хадисті Муслим келтірген.

Мазмұн

Кіріспе 3

Дін — бұл Аллаһқа құлшылық ету ережелерінің жиынтығы **3**

Жүректің іс-амалдары — ғибадаттың негізі **8**

Жүректің іс-амалдарының түрлері **10**

Аллаһқа деген иман 19

Раббылықтағы бірқұдайшылық (таухид әр-рубубийя) **22**

Құдайлық есімдер мен сипаттарға ие болудағы бірқұдайшылық (таухид әл-әсма уа әс-сыфат) **27**

Құдайлық болмыстағы бірқұдайшылық (таухид әл-улуһийя) **43**

«Лә иләһа иллә-ллаһ» куәлік сөздері **48**

«Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ» куәлігінің шарттары **49**

Ғибадаттың рүкіндері (тіректері) **55**

Көпқұдайшылық, күпірлік, екіжүзділік **59**

Періштелерге деген иман 70

Періштелердің санаттары туралы **73**

Кітаптарға деген иман 76

Елшілерге деген иман 78

Берік қайраттылық иелері (Улул-ғазм) **80**

Пайғамбарымыз Мухаммадтың елшілігінің баршаға жаппай ортақ екендігі **81**

Мухаммад — соңғы пайғамбар **84**

Ақырет күніне деген иман 87

Бұл Сағаттың басталуы туралы **93**

Өлім және қабірде орын алатын оқиғалар **95**

Қайта тірілгеннен кейін орын алатын оқиғалар **104**

Жақсы мен жаманның тағдырға жазылғандығы туралы 116

Тағдырға деген иманның құрамдас бөліктері **118**